ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 11 ақпан №49 Астана, Үкімет Үйі

Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің шығындарын өтеудің кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 73-бабының 5 және 7-тармақтарына, 77-бабының 4-тармағына және 78-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидалары;

2) Қызмет бойынша ауысқан кезде және қызметтен шығарылғанда арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жеке мүліктерінің 10 тоннаға дейінгі көлемін тасымалдауға кеткен шығындарын өтеу қағидалары;

3) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы (әскери) оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидалары;

4) Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1299 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 74, 1082-құжат);

2) «Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазанда № 1299 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 31 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., № 3, 15-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы №49 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 73-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) (бұдан әрі – қызметкерлер) шығындарын (бұдан әрі – шығындар) өтеу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қызметкерлердің шығындарын өтеу тәртібі

2. Қызметкерлерге шығындар:

1) медициналық айғақтар бойынша стационарда емделуге жол жүру және кері қайту;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берілген жолдама негізінде медициналық тексеруге (куәландыруға) жол жүру және кері қайту;

3) қызметі бойынша ауысу;

4) Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11) – 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, қызметтен шығарылу кезінде өтеледі.

3. Қызметкерлерге шығындарды өтеу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормаларға сәйкес жүргізіледі.

Болған оқиғаның фактісі бойынша Қағидалардың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда қызметкерлерге шығындарды өтеуді қызметкерлер штатында немесе қарамағында болатын арнаулы мемлекеттік органның мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) жүзеге асырады.

Қызметкер қызметтен шығарылған жағдайда шығындарды өтеуді:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан шығарылған қызметкерлерге – таңдаған тұрғылықты жері бойынша аумақтық орган;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған қызметкерлерге – шығарылғанға дейін өздері штатта тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;

Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінен шығарылған қызметкерлерге – шығарылғанға дейін өздері штатта тұрған Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі жүргізеді.

4. Қызметкердің қызмет орнынан немесе тұрғылықты жерінен оқиға өтетін жерге дейін және кері қайту жолы ұсынылған жол жүру құжаттарының негізінде төленуге тиіс.

5. Көлік уақтылы келмеген немесе жөнелтілмеген жағдайда, қызметкер жолаушының өтінішімен тасымалдаушы беретін көліктің кешіккені туралы куәландыратын құжатты көрсетеді.

6. Қызметкерге шығындарды өтеуді жүзеге асыру үшін оқиға аяқталғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде мекемеге Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мынадай құжаттар ұсынылады:

1) қызметкерлер үшін – Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін – Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) қажет болған жағдайда – Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық емделуге не медициналық тексерілуге (куәландыруға) жіберу үшін медициналық көрсеткіштерінің бар екендігі туралы көрсете отырып, қабылданған стационарлық емі не медициналық тексерілу (куәландыру) туралы әскери-дәрігерлік комиссияның (сараптаманың) анықтамасы;

4) жол жүру құжаттары;

5) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін жеке басын куәландыратын құжаттың, сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банк құжаттарының көшірмелері;

6) қажет болған жағдайда – Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттар.

7. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкеріне шығындарды өтеген жағдайда қызметтен шығарылған кезде тұрғылықты жері бойынша қызметкер таңдаған аумақтық орган қызметкердің қызмет өткеру орны бойынша мекемеден оның қызметтен шығарылғаны туралы бұйрықтан үзіндіні сұратады.

8. Шығындарды өтеу Қағидалардың 6-тармағында белгіленген құжаттар ұсынылған кезде:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болған кезде – ақшалай үлесті бір уақытта төлеумен;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болмаған кезде – міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)

Шығындарды өтеуге арналған баянат

Сізден _____
_____
(оқиғаның түрі мен оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)

_____ маған жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын.

Баянатқа мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
...
_____ _____
(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса) қолы

_____жылғы «_____» _____
(жылы) (күні) (айы)

Бастық: _____ _____ _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)

Кімнен: _____,
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
_____ тұратын
тел. _____

Шығындарды өтеуге арналған өтініш

Сізден _____ жол
(оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)
жүргенім үшін шығындарды өтеуді сұраймын.
Тиесілі соманы _____
_____ аударуды сұраймын
_____ банктің № _____ филиалы
Дербес немесе карт-шот _____
Алушының ЖСН _____
Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
...
____ жылғы «____» _____

Өтініш беруші _____ _____ _____
(күні) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Бастық: _____ _____ _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидаларына 3-қосымша

Анықтама

_____ берілді,
(атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
оған _____
(емдеу мекемесі және оның орналасқан жері көрсетіледі)
_____
(медициналық айғақтары көрсетіледі)
_____ медициналық айғақтары бойынша
_____ жылғы «____» _____ _____
жылғы «____» _____ аралығында
_____ көрсетілді.
(медициналық қызметтің түрі көрсетіледі)

Анықтама Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру шығындарын өтеу үшін берілді.

М.О.

Әскери-дәрігерлік комиссияның (сараптаманың) Төрағасы _____ _____
(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы №49 қаулысымен бекітілген

Қызмет бойынша ауысқан кезде және қызметтен шығарылғанда арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жеке мүліктерінің 10 тоннаға дейінгі көлемін тасымалдауға кеткен шығындарын өтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қызмет бойынша ауысқан кезде және қызметтен шығарылғанда арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жеке мүліктерінің 10 тоннаға дейінгі көлемін тасымалдауға кеткен шығындарын өтеу қағидалары «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 73-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және қызмет бойынша ауысқан кезде және қызметтен шығарылғанда арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) (бұдан әрі – қызметкерлер) жеке мүліктерінің 10 тоннаға дейінгі көлемін тасымалдауға кеткен шығындарын (бұдан әрі – шығындар) өтеу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қызметкерлердің шығындарын өтеу тәртібі

2. Қызметкерлер қызметі бойынша ауысқан кезде, сондай-ақ қызметтен шығарылғанда Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11) – 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, оған бұрынғы қызмет орнынан (тұрғылықты) жаңа қызмет орнына (тұрғылықты) жеке мүліктерінің 10 тоннаға дейінгі көлемін тасымалдауға кеткен шығындары өтеледі.

3. Қызметкерлер қызметі бойынша ауысқан кезде шығындарды өтеуді қызметкер қызметін одан әрі өткеру үшін келген арнаулы мемлекеттік органның мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) жүргізеді.

Қызметкер қызметтен шығарылған жағдайда шығындарын өтеуді:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан шығарылған қызметкерлерге – таңдаған тұрғылықты жері бойынша аумақтық орган;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған қызметкерлерге – шығарылғанға дейін өздері штатта тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;

Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінен шығарылған қызметкерлерге – шығарылғанға дейін өздері штатта тұрған Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі жүргізеді.

4. Қызметкерлерге шығындарды өтеу баянаттың немесе өтініштің және жүктерді жөнелту және жеткізу құжаттарын ресімдеу бойынша жұмсалған шығыстарды растайтын ұсынылған құжаттардың негізінде жүргізіледі.

5. Шығындарды өтеуді жүзеге асыру үшін қызметкер Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мекемеге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қызметкерлер үшін – Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін – Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін – жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банк құжаттарының көшірмелері.

Автомобиль көлігімен тасымалдаған кезде баянатқа немесе өтінішке мынадай растайтын құжаттар қоса ұсынылады:

фискалдық чек;

кіріс-касса ордеріне түбіртек;

шот-фактура;

орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі;

жөнелту және келу орын, жүк көлемі мен тасымалданатын мүлік тізімдемесін көрсете отырып, жеке мүлікті тасымалдауды көздейтін шарт;

жүк тасымалдауды жүзеге асыратын адамның құқығын растайтын құжаттар (патент, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, кәсіпкерлік қызметтің түрі туралы анықтама).

Теміржол көлігімен тасымалдау кезінде баянатқа немесе өтінішке мынадай растайтын құжаттар қоса беріледі:

фискалдық чек;

кіріс-касса ордеріне түбіртек;

шот-фактура;

орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі;

жүктерді тасымалдау жүккұжаты;

тасымалданатын жеке мүліктің тізімдемесі.

6. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкеріне шығындарды өтеген жағдайда қызметтен шығарылған кезде тұрғылықты жері бойынша қызметкер таңдаған аумақтық орган қызметкердің қызмет өткеру орны бойынша мекемеден оның қызметтен шығарылғаны туралы бұйрықтан үзіндіні сұратады.

7. Шығындарды өтеу Қағидалардың 5-тармағында белгіленген құжаттар ұсынылған кезде:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болған кезде – ақшалай үлесті бір уақытта төлеумен;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болмаған кезде – міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Қызмет бойынша ауысқан кезде және қызметтен шығарылғанда арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жеке мүліктерінің 10 тоннаға дейінгі көлемін тасымалдауға кеткен шығындарын өтеу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)

Шығындарды өтеуге баянат

Сізден _____
_____
(оқиғаның түрі мен оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)

_____ маған жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын.

Баянатқа мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. _____

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)

Кімнен: _____,
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
_____ тұратын
тел. _____

Шығындарды өтеуге арналған өтініш

Сізден _____ жол
(оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)
жүргенім үшін шығындарды өтеуді сұраймын.

Тиесілі соманы _____
_____ аударуды сұраймын
_____ банктің № _____ филиалы
Дербес немесе карт-шот _____
Алушының ЖСН _____
Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
...
____ жылғы «____» _____
(күні)
Өтініш беруші _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Бастық: _____ _____ _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы (әскери) оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)

Кімнен: _____,
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
_____ тұратын
тел. _____

Шығындарды өтеуге арналған өтініш

Сізден _____ жол
(оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)
жүргенім үшін шығындарды өтеуді сұраймын.

Тиесілі соманы _____
_____ аударуды сұраймын
_____ банктің № _____ филиалы
Дербес немесе карт-шот _____
Алушының ЖСН _____
Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
...
____ жылғы «____» _____
(күні)
Өтініш беруші _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Бастық: _____ _____ _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы (әскери) оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Анықтама

_____ берілді,
(атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

оған _____
(емдеу мекемесі және оның орналасқан жері көрсетіледі)
_____
(медициналық айғақтары көрсетіледі)
_____ медициналық айғақтары бойынша
_____ жылғы «____» _____ _____
жылғы «____» _____ аралығында
_____ көрсетілді.
(медициналық қызметтің түрі көрсетіледі)

Анықтама Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру шығындарын өтеу үшін берілді.

М.О.

Әскери-дәрігерлік комиссияның (сараптаманың) төрағасы _____ _____
(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы №49 қаулысымен бекітілген

Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 78-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) (бұдан әрі – қызметкерлер), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын (бұдан әрі – шығындар) өтеу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу тәртібі

2. Қызметкерлердің отбасы мүшелеріне шығындарды өтеу:

1) қызметкер қызмет бойынша ауысқан;

2) Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11) – 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, қызметкер қызметтен шығарылған кезде жүргізіледі.

3. Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу болған оқиға фактісі бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормаларға сәйкес жүзеге асырылады және қызметкерлер штатында немесе қарамағында болатын арнаулы мемлекеттік органның мекемесі (бұдан әрі – мекеме) жүргізеді.

Қызметкер қызмет бойынша ауысқан кезде оның отбасы мүшелерінің шығындарын өтеуді қызметкер әрі қарай қызмет өткеру үшін келген мекеме жүзеге асырады.

Қызметкер қызметтен шығарылған жағдайда отбасы мүшелерінің шығындарын өтеуді:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан шығарылған кезде – таңдаған тұрғылықты жері бойынша аумақтық орган;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған кезде – шығарылғанға дейін штатта тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;

Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінен шығарылған кезде – шығарылғанға дейін штатта тұрған Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі жүргізеді.

4. Қызметкердің қызмет орнынан немесе тұратын жерінен оқиғаның өткізілетін жеріне дейінгі және кері қайту жолының ақысы ұсынылған жол жүру құжаттарының негізінде төленуге тиіс.

5. Көлік уақтылы келмеген немесе жөнелтілмеген жағдайларда, курсанттар, тыңдаушылар жолаушының өтінішімен тасымалдаушы беретін көліктің кешіккені туралы куәландыратын құжатты ұсынады.

6. Курсанттар, тыңдаушылар оқиға аяқталғаннан кейін шығындарды өтеуді жүзеге асыру үшін отыз жұмыс күні ішінде Қағидалардың 3-тармағында аталған мекемеге немесе аумақтық органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) курсанттар, тыңдаушылар үшін – Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметтен шығарылған курсанттар, тыңдаушылар үшін – Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) жол жүру құжаттары;

4) қызметтен шығарылған арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттары, тыңдаушылары үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың, сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банк құжаттарының көшірмелері;

5) қажет болған жағдайда – Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық емделуге не медициналық тексерілуге (куәландыруға) жіберу үшін медициналық айғақтарының бар екендігі туралы көрсете отырып, қабылданған стационарлық емі не болмаса медициналық тексерілу (куәландыру) туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы;

6) қажет болған жағдайда – Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжат.

7. Ұлттық қауіпсіздік органдарының курсанттары, тыңдаушылары қызметтен шығарылған кезде шығындарды өтеген жағдайда, тұрғылықты жері бойынша курсант, тыңдаушы таңдаған аумақтық орган курсанттың, тыңдаушының қызмет өткеру орны бойынша мекемеден оның қызметтен шығарылғандығы туралы бұйрықтан үзінді сұратады.

8. Шығындарды өтеу Қағидалардың 6-тармағында белгіленген құжаттар ұсынылған кезде:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болған кезде – ақшалай үлесті бір уақытта төлеумен;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болмаған кезде – міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы (әскери) оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)

Шығындарды өтеуге баянат

Сізден _____
_____
(оқиғаның түрі мен оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)

_____ маған жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын.

Баянатқа мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
...
_____ _____
(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса) қолы

_____жылғы «_____» _____
(жылы) (күні) (айы)

Бастық: _____ _____ _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы (әскери) оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)

Кімнен: _____,
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
_____ тұратын
тел. _____

Шығындарды өтеуге арналған өтініш

Сізден _____ жол
(оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)
жүргенім үшін шығындарды өтеуді сұраймын.

Тиесілі соманы _____
_____ аударуды сұраймын
_____ банктің № _____ филиалы
Дербес немесе карт-шот _____
Алушының ЖСН _____
Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
...
____ жылғы «____» _____
(күні)
Өтініш беруші _____ _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Бастық: _____ _____ _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы (әскери) оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Анықтама

_____ берілді,
(атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

оған _____
(емдеу мекемесі және оның орналасқан жері көрсетіледі)
_____
(медициналық айғақтары көрсетіледі)
_____ медициналық айғақтары бойынша
_____ жылғы «____» _____ _____
жылғы «____» _____ аралығында
_____ көрсетілді.
(медициналық қызметтің түрі көрсетіледі)

Анықтама Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру шығындарын өтеу үшін берілді.

М.О.

Әскери-дәрігерлік комиссияның (сараптаманың) төрағасы _____ _____
(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы №49 қаулысымен бекітілген

Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 78-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) (бұдан әрі – қызметкерлер), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын (бұдан әрі – шығындар) өтеу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу тәртібі

2. Қызметкерлердің отбасы мүшелеріне шығындарды өтеу:

1) қызметкер қызмет бойынша ауысқан;

2) Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11) – 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, қызметкер қызметтен шығарылған кезде жүргізіледі.

3. Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу болған оқиға фактісі бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормаларға сәйкес жүзеге асырылады және қызметкерлер штатында немесе қарамағында болатын арнаулы мемлекеттік органның мекемесі (бұдан әрі – мекеме) жүргізеді.

Қызметкер қызмет бойынша ауысқан кезде оның отбасы мүшелерінің шығындарын өтеуді қызметкер әрі қарай қызмет өткеру үшін келген мекеме жүзеге асырады.

Қызметкер қызметтен шығарылған жағдайда отбасы мүшелерінің шығындарын өтеуді:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан шығарылған кезде – таңдаған тұрғылықты жері бойынша аумақтық орган;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған кезде – шығарылғанға дейін штатта тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;

Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінен шығарылған кезде – шығарылғанға дейін штатта тұрған Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі жүргізеді.

4. Қызметкердің қызмет орнынан немесе тұратын жерінен оқиғаның өткізілетін жеріне дейінгі және кері қайту жолының ақысы ұсынылған жол жүру құжаттарының негізінде төленуге жатады.

5. Қызметкер ауысқан кезде, сондай-ақ қызметкер қызметтен шығарылған кезде қызметкердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеуді жүзеге асыру үшін оқиға аяқталғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде қызметкер мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қызмет бойынша ауысатын қызметкерлер үшін – Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін – Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) жол жүру құжаттары;

4) қызметкердің отбасы құрамы туралы мекеменің кадрлар бөлімшесі берген анықтама;

5) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың, сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банк құжаттарының көшірмелері.

6. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері қызметтен шығарылған кезде қызметкердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша аталған тұлға таңдаған аумақтық орган қызметкердің қызмет өткеру орны бойынша мекемеден оның қызметтен шығарылғандығы туралы бұйрықтан үзінді сұратады.

7. Шығындарды өтеу Қағидалардың 5-тармағында белгіленген құжаттар ұсынылған кезде:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болған кезде – ақшалай үлесті бір уақытта төлеумен;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болмаған кезде – міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

*Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа),

(Соңы. Басы 13-бетте)

2._____
3._____
4._____
_____
_____ _____
(лауазымы, атағы, тегі, аты, (құжатта бар болса) (қолы)
_____ жылғы «____»_____
(жылы) (күні) (айы)

Бастық: _____ _____ _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)
Кімнен: _____,
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
_____ тұратын
тел. _____

Шығындарды өтеуге өтініш

Сізден_____үшін
(оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)
маған отбасы мүшелерімнің жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын.
Тиесілі соманы_____
_____аударуды сұраймын
_____ банктің №_____ филиалы
Дербес немесе карт-шот_____
Алушының ЖСН_____
Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. _____
2. _____
3. _____
____ жылғы «____» _____
(жылы) (күні) (айы)

Өтініш беруші _____ _____
қолы (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
Бастық: _____ _____ _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 11 ақпан №50 Астана, Үкімет Үйі

«Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларын, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектерін, сондай-ақ аталған кемелерге бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 209 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларын, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектерін, сондай-ақ аталған кемелерге бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 209 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 18-19, 142-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидалары, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектері осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде), ішкі суларында және континенттік қайраңында қазақстандық кемелерге бақылауды жүзеге асыру қағидаларында:

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізуі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларының, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектерінің (бұдан әрі – Рұқсат беру қағидалары) 3 және 10-тармақтарында көрсетілген құжаттарды тексеру;»;

7-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шекара қызметінің лауазымды адамдары қазақстандық кемеге келгенге дейін қазақстандық кеменің капитаны (иесі) қазақстандық кемеден бөтен адамдарды шығаруды қамтамасыз етеді, мәліметтерді жинауды ұйымдастырады және оның қорытындысы бойынша Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақстандық кемедегі кәсіпшілік өнімдер (объектілер), жүктер мен тауарлар және оларды басқа кемелерге ауыстырып тиеу туралы есеп жасайды.»;

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Шекара қызметінің лауазымды адамдары қазақстандық кемеге келгеннен кейін қазақстандық кемені байқауды және тексеруді ұйымдастырады. Қазақстандық кеменің капитаны (иесі) Шекара қызметінің лауазымды адамдарына рұқсатты, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есепті (бұдан әрі – есеп), қазақстандық кеме экипажы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарын және Шекара қызметі әскери бөлімінің командирі растаған кеменің рөлін көрсетеді.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Теңіз кәсіпшілігін жүзеге асыратын қазақстандық кемені бақылау барысында Рұқсат беру қағидаларының 14-тармағында, сондай-ақ осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген ақпараттардың бұрмалану фактілері анықталған жағдайда, Шекара қызметі Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу немесе әкімшілік заңнамасына сәйкес қазақстандық кемені ұстауды және жақын арадағы теңіз портына (орналасу пунктіне) жөнелтуді жүргізеді, рұқсат күшін жояды, бұл туралы рұқсатқа және кеме журналына жазба жазылады.»;

осы қаулыға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда 1 және 2-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы №50 қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 наурыздағы №209 қаулысымен бекітілген

Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидалары, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидалары, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектері (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде), ішкі суларында және континенттік қайраңында кәсіпшілік қызметті жүзеге асыратын қазақстандық кемелердің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсат алу тәртібін (бұдан әрі – рұқсат), оның қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектерін айқындайды.

2. Осы Қағидалар мақсаты Қазақстан Республикасының аумағына балық өнімдері мен өзге де өнімдерді (объектілерді) сату немесе өндіру үшін кәсіпшілік өнімдерді (объектілерді) шетелдік кемелерге ауыстырып тиемей жеткізу болып табылатын, кәсіпшілік қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ оларға қатысты шекаралық бақылау жүзеге асырылған қазақстандық кемелерге (бұдан әрі – қазақстандық кемелер) қолданылады.

2. Рұқсаттар беру тәртібі

3. Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер (бұдан әрі – бастамашы) рұқсат алу үшін электрондық форматта «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне (бұдан әрі – Шекара қызметі) мынадай құжаттарды:

1) қазақстандық кеме капитаны (иесі) жасаған кеменің рөлімен қоса осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беру туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш);

2) қазақстандық кемеге меншік құқығы туралы куәліктің көшірмесін немесе қазақстандық кемені жалға алу шартының көшірмесін (теңіз кемелері үшін);

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәліктің көшірмесін (теңіз кемелері үшін);

4) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың көшірмесін;

5) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін жұмыс істеуге рұқсаттардың көшірмесін;

6) кеме куәлігінің көшірмесін (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кемелер тізілімінде тіркелген кемелер үшін) ұсынады.

4. Шекара қызметінің портал арқылы өтінішті қарау мерзімі мен Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттамаларды беруі бастамашы өтініш енгізген сәтінен бастап он бес жұмыс күнінен аспайды.

5. Мыналар:

1) Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттардың толық көлемде болмауы не онда дәйексіз немесе толық емес ақпараттың болуы;

2) егер рұқсат беру туралы өтініште көрсетілген кәсіпшілік ауданы (аудандары) Қазақстан Республикасының аумақтық суларының (теңіз), ішкі суларының шегінде орналасқан болса, қазақстандық кеменің кәсіпшілік қызметті жүргізуі кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өту қажеттілігінің болмауы рұқсат беруден бас тартуға негіздеме болып табылады.

6. Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген негіздер болған жағдайда, Шекара қызметі екі жұмыс күні ішінде Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша дәлелді бас тартады.

Бастамашының өтінішті қайта ұсынуы ескертулер жойылғаннан кейін жүзеге асырылады.

7. Рұқсат жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың қолданылу мерзіміне беріледі, бірақ Қағидалардың 3-тармағының 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қолданылу мерзімінен аспауға тиіс.

Рұқсат онда көрсетілген кәсіпшілік ауданы (аудандары) шегінде қолданылады.

8. Берілген рұқсат қолданылатын бүкіл мерзім бойы ол кәсіпшілікті жүргізу уақытында қазақстандық кеменің капитанында (иесінде) болады.

9. Қазақстан Республикасының азаматтарынан ғана жасақталған қазақстандық кеменің экипаж мүшелерін ауыстыру қажет болған жағдайда,

бастамашы бұдан бұрын портал арқылы Шекара қызметіне Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат алған қазақстандық кеменің экипаж мүшелерін ауыстыру туралы өтініш (бұдан әрі – ауыстыру туралы өтініш) береді.

10. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардан жасақталған қазақстандық кеменің экипаж мүшелерін ауыстыру қажет болған жағдайда, бастамашы портал арқылы Шекара қызметіне Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыстыру себебін көрсете отырып, ауыстыру туралы өтініш береді.

Ауыстыру туралы өтінішке мынадай құжаттар:

1) жаңа кеменің рөлі;

2) шетелдік және азаматтығы жоқ адам үшін жұмыс істеуге рұқсаттың көшірмесі;

3) қажет болған жағдайда, шетелдік азаматқа және азаматтығы жоқ адамға берілген визаның көшірмесі қоса беріледі.

11. Шекара қызметінің өтінішті қарау мерзімі мен қабылданған шешім туралы бастамашыны портал арқылы хабардар ету бастамашы ауыстыру туралы өтінішті енгізген сәтінен бастап үш жұмыс күнінен аспайды.

12. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат мерзімін ұзартқан немесе қайтадан алған жағдайда, бастамашы портал арқылы Шекара қызметіне Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, оған жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың көшірмесін қоса береді.

Шекара қызметінің өтінішті қарау мерзімі мен қабылданған шешім туралы бастамашыны портал арқылы хабардар ету бастамашы өтінішті енгізген сәтінен бастап үш жұмыс күнінен аспайды.

Оң шешім қабылданған жағдайда Шекара қызметі тікелей бұрын берілген рұқсатқа қолданылу мерзімін ұзарту туралы өзгеріс енгізеді.

Рұқсатты ұзартудан бас тартқан жағдайда Шекара қызметі Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша дәлелді бас тартады.

13. Рұқсатты жоғалтып алған жағдайда, бастамашы портал арқылы Шекара қызметіне рұқсатты жоғалтып алу мән-жайларын көрсете отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаңа рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінеді.

Жаңа рұқсат беру Қағидалардың 3-5-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

14. Рұқсаттың қолданылуы мынадай:

1) қазақстандық кеменің орналасқан жері туралы ақпаратты бақылаудың техникалық құралында ақау болған;

2) қазақстандық кеме капитаны (иесі) есепте көрсеткен деректердің қазақстандық кеменің порттан шығар алдында тексеру нәтижесінде алынған деректерге сәйкес келмеуі анықталған жағдайларда тоқтатыла тұрады.

15. Рұқсаттың қолданылуы оны тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылғаннан кейін қайта жаңартылады.

16. Қағидалардың 14-тармағында көзделген жағдайларды анықтаған Шекара қызметінің лауазымды адамы рұқсатты тоқтата тұру себептерін көрсетіп, рұқсаттың тоқтатыла тұруы (қайта жаңартылуы) туралы белгі қояды.

Бұл ретте Шекара қызметі Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттың тоқтатыла тұруы (қайта жаңартылуы) туралы бастамашыға хабарлама жолдайды.

Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектеріне 1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат беру (ұзарту) туралы өтініш

Кімге _____
(Шекара қызметі әскери бөлімінің атауы)
Кімнен _____
(заңды тұлғаның заңды мекенжайы көрсетілген толық атауы немесе
_____
дара кәсіпкердің Т.А.Ә., оның мекенжайы)
_____

Мақсаты Қазақстан Республикасының аумағында балық өнімдері мен өзге де өнімді сату немесе өндіру үшін теңіз кәсіпшілігі өнімдерін жеткізу болып табылатын кәсіпшілік қызмет жүргізілген жағдайда кәсіпшілік өнімдерін (объектілерін) шетелдік кемелерге, сондай-ақ шекаралық бақылау жүзеге асырылған қазақстандық кемелерге ауыстырып тиемей

_____
(балық кәсіпшілігі ауданы көрсетіледі)

ауданында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алуға (ұзартуға) өтінішті қарауды сұраймын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алуға мәлімделген кемелер туралы мәліметтер _____ парақта келтірілген. _____
_____
_____
(заңды тұлға басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

20 __ жылғы «__» _____

Өтінішке Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алуға мәлімделген қазақстандық кеме туралы мәліметтер

1. Кеменің атауы _____

2. Кеменің типі _____

3. Кеменің борттық нөмірі _____

4. Кеме тіркелген теңіз порты (орналасқан пункті) _____

5. Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінде кеменің тіркелуі туралы мәліметтер:
_____

6. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың нөмірі, алынған орны, күні және оның қолданылу мерзімдері
_____

7. Заңды тұлғаның атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің
тегі, аты, әкесінің аты, оның мекенжайы _____
_____

8. Кеменің меншік иесінің атауы және мекенжайы _____
_____

9. Квоталар иесінің атауы және мекенжайы _____
_____

10. Кеме капитанының (иесінің) тегі, аты, әкесінің аты, оның мекенжайы _____

11. Техникалық бақылау құралдарының типі _____

12. Кәсіпшілік қызмет жүргізу ауданы (аудандары) _____
_____

13. Кеме кәсіпшілік ауданына баратын кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуінің болжамды координаталары мен мерзімдері
_____

Кеме кәсіпшілік ауданына шығатын және кәсіпшілік өнімдерін (объектілерін) жеткізуі мен түсіруі үшін кіретін Қазақстан Республикасының теңіз порты (орналасу пункті)
_____
(заңды тұлға басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

20 __ жылғы «___» _____

Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектеріне 2-қосымша

Нысан

Сериясы _____ № _____
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат

1. Заңды тұлғаның атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты, оның мекенжайы _____
_____
2. Кеме иесінің атауы және мекенжайы _____
_____
3. Кеменің атауы _____
4. Кеменің типі _____
5. Кеменің борттық нөмірі _____
6. Кеме тіркелген теңіз порты (орналасу пункті) _____
7. Кеме капитанының тегі, аты, әкесінің аты, оның мекенжайы
_____
8. Техникалық бақылау құралдарының типі _____
_____
9. Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінде кеменің тіркелуі туралы мәліметтер
10. Рұқсаттың қолданылу мерзімі _____
11. Теңіз кәсіпшілігінің ауданы (аудандары) _____
_____
12. Кіретін және теңіз кәсіпшілігі өнімдерін түсіретін Қазақстан Республикасы теңіз порттарының (орналасу пункттерінің) тізбесі __
_____
_____
(Шекара қызметі әскери бөлімі командирінің қолы

20 __ жылғы «___» _____

парақтың сырт жағы

Ерекше белгілер
1. Рұқсат тоқтатып қойылған күн _____
2. Рұқсатты тоқтата тұрудың себептері _____
_____
3. Рұқсат қайта жаңартылған күн _____
Рұқсаттың күші жойылғаны туралы белгі
1. Рұқсаттың күші жойылған күні _____
2. Рұқсаттың күшін жою себептері _____
_____
_____
_____
Шекара қызметі әскери бөлімінің белгілері _____
_____
_____
_____
_____

Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектеріне 3-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат беруден (ұзартудан) бас тарту туралы хабарлама

1. Заңды тұлғаның атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты, оның мекенжайы _____
_____
2. Кеме иесінің атауы және мекенжайы _____
_____
3. Кеменің атауы _____
4. Кеменің типі _____
5. Кеменің борттық нөмірі _____
6. Кеме тіркелген теңіз порты (орналасу пункті) _____
7. Кеме капитанының тегі, аты, әкесінің аты, оның мекенжайы _____
_____
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп
өтуге рұқсат беруден (ұзартудан) бас тарту себептері _____
_____
(Шекара қызметі әскери бөлімі командирінің қолы)

20 __ жылғы «___» _____

Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектеріне 4-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алған шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар бар қазақстандық кеменің экипаж мүшелерін ауыстыру туралы өтініш

Кімге _____
(Шекара қызметі әскери бөлімінің атауы)
Кімнен _____
(заңды тұлғаның заңды мекенжайы көрсетілген толық атауы немесе дара
_____
кәсіпкердің Т.А.Ә. оның мекенжайы)

Кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін 20 __ жылғы «___» _____ сериясы _____ № _____ 0000 әскери бөлім берген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алған қазақстандық кеменің экипаж мүшелерін ауыстыруға өтінішті қарауды сұраймын.

Экипаж мүшелігінен мына шетелдік азаматтарды (азаматтығы жоқ адамдарды) алып тастауды сұраймын:_____
_____
экипаж мүшелеріне қосуды сұраймын _____
_____
Ауыстыру себебі: _____
_____
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алған қазақстандық кеменің шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар бар экипаж мүшелерін ауыстыру туралы өтінішке ____ парақта қосымша қоса беріледі.

_____
(заңды тұлға басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

20 __ жылғы «___» _____

Қазақстандық кемелердің аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілік қызметті жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына, рұқсаттар қолданылуының кеңістіктегі және уақыттық шектеріне 6-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру (қайта жаңарту) туралы хабарлама

1. Заңды тұлғаның атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты, оның мекенжайы _____
_____
2. Кеме иесінің атауы және мекенжайы _____
3. Кеменің атауы _____
4. Кеменің типі _____
5. Кеменің борттық нөмірі _____
6. Кеме тіркелген теңіз порты (орналасу пункті) _____
7. Кеме капитанының тегі, аты, әкесінің аты, оның мекенжайы _____
_____
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру (қайта жаңарту) себептері
_____
_____
_____
(Шекара қызметі әскери бөлімінің командирінің қолы)

20 __ жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы №50 қаулысына 2-қосымша

Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде), ішкі суларында және континенттік қайраңында кәсіпшілік қызметті жүргізетін қазақстандық кемелерге бақылауды жүзеге асыру қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Кемеде тасымалданатын кәсіпшілік өнімдерін (объектілерін), жүктерді, тауарларды басқа кемеге ауыстырып тиеу туралы мәліметтер

Күні	Кәсіпшілік өнімдерінің (объектілерінің), жүктердің, тауарлардың атауы және түрі	Жүк ауыстырып тиелетін кеме	Өлшем бірлігі	Саны	Кеме капитаны-ның (иесінің) қолы

_____
(кеме капитанының (иесінің) қолы, Т.А.Ә.)

20 __ жылғы «__» _____
М.О.
_____
(Шекара қызметі әскери бөлімінің лауазымды адамының лауазымы, қолы, Т.А.Ә.)

20 __ жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы №50 қаулысына 3-қосымша

Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде), ішкі суларында және континенттік қайраңында кәсіпшілік қызметті жүргізетін қазақстандық кемелерге бақылауды жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өткен кезде кемеде кәсіпшілік өнімдерінің (объектілерінің), жүктердің, тауарлардың болуы туралы және оларды кәсіпшілік барысында басқа кемелерге түсіру (тиеу) туралы есеп

Кеменің анықтау деректері
1. Кеменің атауы _____
2. Кеменің типі _____
3. Кеменің борттық нөмірі _____
4. Кеме тіркелген теңіз порты (орналасу пункті) _____
5. Кеме капитанының (иесінің) тегі, аты, әкесінің аты _____
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсаттың нөмірі, орны, алынған күні және оның қолданылу мерзімі _____
7. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың нөмірі, орны, алынған күні _____

Қазақстан Республикасының теңіз портынан (орналасу пунктінен) шығу кезінде кемеде тасымалданатын кәсіпшілік өнімдерінің (объектілерінің), жүктердің, тауарлардың, валютаның сипаттамасы және олардың саны

Р/с №	Атауы және түрлік құрамы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	Кәсіпшілік (түрлері бойынша) өнімдері (объектілері):		
2.	Жүктер:		
3.	Тауарлар:		
4.	Валюта:		

_____
(кеме капитанының (иесінің) қолы және Т.А.Ә.)

20 __ жылғы «___» _____
М.О.
_____
(Шекара қызметі әскери бөлімінің лауазымды адамының лауазымы, қолы, Т.А.Ә.)
20 __ жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасының теңіз портына (орналасу пунктіне) қайта оралғаннан кейін

Р/с №	Атауы және түрлік құрамы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	Кәсіпшілік (түрлері бойынша) өнімдері (объектілері):		
2.	Жүктер:		
3.	Тауарлар:		
4.	Валюта:		

_____
(кеме капитанының (иесінің) қолы және Т.А.Ә.)
20 __ жылғы «___» _____
_____
(Шекара қызметі әскери бөлімінің лауазымды адамының лауазымы, қолы, Т.А.Ә.)
20 __ жылғы «___» _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 11 ақпан №51 Астана, Үкімет Үйі

«Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1275 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1275 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж. № 68, 909-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы №51 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1275 қаулысымен бекітілген

Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидалары

Жалпы ережелер

1. Осы Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің (бұдан әрі – Шекара қызметі) шекаралық белдеуге кіруге, онда болуға рұқсаттамаларды (бұдан әрі – рұқсаттама) беру тәртібін айқындайды.

2. Рұқсаттамалар беру тәртібі

2. Жеке тұлға рұқсаттама алу үшін Шекара қызметіне Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электронды форматта өтініш береді.

3. Жеке және заңды тұлғалар шекаралық белдеуде шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметті жүргізуге, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізуге рұқсаттама алу үшін Шекара қызметіне веб-портал арқылы электронды форматта мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттамалар алуға ұсыну, онда жұмыс жүргізудің немесе іс-шаралар өткізудің сипаты, орны, қатысушылары, уақыты, пайдаланылатын кәсіпшілік және өзге де кемелер, көлік және өзге де техникалық құралдар туралы, ал қажет болған жағдайларда, егер бұл шектес мемлекетпен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында ескертілсе, Мемлекеттік шекараны кесіп өту орны мен уақыты туралы мәліметтер көрсетіледі;

(Соңы 15-бетте)

(Соңы. Басы 14-бетте)

2) тиісті уәкілетті органдардың шекаралық белдеуде шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметті жүргізуге, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге іс-шараларды жүргізуге рұқсат құжаттарының көшірмесі.

4. Шекара қызметінің портал арқылы өтінішті немесе ұсынуды қарау және рұқсаттама беру мерзімі өтініш немесе ұсыну енгізілген сәттен бастап он жұмыс күнінен аспайды.

5. Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттардың толық көлемде ұсынылмауы не өтініште немесе ұсынуда дұрыс емес мәліметтерді көрсету фактісі белгіленген жағдайда Шекара қызметі үш жұмыс күні ішінде Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша уәжді бас тартады.

6. Рұқсаттамаларды беруді Шекара қызметі Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша портал арқылы электрондық форматта жүзеге асырады.

7. Рұқсаттама тиісті уәкілетті органдар шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметті, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге іс-шараларды жүргізуге берген рұқсаттың қолданылу мерзімдерін ескере отырып, өтініште немесе ұсынуда көрсетілген, бірақ күнтізбелік бір жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін рұқсаттама күшін жояды.

8. Шекаралық белдеуге тікелей сол жерде тұратын адамдарды өткізу сол жергілікті жерде нақты тұратыны туралы жергілікті атқарушы органдар берген анықтамасы болған жағдайда, жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша жүзеге асырылады.

Шекаралық белдеуде тұратын, бірақ одан тыс жерде оқитын орта мектеп оқушылары, оқу орындарының студенттері жергілікті атқарушы органдардың олардың шекаралық белдеудің елді мекендерінен оқуға шығатындарын растайтын анықтамалары бойынша шекаралық белдеуден шығады (кіреді).

Шекаралық белдеуге ата-анасымен немесе өздерімен бірге жүретін адамдармен кіретін 16 жасқа дейінгі балалар туралы мәліметтер осы адамдардың рұқсаттамасына енгізіледі.

9. Жақын туыстары қайтыс болған (ауырған) жағдайда адамдар өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттар және медицина ұйымдары растаған тиісті жеделхаттар (анықтамалар) бойынша, ал туыстары жерленген жерлерге бара жатқанда жерлеу орнын растайтын мәліметтер бойынша шекаралық белдеуге рұқсаттама ресімдемей кіреді.

10. Рұқсаттамалар жоғалған (бүлінген) жағдайда жеке және заңды тұлға портал арқылы Шекара қызметіне рұқсаттаманы жоғалту фактісі бойынша түсініктемені көрсетіп, оны қайта беру туралы өтінішхатты ұсынады.

Шекара қызметі рұқсаттаманы қайтадан беруді үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде портал арқылы электрондық форматта жүзеге асырады.

11. Шекара қызметі Мемлекеттік шекараны қорғау мүдделерін ескере отырып, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсаттамалардың қолданылуына шектеу енгізуі немесе оны уақытша тоқтата тұруы мүмкін.

Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидаларына 1-қосымша

Нысан

ӨТІНІШ
(ЗАЯВЛЕНИЕ)

Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттама беруді сұраймын (Прошу выдать пропуск на въезд и пребывание в пограничную полосу) _____
_____
(елді мекен, аудан, облыс) (населенный пункт, район, область)
Мақсаты (цель) _____
Уақыты (время) _____
Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын (о себе сообщаю следующие сведения)
Тегім (фамилия) _____
Атым (имя) _____
Әкемнің аты (отчество) _____
Туған жылым мен жерім (год и место рождения)
_____
Жұмыс орным (место работы)
_____
(ұйымның атауы және лауазымы)
(наименование организации и должность)
жеке басын куәландыратын құжаты
(документ, удостоверяющего личность) _____
№ _____ 20__ ж. «_____»_____
_____
(жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы және күні)
(дата и наименование органа, выдавшего документ, удостоверяющего личность)
Тұрғылықты жерім (местожительство)_____
Өзіммен бірге балаларым барады (со мной следуют дети)
_____
(аты және жасы) (имя и возраст)
_____
Өтініш білдірушінің электрондық мекенжайы
(Электронный адрес заявителя)_____
Мен ұсынылған деректердің дұрыстығына дербес жауап беремін (я несу персональную ответственность за достоверность представленных данных) _____
(күні, айы және жылы) (дата, месяц, год)

Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидаларына 2-қосымша

Нысан

ҰСЫНУ
(ПРЕДСТАВЛЕНИЕ)

Тізімге сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына (шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға) _____
_____
(елді мекен, аудан, облыс)
шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттама (лар) беруді сұраймын
(Прошу выдать пропуск (а) на въезд и пребывание в пограничную полосу гражданам Республики Казахстан (иностранцам и лицам без гражданства) согласно списку)
_____
(населенный пункт, район, область)
Мақсаты (цель) _____
Уақыты (время) _____

Шекаралық белдеуге рұқсаттамалар алатын Қазақстан Республикасы азаматтарының (шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың) тізімі
(Список граждан Республики Казахстан (иностранцев, лиц без гражданства) на получение пропуска в пограничную полосу)

Р/с №	Т.А.Ә.	Туған жылы, айы, күні	Тұратын жерінің мекенжайы
(№ п/п)	Ф.И.О.	(Число, месяц, год рождения)	(Адрес места жительства)
1			
2			
3			

Кестенің жалғасы

Жұмыс орны, лауазымы	Жеке басын куәландыратын құжаттың №	Азаматтығы	Ескертпе
(Место работы, должность)	(№ документа, удостоверяющего личность)	(Гражданство)	(Примечание)

Шекаралық белдеуде техникалық құралдар іске қосылатын болады (В пограничной полосе будут задействованы технические средства):

Р/с №№ п/п	Техникалық құралдардың атауы (Наименование технического средства)	Мемлекеттік тіркеу нөмірі (Государственный регистрационный номер)	Жүргізушінің Т.А.Ә. (Ф.И.О. водителя)	Иесі (Владелец)	Ескертпе (Примечание)
1					
2					

Ұсынуға мынадай құжаттар қоса беріледі
(К представлению прилагаются следующие документы)
_____
Өтініш берушінің электрондық мекенжайы
(электронный адрес заявителя)_____

Мен ұсынылған деректердің дұрыстығына дербес жауап беремін (я несу персональную ответственность за достоверность представленных данных) _____
_____
лауазымы (должность)
_____
(күні, айы және жылы) (дата, месяц, год)

Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Қайда (куда)_____
_____
Кімге (кому) _____
бастамашының мекенжайы және анықтама деректері (адрес и установочные данные инициатора) _____

ХАБАРЛАМА

Сіздің 20___ жылғы ____ _____ өтінішіңізге (ұсынуыңызға), құжаттарды толық көлемде ұсынбауыңызға немесе өтініште (ұсыныста) дұрыс емес мәліметтерді
_____
көрсетуіңізге байланысты шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттама беруден бас тартатынымыз туралы хабарлаймыз

(На Ваше заявление (представление) от __ _____ 20 ___ года уведомляем об отказе в выдаче пропуска на въезд и пребывание в пограничной полосе в связи представлением докуметов не полном объеме либо указание в заявлении (представлении) не достоверных сведений:

0000 әскери бөлімінің командирі (командир воинской части 0000)
_____
лауазымды тұлғаның Т.А.Ә., қолы
(подпись, Ф.И.О. должностного лица)

20___ жылғы ____ _____
(күні, айы және жылы) (дата, месяц, год)

Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттама

РҰҚСАТТАМА түбіршегінің № _____ (корешок пропуска) Тұрғын (жителю)_____ _____ берілді. (выдан) Шекаралық белдеу аумағына кіруге және онда болуға рұқсат беріледі (разрешен въезд и пребывание в пограничной полосе в районе) Кіру мақсаты (цель въезда) Болу мерзімі (срок пребывания) Болу уақыты (время пребывания) Негіздеме (основание) Берілген күні (дата выдачи) «_____» заставасының бастығы (начальник заставы) _____ ә/б (в/ч) _____ _____	РҰҚСАТТАМА № _____ (пропуск) Тұрғын (жителю)_____ _____ берілді. (выдан) Шекаралық белдеу аумағына кіруге және онда болуға рұқсат беріледі (разрешен въезд и пребывание в пограничной полосе в районе) Кіру мақсаты (цель въезда) Болу мерзімі (срок пребывания) Болу уақыты (время пребывания) Негіздеме (основание) Берілген күні (дата выдачи) Рұқсаттама жеке басын куәландыратын құжат ұсынылған жағдайда жарамды (пропуск действителен при предъявлении документа, удостоверяющего личность) № «_____» заставасының бастығы (начальник заставы) _____ ә/б (в/ч) _____ _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 11 ақпан №53 Астана, Үкімет Үйі

«Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 828 қаулысының және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 наурыздағы №274 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі №828 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., №48, 648-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасын Үкіметінің 2013 жылғы 26 наурыздағы №274 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., №22, 356-құжат).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 12 ақпан №55 Астана, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №1276 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №1276 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., №76-77, 675-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарында:

«Ағымдағы жағдайды талдау» деген бөлім мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

«Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларға бірінші және екінші бағыттар бойынша кредит беру осы Жоспарға 2-1-қосымшаға сәйкес тамақ өнеркәсібінің қаржыландыруға арналған салаларының тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаның нысаналы мақсатын растау үшін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) нақты кодына байланыстырылған тізбеден кемінде бір тауар түрін шығару жеткілікті. Көрсетілетін қызметтер саласы үшін ЭҚЖЖ кодтарына жатқызу сәйкестік өлшемшарты болып табылады.»;

«Өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген бөлімде:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, ҚР ҰҚ қаражатының есебінен берілген барлық кредиттер үшін бір ШОКС-ға берілетін қаржыландырудың ең жоғары лимиті – 1850000000 (бір миллиард сегіз жүз елу миллион) теңге;»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаға 500000000 (бес жүз миллион) теңгеден жоғары сомаға кредит берілген жағдайда, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) оң қорытындысы қажет. Ол үшін «Даму» КДҚ» АҚ уәкілетті органға сұрау салу мен мынадай ақпаратты жібереді: жоба бойынша қысқаша ақпарат, жобаның қуаты, өндірілетін өнім, жоба іске асырылатын жер (облыс, аудан, елді мекен), шикізат базасының болуы, әлеуетті өткізу нарықтары.

Уәкілетті орган сұрау салуды алған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жобаны қаржыландырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды береді.»;

«Өңдеу өнеркәсібінде ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген бөлімде:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, бір ІКС-ге берілетін қаржыландыру лимиті – 5000000000 (бес миллиард) теңгеге дейін;»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаға 500000000 (бес жүз миллион) теңгеден жоғары сомаға кредит берілген жағдайда, уәкілетті органның оң қорытындысы қажет. Ол үшін «ҚДБ» АҚ уәкілетті органға сұрау салу мен мынадай ақпаратты жібереді: жоба бойынша қысқаша ақпарат, жобаның қуаты, өндірілетін өнім, жоба іске асырылатын жер (облыс, аудан, елді мекен), шикізат базасының болуы, әлеуетті өткізу нарықтары.

Уәкілетті орган сұрау салуды алған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жобаны қаржыландырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды береді.»;

1-қосымшада:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін өңдеу өнеркәсібі салаларының тізбесінде:

мына:

« | | Тамақ өнімдерінің өндірісі | 10 | »

деген жол алып тасталсын;

2-қосымшада:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін өңдеу өнеркәсібі салаларының тізбесінде:

мына:

« | | Тамақ өнімдерінің өндірісі | 10 | »

деген жол алып тасталсын;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 ақпандағы №55 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарына 2-1-қосымша

Қаржыландырылатын тамақ өнеркәсібі салаларының тізбесі

Р/с №	Тауарлар тобының атауы	№	ЭҚЖЖ атауы	ЭҚЖЖ коды	Шығарылатын өнімдер мен тауарлардың тізбесі
1	2	3	4	5	6
ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 10-бөлімі)					
1	Ет және құс еті өнімдері	1	Ет өңдеу және консервілеу	1011	Ұшадағы/шағын ұшаға немесе бөліктерге бөлінген жас немесе мұздатылған етті өндіру, сондай-ақ үй құсы етінің майын шығыру. Кесілген қауырсын мен мамық өндіру. Мал соятын жерлерде тері және былғары өңдеу. Шошқа майын және басқа да жануарлардан алынатын жеуге болатын майларды шығыру. Жануарлардың ішек-қарнын өңдеу. Жұлынған жүнді өндіру.
		2	Үй құсының етін өңдеу және консервілеу	1012	
		3	Ет өнімдерін және үй құсының етінен жасалған өнімдерді өндіру	1013	Кептірілген, тұздалған немесе ысталған ет өндіру. Ет өнімдерін өндіру: шұжықтар, салями, қанқызыл шұжық, құрғақ шұжық, сервелат, болон ысталған шұжығы, бас, орама, пісірілген ветчина.
2	Балықтан жасалған өнімдер	4	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу	1020	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды дайындау және сақтау: тоңазыту, терең тоңазыту, кептіру, өңдеу, ыстау, тұздау, консервілеу. Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өндіру: балықтың сүбе еті, уылдырық, жасанды уылдырық және т.б. өндіру Адамдардың тамаққа пайдалануы үшін немесе жануарлар азығы үшін балық өнімдерін өндіру. Балықтан және адамдардың тамаққа пайдалануына жарамсыз жануарлардың судағы түрлерінен ұн және еритін заттарды өндіру. Теңіз балдырларын қайта өңдеу.
3	Сүт өнімдері және ірімшік	5	Сүтті өңдеу және ірімшік өндіру	1051	Жаңа сауылған табиғи сүтті, пастерленген сүтті, зарарсыздандырылған сүтті, гомогенделген сүтті және/немесе ультра тазартылған сүтті өндіру. Сүт негізіндегі сусындарды өндіру. Жаңа сауылған, қаймағы алынбаған, пастерленген, зарарсыздандырылған және гомогенделген сүттен кілегей өндіру. Құрғақ немесе концентратталмаған сүтті өнді-ру. Сары май, йогурт, ірімшік және сүзбе, сарысу, казеин немесе лактоза өндіру.
		6	Балмұздақ өндіру	1052	Балмұздақ өндіру.
4	Маймен тоң май өндіру	7	Май және тоң май өндіру	1041	Тазартылған және тазартылмаған зәйтүн, соя, пальма, күнбағыс, мақта, рапс, қыша, зығыр өсімдік майын өндіру. Майлы дақылдар дәндерінен, жаңғақтардан немесе дәндерден және ортасындағы дәннен майсыздандырылған ұнды немесе ұншаны өндіру.
		8	Маргарин және оған ұқсас тағамдық майларды өндіру	1042	Маргаринді өндіру. Тамақ дайындау үшін аралас майларды өндіру.
5	Қант және қанттан жасалған өнімдер	9	Қант өндіру	1081	Қантты (сахарозаны) құрақ, қызылша, үйеңкі және пальма шырынынан алынған құрамында қант бар заттарды өндіру немесе тазарту. Қант шәрбатын өндіру. Қара сірне өндіру. Үйеңкі шәрбатын және қантын өндіру.
6	Балалар тағамы	10	Балалар тағамын және емдәмдік тамақ өнімдерін өндіру	1086	Ерекше диеталар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерін: балалар тағамын, қосымша сүт және басқа да тамақ өнімдерін, кіші жастағы балаларға арналған тамақ өнімдерін, калориясы аз және калориясы азайтылған өнімдерді өндіру.
7	Астықты терең өңдеу өнімдері	11	Крахмал және крахмал өнімдерін өндіру	1062	Күріштен, картоптан, жүгеріден, бидайдан крахмал өндіру. Шикі жүгеріні ұсақтау. Глюкоза, қант шәрбатын, мальтоза, инулин өндіру Балауыз өндіру. Тапиока мен крахмал қоспаларын өндіру. Жүгері майын өндіру.
8	Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру	12	Ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдерін өндіру	1061	Ұн қоспаларын және нанға, тортқа, бәлішке, пирогтар мен бисквиттерге, печеньелерге немесе құймақтарға арналған ұн қоспаларын, дайын ұн қоспалары мен қамырларын өндіру. Ұнды, жарманы, ұншаларды немесе бидай қауыздарын, қара бидай, сұлы, жүгері немесе басқа да дән қауыздарын өндіру
			Макарон өнімдерін өндіру	1073	Макарон өнімдері.
9	Дайын тамақ өнімдері	13	Дайын тамақ өнімдерін өндіру	1085	Ет тағамдарыны өндіру. Балықтың тартылған етін қоса алғанда, балық тағамдарын өндіру. Көкөністерден жасалатын тағамдарды өндіру. Тоңазытылған пиццаны немесе өзге тәсілмен сақтау үшін дайындалған пиццаны өндіру.
		14	Жемістер мен көкөністерді өңдеу және консервілеудің өзге де түрлері	1039	Жемістерді, жаңғақтарды немесе көкөністерді сақтау: тоңазыту, кептіру, май ішінде немесе сірке суында сіңіру, консервілеу және т.б. Жемістерден немесе көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру. Джем, мармелад және асханалық желе өндіру. Жаңғақтардан паста және басқа тамақ өнімдерін өндіру.
		15	Картопты өңдеу және консервілеу	1031	Өңделген тоңазытылған картопты өндіру, құрғақ картоп пюресін өндіру, картоптардан жеңіл тамақтарды өндіру, картоп чипстерін өндіру, картоп ұнын және ұншаларын өндіру.
		16	Басқа санаттарға енгізілмеген басқа тамақ өнімдерін өндіру	1089	Жұмыртқа өнімдерін, жұмыртқа альбуминін өндіру. Ашытқылар өндіру.
10	Сусындар өндіру	17	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру	1032	Жемістерден немесе көкөністерден шырындарды өндіру.
11	Жануарларға арналған азықтар өндіру	18	Үй жануарлары үшін дайын азық өндіру	1092	Жануарларға арналған концентратталған азықты және азықтық қоспаларды қоса алғанда, фермалардағы жануарларға арналған дайын азықтар өндіру. Иттерді, мысықтарды, құстарды, балықтарды және т.б. қоса алғанда, үй жануарлары үшін дайын азықтар өндіру.
		19	Фермалардағы жануарлар үшін дайын азықтар өндіру	1091	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 12 ақпан №56 Астана, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы №124 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., № 13, 71-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарында:

«Ағымдағы жағдайды талдау» деген бөлім мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

«Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларға бірінші және екінші бағыт бойынша кредит беру осы Жоспарға қосымшаға сәйкес тамақ өнеркәсібінің қаржыландыруға арналған салаларының тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаның нысаналы мақсатын растау үшін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) нақты кодына байланыстырылған тізбеден кемінде бір тауар түрін шығару жеткілікті.»;

«Өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген бөлімде:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, ҚР ҰҚ қаражатының есебінен берілген барлық кредиттер үшін бір ШОКС-ға қаржыландырудың ең жоғары лимиті – 1850000000 (бір миллиард сегіз жүз елу миллион) теңге;»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаға 500000000 (бес жүз миллион) теңгеден жоғары сомаға кредит берілген жағдайда, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) оң қорытындысы қажет. Ол үшін «Даму» КДҚ» АҚ уәкілетті органға сұрау салу мен мынадай ақпаратты жібереді: жоба бойынша қысқаша ақпарат, жобаның қуаты, өндірілетін өнім, жоба іске асырылатын жер (облыс, аудан, елді мекен), шикізат базасының болуы, әлеуетті өткізу нарықтары.

Уәкілетті орган сұрау салуды алған күннен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жобаны қаржыландырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды ұсынады.»;

«Өңдеу өнеркәсібінде ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген тарауда:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, бір ІКС-ге берілетін қаржыландыру лимиті – 5000000000 (бес миллиард) теңгеге дейін;»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаға 500000000 (бес жүз миллион) теңгеден жоғары сомаға кредит берілген жағдайда, уәкілетті органның оң қорытындысы қажет. Ол үшін «ҚДБ» АҚ уәкілетті органға сұрау салу мен мынадай ақпаратты жібереді: жоба бойынша қысқаша ақпарат, жобаның қуаты, өндірілетін өнім, жоба іске асырылатын жер (облыс, аудан, елді мекен), шикізат базасының болуы, әлеуетті өткізу нарықтары.

Уәкілетті орган сұрау салуды алған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жобаны қаржыландырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды ұсынады.»;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 ақпандағы №56 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарына қосымша

Қаржыландырылатын тамақ өнеркәсібі салаларының тізбесі

Р/с №	Тауарлар тобының атауы	№	ЭҚЖЖ атауы	ЭҚЖЖ коды	Шығарылатын өнімдер мен тауарлардың тізбесі
1	2	3	4	5	6
ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 10-бөлімі)					
1	Ет және құс еті өнімдері	1	Ет өңдеу және консервілеу	1011	Ұшадағы/шағын ұшаға немесе бөліктерге бөлінген жас немесе мұздатылған етті өндіру, сондай-ақ үй құсы етінің майын шығыру. Кесілген қауырсын мен мамық өндіру. Мал соятын жерлерде тері және былғары өңдеу. Шошқа майын және басқа да жануарлардан алынатын жеуге болатын майларды шығыру. Жануарлардың ішек-қарнын өңдеу. Жұлынған жүнді өндіру.
		2	Үй құсының етін өңдеу және консервілеу	1012	
		3	Ет өнімдерін және үй құсының етінен жасалған өнімдерді өндіру	1013	Кептірілген, тұздалған немесе ысталған ет өндіру. Ет өнімдерін өндіру: шұжықтар, салями, қанқызыл шұжық, құрғақ шұжық, сервелат, болон ысталған шұжығы, бас, орама, пісірілген ветчина.
2	Балықтан жасалған өнімдер	4	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу	1020	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды дайындау және сақтау: тоңазыту, терең тоңазыту, кептіру, өңдеу, ыстау, тұздау, консервілеу. Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өндіру: балықтың сүбе еті, уылдырық, жасанды уылдырық және т.б. өндіру Адамдардың тамаққа пайдалануы үшін немесе жануарлар азығы үшін балық өнімдерін өндіру.

(Соңы 16-бетте)

(Соңы. Басы 15-бетте)

1	2	3	4	5	6
					Балықтан және адамдардың тамаққа пайдалануына жарамсыз жануарлардың судағы түрлерінен ұн және еритін заттарды өндіру. Теңіз балдырларын қайта өңдеу.
3	Сүт өнімдері және ірімшік	5	Сүтті өңдеу және ірімшік өндіру	1051	Жаңа сауылған табиғи сүтті, пастерленген сүтті, зарарсыздандырылған сүтті, гомогенделген сүтті және/немесе ультра тазартылған сүтті өндіру. Сүт негізіндегі сусындарды өндіру. Жаңа сауылған, қаймағы алынбаған, пастерленген, зарарсыздандырылған және гомогенделген сүттен кілегей өндіру. Құрғақ немесе концентратталмаған сүтті өнді-ру. Сары май, йогурт, ірімшік және сүзбе, сарысу, казеин немесе лактоза өндіру.
		6	Балмұздақ өндіру	1052	Балмұздақ өндіру.
4	Маймен тоң май өндіру	7	Май және тоң май өндіру	1041	Тазартылған және тазартылмаған зәйтүн, соя, пальма, күнбағыс, мақта, рапс, қыша, зығыр өсімдік майын өндіру. Майлы дақылдар дәндерінен, жаңғақтардан немесе дәндерден және ортасындағы дәннен майсыздандырылған ұнды немесе ұншаны өндіру.
		8	Маргарин және оған ұқсас тағамдық майларды өндіру	1042	Маргаринді өндіру. Тамақ дайындау үшін аралас майларды өндіру.
5	Қант және қанттан жасалған өнімдер	9	Қант өндіру	1081	Қантты (сахарозаны) құрақ, қызылша, үйеңкі және пальма шырынынан алынған құрамында қант бар заттарды өндіру немесе тазарту. Қант шәрбатын өндіру. Қара сірне өндіру. Үйеңкі шәрбатын және қантын өндіру.
6	Балалар тағамы	10	Балалар тағамын және емдәмдік тамақ өнімдерін өндіру	1086	Ерекше диеталар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерін: балалар тағамын, қосымша сүт және басқа да тамақ өнімдерін, кіші жастағы балаларға арналған тамақ өнімдерін, калориясы аз және калориясы азайтылған өнімдерді өндіру.
7	Астықты терең өңдеу өнімдері	11	Крахмал және крахмал өнімдерін өндіру	1062	Күріштен, картоптан, жүгеріден, бидайдан крахмал өндіру. Шикі жүгеріні ұсақтау. Глюкоза, қант шәрбатын, мальтоза, инулин өндіру Балауыз өндіру. Тапиока мен крахмал қоспаларын өндіру. Жүгері майын өндіру.
8	Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру	12	Ұн-жарма өнер-кәсібінің өнімдерін өндіру	1061	Ұн қоспаларын және нанға, тортқа, бәлішке, пирогтар мен бисквиттерге, печеньелерге немесе құймақтарға арналған ұн қоспаларын, дайын ұн қоспалары мен қамырларын өндіру. Ұнды, жарманы, ұншаларды немесе бидай қауыздарын, қара бидай, сұлы, жүгері немесе басқа да дән қауыздарын өндіру
			Макарон өнімдерін өндіру	1073	Макарон өнімдері.
9	Дайын тамақ өнімдері	13	Дайын тамақ өнімдерін өндіру	1085	Ет тағамдарыны өндіру. Балықтың тартылған етін қоса алғанда, балық тағамдарын өндіру. Көкөністерден жасалатын тағамдарды өндіру. Тоңазытылған пиццаны немесе өзге тәсілмен сақтау үшін дайындалған пиццаны өндіру.
		14	Жемістер мен көкөніс-терді өңдеу және консер-вілеудің өзге де түрлері	1039	Жемістерді, жаңғақ-тарды немесе көкөністерді сақтау: тоңазыту, кептіру, май ішінде немесе сірке суында сіңіру, консервілеу және т.б. Жемістерден немесе көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру. Джем, мармелад және асханалық желе өндіру. Жаңғақтардан паста және басқа тамақ өнімдерін өндіру.
		15	Картопты өңдеу және консервілеу	1031	Өңделген тоңазытылған картопты өндіру, құрғақ картоп пюресін өндіру, картоптардан жеңіл тамақтарды өндіру, картоп чипстерін өндіру, картоп ұнын және ұншаларын өндіру.
		16	Басқа санаттарға енгізілмеген басқа тамақ өнімдерін өндіру	1089	Жұмыртқа өнімдерін, жұмыртқа альбуминін өндіру. Ашытқылар өндіру.
10	Сусындар өндіру	17	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру	1032	Жемістерден немесе көкөністерден шырындарды өндіру.
11	Жануар-ларға арналған азықтар өндіру	18	Үй жануарлары үшін дайын азық өндіру	1092	Жануарларға арналған концентратталған азықты және азықтық қоспаларды қоса алғанда, фермалардағы жануарларға арналған дайын азықтар өндіру. Иттерді, мысықтарды, құстарды, балықтарды және т.б. қоса алғанда, үй жануарлары үшін дайын азықтар өндіру.
		19	Фермалардағы жануарлар үшін дайын азықтар өндіру	1091	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 12 ақпан №57 Астана, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі №354 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі №354 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., №28, 231-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарында:

«Қаражатты екінші деңгейдегі банктерге шартты түрде орналастырудың шарттары мен тетіктері» деген 3-бөлімде:

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Соңғы қарыз алушылардың осы Жоспарға 1-1-қосымша мен техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің С секциясы (Өңдеу өнеркәсібі) 11-бөлімінің (Сусындар өндірісі) 11.06. және 11.07-сыныбына сәйкес келетін тамақ өнеркәсібі саласында іске асырылатын жаңа жобаларын қаржыландыру мақсатына ЕДБ бағыттайтын қаржыдардың үлесі – кредит сомасының кемінде 25 %-ы.»;

«Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру шарттары» деген төртінші бөлімде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы топ – оларға кредит беру осы Жоспарға 1-1-қосымшаға сәйкес тамақ өнеркәсібінің қаржыландыруға арналған салаларының тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) сәйкес жүзеге асырылатын тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, осы Жоспарға 1-қосымшаға сәйкес жобаларды өңдеу өнеркәсібінде іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлап отырған ШОК субъектілері. Бұл ретте, тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаның нысаналы мақсатын растау үшін Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) нақты кодына байланыстырылған тізбеден кемінде бір тауар түрін шығару жеткілікті. Көрсетілетін қызметтер саласы үшін ЭҚЖЖ кодтарына жатқызу сәйкестік өлшемшарты болып табылады.»;

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, бір ШОК субъектісіне арналған қаржыландыру лимиті – 1850000000 (бір миллиард сегіз жүз елу миллион) теңге;»;

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы және жиырмасыншы абзацтармен толықтырылсын:

«Тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларға 500000000 (бес жүз миллион) теңгеден жоғары сомаға кредит берілген жағдайда, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) оң қорытындысы қажет. Ол үшін «Даму» КДҚ» АҚ уәкілетті органға сұрау салу және мынадай ақпаратты жібереді: жоба бойынша қысқаша ақпарат, жобаның қуаты, өндірілетін өнім, жобаны іске асырылатын жер (облыс, аудан, елді мекен), шикізат базасының болуы, әлеуетті өткізу нарықтары.

Уәкілетті орган сұрау салуды алған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жобаны қаржыландырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды береді.»;

1-қосымшада:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін өңдеу өнеркәсібі салаларының тізбесінде:

мына:

«	Тамақ өнімдерінің өндірісі	10 »

деген жол алып тасталсын;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 ақпандағы №57 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарына 1-1 қосымша

Қаржыландырылатын тамақ өнеркәсібі салаларының тізбесі

Р/с №	Тауарлар тобының атауы	№	ЭҚЖЖ атауы	ЭҚЖЖ коды	Шығарылатын өнімдер мен тауарлардың тізбесі
1	2	3	4	5	6
ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 10-бөлімі)					
1	Ет және құс еті өнімдері	1	Ет өңдеу және консервілеу	1011	Ұшадағы/шағын ұшаға немесе бөліктерге бөлінген жас немесе мұздатылған етті өндіру, сондай-ақ үй құсы етінің майын шығыру. Кесілген қауырсын мен мамық өндіру. Мал соятын жерлерде тері және былғары өңдеу. Шошқа майын және басқа да жануарлардан алынатын жеуге болатын майларды шығыру. Жануарлардың ішек-қарнын өңдеу. Жұлынған жүнді өндіру.
		2	Үй құсының етін өңдеу және консервілеу	1012	
		3	Ет өнімдерін және үй құсының етінен жасалған өнімдерді өндіру	1013	Кептірілген, тұздалған немесе ысталған ет өндіру. Ет өнімдерін өндіру: шұжықтар, салями, қанқызыл шұжық, құрғақ шұжық, сервелат, болон ысталған шұжығы, бас, орама, пісірілген ветчина.
2	Балықтан жасалған өнімдер	4	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу	1020	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды дайындау және сақтау: тоңазыту, терең тоңазыту, кептіру, өңдеу, ыстау, тұздау, консервілеу. Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өндіру: балықтың сүбе еті, уылдырық, жасанды уылдырық және т.б. өндіру Адамдардың тамаққа пайдалануы үшін немесе жануарлар азығы үшін балық өнімдерін өндіру. Балықтан және адамдардың тамаққа пайдалануына жарамсыз жануарлардың судағы түрлерінен ұн және еритін заттарды өндіру. Теңіз балдырларын қайта өңдеу.
3	Сүт өнімдері және ірімшік	5	Сүтті өңдеу және ірімшік өндіру	1051	Жаңа сауылған табиғи сүтті, пастерленген сүтті, зарарсыздандырылған сүтті, гомогенделген сүтті және/немесе ультра тазартылған сүтті өндіру. Сүт негізіндегі сусындарды өндіру Жаңа сауылған, қаймағы алынбаған, пастерленген, зарарсыздандырылған және гомогенделген сүттен кілегей өндіру. Құрғақ немесе концентратталмаған сүтті өндіру. Сары май, йогурт, ірімшік және сүзбе, сарысу, казеин немесе лактоза өндіру.
		6	Балмұздақ өндіру	1052	Балмұздақ өндіру.
4	Маймен тоң май өндіру	7	Май және тоң май өндіру	1041	Тазартылған және тазартылмаған зәйтүн, соя, пальма, күнбағыс, мақта, рапс, қыша, зығыр өсімдік майын өндіру. Майлы дақылдар дәндерінен, жаңғақтардан немесе дәндерден және ортасындағы дәннен майсыздандырылған ұнды немесе ұншаны өндіру.
		8	Маргарин және оған ұқсас тағамдық майларды өндіру	1042	Маргаринді өндіру. Тамақ дайындау үшін аралас майларды өндіру.
5	Қант және қанттан жасалған өнімдер	9	Қант өндіру	1081	Қантты (сахарозаны) құрақ, қызылша, үйеңкі және пальма шырынынан алынған құрамында қант бар заттарды өндіру немесе тазарту. Қант шәрбатын өндіру. Қара сірне өндіру. Үйеңкі шәрбатын және қантын өндіру.
6	Балалар тағамы	10	Балалар тағамын және емдәмдік тамақ өнімдерін өндіру	1086	Ерекше диеталар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерін: балалар тағамын, қосымша сүт және басқа да тамақ өнімдерін, кіші жастағы балаларға арналған тамақ өнімдерін, калориясы аз және калориясы азайтылған өнімдерді өндіру.
7	Астықты терең өңдеу өнімдері	11	Крахмал және крахмал өнімдерін өндіру	1062	Күріштен, картоптан, жүгеріден, бидайдан крахмал өндіру. Шикі жүгеріні ұсақтау. Глюкоза, қант шәрбатын, мальтоза, инулин өндіру Балауыз өндіру. Тапиока мен крахмал қоспаларын өндіру. Жүгері майын өндіру.
8	Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру	12	Ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдерін өндіру	1061	Ұн қоспаларын және нанға, тортқа, бәлішке, пирогтар мен бисквиттерге, печеньелерге немесе құймақтарға арналған ұн қоспаларын, дайын ұн қоспалары мен қамырларын өндіру. Ұнды, жарманы, ұншаларды немесе бидай қауыздарын, қара бидай, сұлы, жүгері немесе басқа да дән қауыздарын өндіру
			Макарон өнімдерін өндіру	1073	Макарон өнімдері.
9	Дайын тамақ өнімдері	13	Дайын тамақ өнімдерін өндіру	1085	Ет тағамдарыны өндіру. Балықтың тартылған етін қоса алғанда, балық тағамдарын өндіру. Көкөністерден жасалатын тағамдарды өндіру. Тоңазытылған пиццаны немесе өзге тәсілмен сақтау үшін дайындалған пиццаны өндіру.
		14	Жемістер мен көкөністерді өңдеу және консер-вілеудің өзге де түрлері	1039	Жемістерді, жаңғақтарды немесе көкөністерді сақтау: тоңазыту, кептіру, май ішінде немесе сірке суында сіңіру, консервілеу және т.б. Жемістерден немесе көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру. Джем, мармелад және асханалық желе өндіру. Жаңғақтардан паста және басқа тамақ өнімдерін өндіру.
		15	Картопты өңдеу және консервілеу	1031	Өңделген тоңазытылған картопты өндіру, құрғақ картоп пюресін өндіру, картоптардан жеңіл тамақтарды өндіру, картоп чипстерін өндіру, картоп ұнын және ұншаларын өндіру.
		16	Басқа санаттарға енгізілмеген басқа тамақ өнімдерін өндіру	1089	Жұмыртқа өнімдерін, жұмыртқа альбуминін өндіру. Ашытқылар өндіру.
10	Сусындар өндіру	17	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру	1032	Жемістерден немесе көкөністерден шырындарды өндіру.
11	Жануар-ларға арналған азықтар өндіру	18	Үй жануарлары үшін дайын азық өндіру	1092	Жануарларға арналған концентратталған азықты және азықтық қоспаларды қоса алғанда, фермалардағы жануарларға арналған дайын азықтар өндіру. Иттерді, мысықтарды, құстарды, балықтарды және т.б. қоса алғанда, үй жануарлары үшін дайын азықтар өндіру.
		19	Фермалардағы жануарлар үшін дайын азықтар өндіру	1091	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 12 ақпан №58 Астана, Үкімет Үйі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мұнай және газ, жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету салаларындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды айқындау және «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» 2012 жылғы 26 желтоқсандағы №1684 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы №489 және «Мұнай мен газ саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №918 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Мұнай және газ, жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету салаларындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды айқындау және «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы №1684 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №489 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., №36, 257-құжат):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Көмірсутектер, жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету салаларындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды айқындау туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі – көмірсутектер саласындағы;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті – жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарлар болып айқындалсын.»;

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) «Мұнай мен газ саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №918 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2017 ж., №68-69-70, 428-құжат):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Көмірсутектер, газ және газбен жабдықтау саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі көмірсутектер, газ және газбен жабдықтау саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті орган болып;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар айқындалсын.»;

көрсетілген қаулыға 1-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 ақпандағы №58 қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №489 қаулысына қосымша

Бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар)

Р/с №	Лицензияның және жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызмет түрінің атауы	Жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызметтің кіші түрінің атауы
1	2	3
Көмірсутектер саласындағы қызметті лицензиялау		
1	Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия	1) мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру; 2) көмірсутектер кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу (кәсіпшілік зерттеулер, сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар); 3) мұнай; газ; газ конденсаты; қысыммен айдау ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары; 4) құрлықтағы; теңіздегі; ішкі су айдындарындағы көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау; 5) кен орындарында ұңғымаларды жерасты жөндеу (ағымдағы; күрделі); 6) көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру; сынамалау; 7) көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою; 8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту; 9) құрлықтағы; теңіздегі көмірсутектер кен орындарында мұнайдың төгілуін болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар; 10) мұнай-химия өндірістерін пайдалану; 11) көмірсутектер кен орындарына арналған жобалардың жобалық құжаттарын; технологиялық регламенттерін; техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; 12) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану
Жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялау		
2	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге арналған лицензия	1) шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғат қорғауға қатысты жобалау, нормалау; 2) шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін экологиялық аудит.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 ақпандағы №58 қаулысына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №918 қаулысына 1-қосымша

Көмірсутектер, газ және газбен жабдықтау саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беру

Р/с №	Рұқсат беру рәсімінің атауы	Рұқсаттың және жүзеге асыру үшін рұқсаттың болуы талап етілетін қызмет (әрекет) түрінің атауы
1	2	3
1.	Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу	Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу туралы куәлік
2.	Шикі газды алау етіп жағуға рұқсат беру	Шикі газды алау етіп жағуға рұқсат
3.	Теңіздегі объектілерді құруға және орналастыруға рұқсат беру	Теңіздегі объектілерді құруға және орналастыруға рұқсат

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 ақпандағы №58 қаулысына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №918 қаулысына 2-қосымша

Көмірсутектер саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар

Р/с №	Екінші санаттағы рұқсаттар	Уәкілетті орган	Келісуші мемлекеттік орган
1	2	3	4
1.	Теңіздегі объектілерді құруға және орналастыруға рұқсат	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті
			Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
			Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі
			Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 26 желтоқсан №943 Астана қаласы

«Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 19 мамырдағы №462 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 19 мамырдағы №462 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11394 деп тіркелді, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 26 маусымда жарияланды) мынандай өзгерістер енгізілсін:

1) Көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2) Көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3) Көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау департаменті (А.Р. Заппаров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-майоры Ж.Қ. Сүлейменовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр полиция генерал-полковнигі Қ.ҚАСЫМОВ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 19 мамырдағы №462 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №943 бұйрығына 1-қосымша

«Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 329 бұйрығымен бекітілген «Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі лицензия беру, есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензияны қайта ресімдеу не Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.

2-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекет тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімдерді (іс-қимылдар) бастау үшін негіз Стандарттың 9-тармағына сәйкес қажетті құжаттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызмет алушының электрондық сұрау салуының бар болуы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімдер (іс-қимылдар), оны орындау ұзақтығы:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде:

1) құжаттар порталға келіп түскеннен кейін – 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдағаны туралы хабарлама жолданады.

Құжаттар сағат 18.30-дан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мейрам күндері келіп түскен кезде құжаттарды келесі жұмыс күні тіркеу жүзеге асырылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы – 2 (екі) сағат ішінде басқарма басшысына құжаттар жолдайды;

3) басқарма басшысы – 2 (екі) сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын (бұдан әрі – орындаушы) анықтайды;

4) орындаушы ұсынылған құжаттардың шынайылығын тексереді, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, өндірістік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдарға лицензия беруді келісуге, аумақтық бөліністерге келісу хатын алуға, наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлерге есірткі, психотроптық заттармен және прекурсорлармен жұмыс істеуге рұқсаты бар жұмыскерлердің тиісті анықтамаларын алуға сұрау салу жолдайды не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімдейді – көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

5) уәкілетті органдар – 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сұрау салуды қарайды және көрсетілетін қызметті алушының сәйкес келуі/сәйкес келмеуі туралы қорытынды береді;

6) орындаушы уәкілетті органдар ұсынған құжаттар сәйкес болған кезде лицензия және (немесе) лицензияға қосымша не Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімдейді – 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші басшысына қол қоюға жолдайды;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы – 2 (екі) сағат ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды.

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде:

1) порталда құжат келіп түскеннен кейін – 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жолданады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы – 2 (екі) сағат ішінде басқарма басшысына құжаттарды жолдайды;

3) басқарма басшысы – 2 (екі) сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын (бұдан әрі – орындаушы) анықтайды;

4) орындаушы ұсынылған құжаттардың шынайылығын тексереді, ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімдейді, ұсынылған құжаттар сәйкес келмеуі жағдайында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады – көрсетілетін қызмет алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі автоматты түрде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзге көрсетілетін қызмет берушілермен өзара іс-қимыл жасасу және ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

9. Өтініштің тәртібін және мемлекеттік қызмет көрсетуде жұмылдырылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл жасасуының диаграммасы түрінде портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаты графикалық нысанда осы регламентке қосымшада (бизнес-процестер анықтамасы) келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жолдаған сұрау салуы көрсетілетін қызметті берушіге қарауға келіп түседі.

Ескертпе: көрсетілетін қызметті алушы порталда тіркелуі және іске қосылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұрау салу үшін порталда «Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беруді» таңдайды. Портал ол көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтыра отырып, сұрау салудың бірінші қадамын қалыптастырады .

Көрсетілетін қызметті алушы тиісті терезелердегі деректерді толтырады:

1) бюджетке лицензиялық алымды электрондық үкіметтің төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы төлеу туралы ақпарат;

2) біліктілік талаптарға сәйкес мәліметтер нысанын толтырады.

Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ қол қоя отырып, сұрау салуды сақтайды. Портал арқылы сұрау салуды жөнелту кезінде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» сұрау салу туралы ақпарат қолжетімді, көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізілгені, тіркегені, орындалғаны туралы белгілер, қаралғаны немесе қараудан бас тартылғаны туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

10. Портал арқылы өтініш тәртібі мен көрсетілетін қызметті беруші рәсімдерінің (іс-қимыл) реттілігінің сипаты:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері электронды құжат (мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуы) келіп түскен күні тіркеуді жүргізеді және көрсетілетін қызметті берушінің басқармасы басшысына жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттар келіп түскен күні лицензиялау басқармасының бастығына қарауға жолдайды;

3) лицензиялау басқармасының бастығы құжаттар келіп түскен күні көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша орындаушыны белгілейді;

4) орындаушы көрсетілетін қызметті алушының электронды сұрау салуын алған сәттен бастап өтінішті қарайды, ұсынылған құжаттардың сәйкес келуін/сәйкес еместігін тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік қызмет көрсетуге бас тарту туралы дәлелді жауап ресімдейді, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдайды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 10 (он) жұмыс күні ішінде. Ұсынылған құжаттар сәйкес келмеуі жағдайында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады – көрсетілетін қызмет алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі автоматты түрде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің толық сипаттамасы осы Регламентке қосымшаға сәйкес «Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілген.

«Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

«Есірткі, психотроптық заттар мен олардыңпрекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)



*ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің), «электрондық үкімет» веб-порталының өзара іс-қимыл жасасуы.

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы
- рәсімнің (іс-қимылдың) атауы
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 19 мамырдағы № 462 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №943 бұйрығына 2-қосымша

«Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 329 бұйрығымен бекітілген «Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарларды экспорттауға және импорттауға лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу не Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы ЭСҚ қол қойған электронды құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады. Қажет болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі басып шығарылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының мөрімен және қолымен расталады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.

2-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекет тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімдерді (іс-қимылдар) бастау үшін негіз Стандарттың 9-тармағына сәйкес қажетті құжаттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызмет алушының электрондық сұрау салуының бар болуы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімдер (іс-қимылдар), оны орындау ұзақтығы:

Экспортқа және (немесе) импортқа лицензия беру кезінде:

1) құжаттар порталға келіп түскеннен кейін – 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдағаны туралы хабарлама жолданады.

Құжаттар сағат 18.30-дан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мейрам күндері келіп түскен кезде құжаттарды келесі жұмыс күні тіркеу жүзеге асырылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы – 2 (екі) сағат ішінде басқарма басшысына құжаттар жолдайды;

3) басқарма басшысы – 2 (екі) сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын (бұдан әрі – орындаушы) анықтайды;

4) орындаушы ұсынылған құжаттардың шынайылығын тексереді, құжаттар сәйкес болған кезде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспортқа және (немесе) импортқа лицензия ресімдейді, не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімдейді – 2 (екі) жұмыс күні ішінде Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдайды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы – 2 (екі) сағат ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды.

лицензияны қайта ресімдеу кезінде:

1) порталда құжат келіп түскеннен кейін – 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жолданады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы – 2 (екі) сағат ішінде басқарма басшысына құжаттарды жолдайды;

3) басқарма басшысы – 2 (екі) сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын (бұдан әрі – орындаушы) анықтайды;

4) орындаушы ұсынылған құжаттардың шынайылығын тексереді, ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімдейді, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдайды.

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы – 2 (екі) сағат ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдердің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) тіркелген өтініш және басшылықтың орындаушыны анықтауы;

2) ұсынылған құжаттардың толықтығын және сәйкестігін тексеру, өтінішті қараудан бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдеу;

3) өтінішті қарау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ресімдеу;

4) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін басшыға жолдау;

5) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қою.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне көрсетілетін қызметті берушінің мынадай құрылымдық бөліністері (қызметкерлері) жұмылдырылды:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3 лицензиялау басқармасының бастығы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы.

8. Көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөліністер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері электронды құжат (мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуы) келіп түскен күні тіркеуді жүргізеді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттар келіп түскен күні лицензиялау басқармасының бастығына қарауға жолдайды;

3) лицензиялау басқармасының бастығы құжаттар түскен күні көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша орындаушыны белгілейді;

4) орындаушы көрсетілетін қызметті алушының электронды сұрау салуын алған сәттен бастап өтінішті қарайды, ұсынылған құжаттардың сәйкестігін/сәйкес келмеуін тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастырады және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына қол қоюға жолдайды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды:

экспортқа және (немесе) импортқа лицензия беру кезінде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде. Ұсынылған құжаттар сәйкес келмеуі жағдайында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады – көрсетілетін қызмет алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі автоматты түрде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің толық сипаттамасы осы Регламентке қосымшаға сәйкес «Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілген.

«Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

«Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

*ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің), «электрондық үкімет» веб-порталының өзара іс-қимыл жасасуы.

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы
- рәсімнің (іс-қимылдың) атауы
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 19 мамырдағы №462 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 943 бұйрығына 3-қосымша

«Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 329 бұйрығымен бекітілген «Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (жартылай автоматандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамы электрондық сандық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭСҚ) растаған электронды құжат нысанында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) беру болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы ЭСҚ қойған электронды құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қағаз тасымалдағышта жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды нысанда ресімделеді. Қажет болған жағдайда басып шығарылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының мөрімен және қолымен расталады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

2-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекет тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімдерді (іс-қимылдар) бастау үшін негіз Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды қабылдау болып табылады.

Осы Регламентке қосымшада «Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімдер (іс-қимылдар), оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы келіп түскен мемлекеттік қызметті көрсетуге рұқсат жобасын (бұдан әрі – рұқсат жобасы) – 30 (отыз) минут ішінде.

Рұқсат жобасы сағат 18.30-дан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мейрам күндері келіп түскен кезде құжаттарды келесі жұмыс күні тіркеу жүзеге асырылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы – 1 (бір) сағат ішінде бұрыштамаға қол қояды және лицензиялау басқармасы бастығына құжаттарды жолдайды;

3) басқарма басшысы – 1 (бір) сағат ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын (бұдан әрі – орындаушы) анықтайды;

4) орындаушы ұсынылған құжаттардың шынайылығын тексереді, ұсынылған құжаттар сәйкес келген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде рұқсат ресімдейді, мәліметтер шынайы болмағаны анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімдейді, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдайды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы – 2 (екі) сағат ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдердің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) кіріс нөмірі бар тіркелген рұқсат жобасы;

2) ұсынылған құжаттардың толықтығын және сәйкестігін тексеру, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін және (немесе) рұқсат жобасын қараудан бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдеу;

3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін басшыға жолдау;

4) көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭСҚ қойылған электронды құжат.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне көрсетілетін қызметті берушінің мынадай құрылымдық бөліністері (қызметкерлері) жұмылдырылды:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) лицензиялау басқармасының бастығы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы.

8. Көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөліністер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері рұқсат жобасы келіп түскен күні ЭСҚ көмегімен порталда тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы рұқсат жобасы келіп түскен күні лицензиялау басқармасының бастығына қарауға жолдайды;

3) лицензиялау басқармасының бастығы рұқсат жобасы келіп түскен күні көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша орындаушыны белгілейді;

4) орындаушы көрсетілетін қызметті алушының рұқсат жобасын алған сәттен бастап өтінішті қарайды, ұсынылған құжаттардың сәйкестігін/сәйкес келмеуін тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қалыптастырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдайды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды:

рұқсат беру кезінде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

қсынылған құжаттар сәйкес келмеуі жағдайында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады – көрсетілетін қызмет алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзге көрсетілетін қ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 28 желтоқсан №313 Алматы қаласы

Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы

(Соңы. Басы 33-нөмірде)

16. 1-кестенің 11-жолында, 2-кестенің 10-жолында бір кредиттік тарих субъектісі бойынша көрсеткіш бойынша көрсеткіштің өзге мәндерімен бірмезгілде «Байланысты емес» мәнін пайдалануға рұқсат етілмейді.

17. 1-кестенің 12-жолында компаниялар тобына тиесілілігі кредитордың ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Компаниялар тобына тиесілі әрбір кредиттік тарих субъектісі тиісті топқа байланысты болуға тиіс.

Компаниялар топтарының анықтамалығын кредиторлар жүргізеді, анықтамалықтағы тиісті ақпаратты кредиторлар қажеттілігіне қарай дербес жаңартады.

Көрсеткіш компаниялар тобына тиесілі барлық кредиттік тарих субъектілері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

18. 1-кестенің 13-жолы, 2-кестенің 11-жолы кредиттік тарих субъектісі туралы мәліметтер ескерілген жағдай бойынша күнді көрсетуге арналған.

19. Қосымша түсіндірмелер

Нысан мақсатында баламалы сәйкестендіру нөмірі Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын кредиттік тарих субъектісін сәйкестендіргіштердің бірі ретінде болады.

Заңды тұлғалар үшін баламалы сәйкестендіру нөмірі XXYY0ЖЖAAKKF форматындағы 12 таңбалы нөмірді білдіреді, мұнда:

XX – латын әліпбиінің екі бас әрпі түріндегі елдердің екі таңбалы кодтарына сәйкес резиденттік;

YY – түпнұсқа әліпбидің екі бас әрпі түріндегі заңды тұлғаның атауы;

ЖЖAAKK – 6 цифр түріндегі заңды тұлғаның заңды тіркелу күні (мұнда «ЖЖ» - жылы, «AA» - айы, «КК» - күні);

F - цифр түріндегі 0 – 9 аралығындағы бос мән.

Жеке тұлғалар үшін баламалы сәйкестендіру нөмірі XXYYЖЖAAKKFF форматындағы 12 таңбалы нөмірді білдіреді, мұнда:

XX – латын әліпбиінің екі бас әрпі түріндегі елдердің екі таңбалы кодтарына сәйкес резиденттік;

YY – түпнұсқа әліпбидің екі бас әрпі түріндегі жеке тұлғаның аты мен тегі;

ЖЖAAKK – 6 цифр түріндегі жеке тұлғаның туған күні (мұнда «ЖЖ» - жылы, «AA» - айы, «КК» - күні);

FF – 2 цифр түріндегі 00 – 99 аралығындағы бос мән.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына 4-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы 1 «_____» жағдай бойынша

Индекс: КР_ОД1

Ұсыну кезеңділігі:

ай сайын – екінші деңгейдегі банктер, ипотекалық ұйымдар, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы;

тоқсан сайын – уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары

Ұсынатындар: екінші деңгейдегі банктер, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, ипотекалық ұйымдар, уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары (бұдан әрі – кредитор)

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі:

1) бес жүз мыңнан аспайтын қарыз және шартты міндеттемелер шарттарын қамтитын есептілікті:

ай сайын:

есепті кезеңнің соңында филиалдары жоқ не бестен аспайтын филиалы бар екінші деңгейдегі банктер – есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырмасына дейін (қоса алғанда);

есепті кезеңнің соңында алты (қоса алғанда) – он (қоса алғанда) аралығында филиалы бар екінші деңгейдегі банктер, ипотекалық ұйымдар, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы – есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда);

есепті кезеңнің соңында он бір (қоса алғанда) – жиырма (қоса алғанда) филиалы бар екінші деңгейдегі банктер – есепті кезеңнен кейінгі айдың отызына дейін (қоса алғанда);

есепті кезеңнің соңында жиырмадан астам филиалы бар екінші деңгейдегі банктер – есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың бесіне дейін (қоса алғанда);

уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары – тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда);

2) бес жүз мыңнан асатын қарыз және шартты міндеттемелер шарттарын қамтитын есептілікті – ай сайын (тоқсан сайын) есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың бесіне дейін (қоса алғанда)

Нысан

Кесте. Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп көрсеткіштерінің тізбесі

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	Кредиттік тарих субъектісі және кредитордың онымен шарттық қатынастары туралы мәліметтер:	
1.1	Кредиттік тарих субъектісінің құжаттары:	
1.1.1	сәйкестендіру құжаттарының түрі	
1.1.2	құжаттың нөмірі	
1.2	Қарыз (шартты міндеттеме) түрі	
1.3	Шарттың нөмірі	
1.4	Шарттың күні	
1.5	Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсететін кредитордың филиалы	
1.6	Шарттың талаптары бойынша қарыз (шартты міндеттеме) мерзімінің аяқталатын күні	
1.7	Шарт бойынша валюта түрі	
1.8	Шарттың валютасымен қарыз (шартты міндеттеме) сомасы	
1.9	Шарт бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесі:	
1.9.1	сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайыздармен мөлшері:	
1.10	Қарыздың (шартты міндеттеменің) мақсаты:	
1.10.1	кредиттеу мақсаты	
1.10.2	кредиттеу объектісі	
1.11	Қарызды қаржыландыру көзі	
1.12	Қарыз алушыда валюталық түсімнің және (немесе) хеджирлеу құралдарының болуы	
1.13	Міндеттемені тоқтату:	
1.13.1	нақты міндеттемені тоқтату күні	
2	Есепке алу күні	

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

_____ _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Есепке қол қойылған күн 20 ___ жылғы «_____» _____

Ескерту: әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар қол қояды.

4. Егер өзгесі белгіленбеген болса, Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі бүтін сандармен белгіленеді, теңгемен көрсетіледі. Бүтін сандарға дейін дөңгелектеген жағдайда 0,5 кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал 0,5 тең және одан жоғары сома бірге дейін дөңгелектенеді.

Коэффициенттер және пайыздар үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

Күндер мынадай форматта көрсетіледі: «ЖЖЖЖ-АА-КК», «КК.АА.ЖЖЖЖ», мұнда «ЖЖЖЖ» - жылы, «АА» - айы, «КК» - күні.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын кодтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған және Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде пайдаланылатын анықтамалықтардың кодтарына сәйкес көрсетіледі.

Егер тиісті көрсеткішке Түсіндірмеде өзгеше көрсетілмеген болса, барлық көрсеткіштер толтырылуы міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйедегі Нысан мақсаты үшін мынадай анықтамалықтар пайдаланылады:

Сәйкестендіру құжаттарының түрі;

Қарыздың, шартты міндеттеменің түрі;

Кредиттеу мақсаты;

Кредиттеу объектісі;

Қаржыландыру көзі;

Филиалдар;

Валюта түрі.

6. Нысанда кредитордың кредиттік тарих субъектісімен кредиттік тарих субъектісі және кредитор арасында жасалған шарт не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге қатынастар күшіне қарай қалыптасқан барлық өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер беріледі.

Мәліметтер есепті кезеңде жасалған және (немесе) қолданыстағы не есепті кезеңде қолданылуы тоқтатылған барлық қарыз (шартты міндеттеме) шарттары бойынша, барлық өтелмеген, оның ішінде баланстан есептен шығарылған және (немесе) сенімгерлікпен басқаруға берілген, сондай-ақ өтелген, кешірілген немесе есепті кезеңде сатылған қарыздар бойынша, барлық шартты міндеттемелер бойынша ұсынылады.

Белгілі бір көрсеткіш бойынша деректер өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат өзгеріс болған есепті кезеңде өзектендіруге жатады.

7. 1.1.1, 1.2, 1.5, 1.7, 1.10.1, 1.10.2, 1.11-жолдарда мәндер анықтамалықтардан таңдалады.

8. 1.1-жолда бір кредиттік тарих субъектісі бойынша бірнеше өзекті мәндерді бір мезгілде көрсетуге рұқсат етіледі.

1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10, 1.11, 1.12, 1.13-жолдарда бір шартқа біреуден аспайтын өзекті мән сәйкес келеді.

9. 1.3, 1.4-жолдарда көрсеткіштердің мәндері кредиттік тарих субъектісінің және кредитордың арасында жасалған шарттың нөміріне және күніне сәйкес келуге тиіс.

«Шарттың нөмірі», «Шарттың күні» көрсеткіштері қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде қарыз (шартты міндеттеме) шартын сәйкестендіргіш болады және шарт туралы мәліметтер ұсынған кредитор үшін бірегей және шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін болуға тиіс.

Бірегейлікті қамтамасыз ету мақсатында егер кредитордың ішкі құжаттарында қарызға (шартты міндеттемеге) автоматтандырылған жүйелерде өзге сәйкестендіру нөмірін беру көзделген болса, онда шарттың нөмірі ретінде осы сәйкестендіру нөмірін беру мүмкін болады. Бұл ретте сәйкестендіру нөмірі шарт туралы мәліметтер ұсынған кредитор үшін бірегей және шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін болуға тиіс.

Егер кредиттік және дебеттік карталар (кредиттік лимиті бар) бойынша төлем карталарын шығару туралы жалпы шарт ресімделетін болса, «Шарттың нөмірі» көрсеткіші бойынша банктің төлем картасын шығару туралы жалпы шартының нөмірін және «/» таңбасы арқылы төлем картасының нөмірін көрсету қажет.

Егер кредиттік желі шеңберінде қарыз өтініш негізінде берілетін болса, «Шарттың нөмірі» көрсеткіші бойынша кредиттік желі ұсыну (ашу) туралы келісімнің нөмірін және «/» таңбасы арқылы қарыздың сәйкестендіру нөмірін көрсету қажет.

Автоматты тәсілмен жасалған кері репо операцияларының мәмілелері бойынша мәмілені сәйкестендіргіш көрсетіледі.

Шарттың күні шарттың талаптары бойынша нақты беру күнінен, өтеу күнінен, міндеттемені нақты тоқтату күнінен кеш болмауға, есепті күнге тең не одан кеш болмауға тиіс.

10. 1.5-жол кредиторлар анықтамалығына сәйкес қарызға, шартты міндеттемеге қызмет көрсететін кредитордың филиалын сәйкестендіруге арналған. Егер қарызға (шартты міндеттемеге) тікелей кредитор қызмет көрсететін болса, онда көрсеткіш бойынша кредитор, егер филиал көрсететін болса – кредитордың филиалы көрсетіледі.

Кредитор филиалдарының анықтамалығын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредитордың өз филиалдары туралы мәліметтер ұсынуы бойынша жүргізеді, анықтамалықтағы тиісті ақпарат қажеттілігіне қарай жаңартылады.

11. 1.6-жол қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартта көрсетілген қарыз (шартты міндеттеме) мерзімінің аяқталу күнін көрсетуге арналған.

Егер шартта оның қолданылуының аяқталу мерзімі болмаса, көрсеткіш берілмейді.

12. 1.8-жол қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартта белгіленген валютамен қарыз (шартты міндеттеме) сомасын көрсетуге арналған.

Көрсеткіш бойынша мәні үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

Көрсетілген көрсеткіш бойынша кредиттік карта, кредиттік желі, овердрафт үшін таңдалған валютамен шарт бойынша лимит көрсетіледі.

Шарт валютасымен қарыз (шартты міндеттеме) сомасы не шарт бойынша валюта түрі өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат өзектендіруге жатады.

Кредиттік қалдығы бар кредиттік және дебеттік карталарды қоспағанда, шарт валютасымен қарыз сомасы негізгі борыш қалдықтарының сомасынан аз болмауға тиіс.

13. 1.10-жол қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартқа сәйкес кредиттеу мақсатын және объектісін көрсетуге арналған.

Қарыздың мақсаты (нысаналы мақсаты) «Кредиттеу мақсаты» және «Кредиттеу объектісі» көрсеткіштерінің мәндерін аралас қолданымен айқындалады.

Кері репо операцияларын қоспағанда, көрсеткіштер барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

14. 1.11-жол соның есебінен қарыз қаржыландырылған не қарыз бойынша талап ету құқығын иеленген кредиторды қаржыландыру көзінің түрін көрсетуге арналған және барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

15. 1.12-жолда кредиттік тарих субъектісінде валюталық түсім және (немесе) хеджирлеу құралдары болған жағдайда «1» мәні көрсетіледі, олай болмаған жағдайда «0» көрсетіледі не көрсеткіш берілмейді.

Банкаралық қарыздарды, кері репо операцияларын қоспағанда, көрсеткіш шарт бойынша валюта түрі теңгеден өзгеше барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

16. 2-жол қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы мәліметтер ескерілген жағдай бойынша күнді көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына 5-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы «___»_____ жағдай бойынша

Индекс: КР_ОД1

Ұсыну кезеңділігі:

қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы деректердің өзгеруіне немесе алынуына қарай

Ұсынатындар: екінші деңгейдегі банктер, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, ипотекалық ұйымдар, уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары (бұдан әрі – кредитор)

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі:

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін: қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы деректер өзгертілген немесе алынған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап: қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы деректер өзгертілген немесе алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп көрсеткіштерінің тізбесі

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	Кредиттік тарих субъектісі және кредитордың онымен шарттық қатынастары туралы мәліметтер:	
1.1	Кредиттік тарих субъектісінің түрі (рөлі)	
1.2	Кредиттік тарих субъектісінің құжаттары:	
1.2.1	сәйкестендіру құжаттарының түрі	
1.2.2	құжаттың нөмірі	
1.3	Дара кәсіпкер белгісі	
1.4	Қарыз (шартты міндеттеме) түрі	
1.5	Шарттың нөмірі	
1.6	Шарттың күні	
1.7	Кредиттік желіге тиесілілігі:	
1.7.1	кредиттік желі шартының нөмірі	
1.7.2	кредиттік желі шартының күні	
1.8	Банк кепілдігін (кепілдемені) шығару нөмірі	
1.9	Банк кепілдігін (кепілдемені) шығару күні	
1.10	Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсететін кредитордың филиалы	
1.11	Шарттың талаптары бойынша қарыз (шартты міндеттеме) мерзімінің аяқталу күні	
1.12	Шарт бойынша валюта түрі	
1.13	Шарттың валютасымен қарыз (шартты міндеттеме) сомасы	
1.14	Шарт бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесі:	
1.14.1	мөлшерлеме түрі (белгіленген/өзгермелі)	
1.14.2	өзгермелі индекс атауы	
1.14.3	сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайыздармен мөлшері:	
1.14.3.1	белгіленген мөлшерлеме (өзгермелі мөлшерлеменің белгіленген спрэды)	
1.14.3.2	өзгермелі индекс	
1.15	Шарт бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі:	
1.15.1	халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша бастапқы мөлшерлеме мөлшері	
1.15.2	шынайы жылдық тиімді салыстырмалы түрде есептелген сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері	
1.16	Өтеу кестесі:	
1.16.1	кесте жасау күні	
1.16.2	өтеу валютасының түрі:	
1.16.2.1	негізгі борыш	
1.16.2.2	сыйақы	
1.16.3	төлемдер:	
1.16.3.1	өтеу күні	
1.16.3.2	кезекті төлем мөлшері:	
1.16.3.2.1	негізгі борыш бойынша	
1.16.3.2.2	сыйақы бойынша	
1.16.3.3	келесі өтеу күніне негізгі борыш бойынша берешектің қалдығы	
1.17	Қарыздың (шартты міндеттеменің) мақсаты:	
1.17.1	кредиттеу мақсаты	
1.17.2	кредиттеу объектісі	
1.17.3	қарыз (шартты міндеттеме) сомасының үлесі	
1.18	Қарызды қаржыландыру көзі:	
1.18.1	қаржыландыру көзі	
1.18.2	қарыз сомасының үлесі	
1.19	Қарыз алушыда валюталық түсімнің және (немесе) хеджирлеу құралдарының болуы	
1.20	Қарыз бойынша талап ету құқығын беру (сату), қабылдау (сатып алу):	
1.20.1	беру (сату), қабылдау (сатып алу) белгісі	
1.20.2	талап ету құқығы берілген не сатылған (қабылданған не сатып алынған) ұйымның түрі	
1.20.3	талап ету құқығы берілген не сатылған (қабылданған не сатып алынған) ұйымның атауы	
1.20.4	талап ету құқығы берілген не сатылған (қабылданған не сатып алынған) ұйымның құжаттары:	
1.20.4.1	сәйкестендіру құжаттарының түрі	
1.20.4.2	құжаттың нөмірі	
1.20.5	беру (сату), қабылдау (сатып алу) күні	
1.20.6	сату (сатып алу) сомасы	
1.21	Қайта қаржыландырылған қарыз бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.21.1	алдыңғы кредитордың құжаттары:	
1.21.1.1	сәйкестендіру құжаттарының түрі	
1.21.1.2	құжаттың нөмірі	
1.21.2	алдыңғы қарыз алушының құжаттары:	
1.21.2.1	сәйкестендіру құжаттарының түрі	
1.21.2.2	құжаттың нөмірі	
1.21.3	шарттың нөмірі	
1.21.4	шарттың күні	
1.22	Міндеттемені тоқтату:	
1.22.1	міндеттемені тоқтату негіздері	
1.22.2	шешім қабылдаған кредитордың уәкілетті органы	
1.22.3	нақты міндеттемені тоқтату күні	
2	Есепке алу күні	

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

_____ _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Есепке қол қойылған күн 20 ___ жылғы «_____» _____

Ескерту: әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар қол қояды.

4. Егер өзгесі белгіленбеген болса, Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі бүтін сандармен белгіленеді, теңгемен көрсетіледі. Бүтін сандарға дейін дөңгелектеген жағдайда 0,5 кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал 0,5 тең және одан жоғары сома бірге дейін дөңгелектенеді.

Коэффициенттер және пайыздар үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

Күндер мынадай форматта көрсетіледі: «ЖЖЖЖ-АА-КК», «КК.АА.ЖЖЖЖ», мұнда «ЖЖЖЖ» - жылы, «АА» - айы, «КК» - күні.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын кодтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған және Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде пайдаланылатын анықтамалықтардың кодтарына сәйкес көрсетіледі.

Егер тиісті көрсеткішке Түсіндірмеде өзгеше көрсетілмеген болса, барлық көрсеткіштер толтырылуы міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйедегі Нысан мақсаты үшін мынадай анықтамалықтар пайдаланылады:

Кредиттік тарих субъектісінің түрі (рөлі);

Сәйкестендіру құжаттарының түрі;

Қарыздың, шартты міндеттеменің түрі;

Кредиттеу мақсаты;

Кредиттеу объектісі;

Қаржыландыру көзі;

Міндеттемені тоқтату негіздері;

Талап ету құқығы берілген не сатылған (қабылданған не сатып алынған) ұйымның түрі;

Кредитордың уәкілетті органы;

Филиалдар;

Өзгермелі индекстер;

Валюта түрі.

6. Нысанда кредитордың кредиттік тарих субъектісімен кредиттік тарих субъектісі және кредитор арасында жасалған шарт не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге қатынастар күшіне қарай қалыптасқан барлық өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер беріледі.

Мәліметтер есепті кезеңде жасалған және (немесе) қолданыстағы не есепті кезеңде қолданылуы тоқтатылған барлық қарыз (шартты міндеттеме) шарттары бойынша, барлық өтелмеген, оның ішінде баланстан есептен шығарылған және (немесе) сенімгерлікпен басқаруға берілген, сондай-ақ өтелген, кешірілген немесе есепті кезеңде сатылған қарыздар бойынша, барлық шартты міндеттемелер бойынша ұсынылады.

Қарыздың (шартты міндеттеменің) кредиттік тарих субъектісімен байланысы қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде субъектінің сәйкестендіру құжаты арқылы белгіленеді.

Белгілі бір көрсеткіш бойынша деректер өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат өзгеріс болған есепті кезеңде өзектендіруге жатады.

7. 1.1, 1.2.1, 1.4, 1.10, 1.12, 1.14.2, 1.17.1, 1.17.2, 1.18.1, 1.20.2, 1.20.4.1, 1.21.2.1, 1.22.1, 1.22.2-жолдарда мәндер анықтамалықтардан таңдалады.

8. 1.1, 1.17, 1.18, 1.21-жолдарда бір шарт бойынша бірнеше өзекті мәндерді бір мезгілде көрсетуге рұқсат етіледі.

1.2-жолда бір кредиттік тарих субъектісі бойынша бірнеше өзекті мәндерді бір мезгілде көрсетуге рұқсат етіледі.

1.3-жолда бір кредиттік тарих субъектісіне біреуден аспайтын өзекті мән сәйкес келеді.

1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10, 1.11, 1.12, 1.13, 1.14, 1.15, 1.16, 1.19, 1.20, 1.22-жолдарда бір шартқа біреуден аспайтын өзекті мән сәйкес келеді.

9. 1.3-жолда егер қарыз (шартты міндеттеме) дара кәсіпкерге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында берілетін болса «1» мәні көрсетіледі, олай болмаған жағдайда «0» көрсетіледі не көрсеткіш берілмейді.

Көрсеткіш кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында жеке тұлғалар болып табылатын кредиттік тарих субъектілерімен жасалған барлық шарттар бойынша толтыруға міндетті болып табылады.

10. 1.5, 1.6-жолдарда көрсеткіштердің мәндері кредиттік тарих субъектісінің және кредитордың арасында жасалған шарттың нөміріне және күніне сәйкес келуге тиіс.

«Шарттың нөмірі», «Шарттың күні» көрсеткіштері қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде қарыз (шартты міндеттеме) шартын сәйкестендіргіш болады және шарт туралы мәліметтер ұсынған кредитор үшін бірегей және шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін болуға тиіс.

Бірегейлікті қамтамасыз ету мақсатында егер кредитордың ішкі құжаттарында қарызға (шартты міндеттемеге) автоматтандырылған жүйелерде өзге сәйкестендіру нөмірін беру көзделген болса, онда шарттың нөмірі ретінде осы сәйкестендіру нөмірін беру мүмкін болады. Бұл ретте сәйкестендіру нөмірі шарт туралы мәліметтер ұсынған кредитор үшін бірегей және шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін болуға тиіс.

Егер кредиттік және дебеттік карталар (кредиттік лимиті бар) бойынша төлем карталарын шығару туралы жалпы шарт ресімделетін болса, «Шарттың нөмірі» көрсеткіші бойынша банктің төлем картасын шығару туралы жалпы шартының нөмірін және «/» таңбасы арқылы төлем картасының нөмірін көрсету қажет.

Егер кредиттік желі шеңберінде қарыз өтініш негізінде берілетін болса, «Шарттың нөмірі» көрсеткіші бойынша кредиттік желі ұсыну (ашу) туралы келісімнің нөмірін және «/» таңбасы арқылы қарыздың сәйкестендіру нөмірін көрсету қажет.

Автоматты тәсілмен жасалған кері репо операцияларының мәмілелері бойынша мәмілені сәйкестендіргіш көрсетіледі.

Шарттың күні шарттың талаптары бойынша нақты беру күнінен, өтеу күнінен, міндеттемені нақты тоқтату күнінен кеш болмауға, есепті күнге тең не одан кеш болмауға тиіс.

11. 1.7-жол шеңберінде қарыз берілетін «Кредиттік желі» шартты міндеттемесін сәйкестендіруге арналған және кредиттік желі шеңберінде берілген барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

Кредиттік желіге тиесілілігін көрсететін шарттың нөмірі мен күні тиісті кредиттік желінің нөмірі мен күніне қатаң сәйкес келуге тиіс.

12. 1.10-жол кредиторлар анықтамалығына сәйкес қарызға, шартты міндеттемеге қызмет көрсететін кредитордың филиалын сәйкестендіруге арналған. Егер қарызға (шартты міндеттемеге) тікелей кредитор қызмет көрсететін болса, онда көрсеткіш бойынша кредитор, егер филиал көрсететін болса – кредитордың филиалы көрсетіледі.

Кредитор филиалдарының анықтамалығын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредитордың өз филиалдары туралы мәліметтер ұсынуы бойынша жүргізеді, анықтамалықтағы тиісті ақпарат қажеттілігіне қарай жаңартылады.

13. 1.11-жол қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартта көрсетілген қарыз (шартты міндеттеме) мерзімінің аяқталу күнін көрсетуге арналған.

Егер шартта оның қолданылуының аяқталу мерзімі болмаса, көрсеткіш берілмейді.

14. 1.13-жол қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартта белгіленген валютамен қарыз (шартты міндеттеме) сомасын көрсетуге арналған.

Көрсеткіш бойынша мәні үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

Көрсетілген көрсеткіш бойынша кредиттік карта, кредиттік желі, овердрафт үшін таңдалған валютамен шарт бойынша лимит көрсетіледі.

Шарт валютасымен қарыз (шартты міндеттеме) сомасы не шарт бойынша валюта түрі өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат өзектендіруге жатады.

Кредиттік қалдығы бар кредиттік және дебеттік карталарды қоспағанда, шарт валютасымен қарыз сомасы негізгі борыш қалдықтарының сомасынан аз болмауға тиіс.

15. 1.14-жолда өзгермелі мөлшерлеменің белгіленген спрэдына және өзгермелі индекске бөле отырып мөлшерлемені көрсету 2019 жылғы 1 шілдеден кейін жасалған не өзгерістер енгізілетін, сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі белгіленген барлық қарыз шарттары үшін міндетті болып табылады.

Өзгермелі индекстер анықтамалығын кредиторлар жүргізеді, анықтамалықтағы тиісті ақпаратты кредиторлар қажеттілігіне қарай дербес жаңартады.

16. 1.16-жол қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартта белгіленген өтеу кестесін көрсетуге арналған.

Өтеу кестесінде негізгі борышты және сыйақыны өтеу валютасының түрі, өтеу күндері, негізгі борыш және сыйақы бойынша кезекті төлемдер мөлшерлері, келесі өтеулер күндеріне негізгі борыш бойынша берешек қалдығы, қарызды өтеу кестесі жасалған күн қамтылады.

Кезекті төлемдер мөлшері, берешек қалдықтары қосымша келісімдер ескеріле отырып, шарт валютасында көрсетіледі.

Шарттың талаптары өтеу кезеңділігінің өзгеруіне немесе өтеу кестесі бойынша өзге өзгерістерге әкеп соқтыратындай өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат шарттың талаптары өзгерген кезден бастап өзектендіруге жатады.

Көрсеткіш өтеу кестесі бар барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

17. 1.17-жол кредиттеу мақсаты мен объектісін, сондай-ақ қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартқа сәйкес қарыз сомасынан көрсетілген мақсатқа берілген соманың үлесін көрсетуге арналған.

Қарыздың мақсаты (нысаналы мақсаты) «Кредиттеу мақсаты» және «Кредиттеу объектісі» көрсеткіштерінің мәндерін аралас қолданымен айқындалады.

Бір қарыз бойынша үлестердің жиынтық сомасы жүз пайызға тең болуға тиіс.

Кері репо операцияларын қоспағанда, көрсеткіш барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

18. 1.18-жол соның есебінен қарыз қаржыландырылған не қарыз бойынша талап ету құқығын иеленген кредиторды қаржыландыру көзінің түрін, сондай-ақ қаражат көзі есебінен қаржыландырылатын қарыз сомасының үлесін көрсетуге арналған.

Бір шарт бойынша үлестердің жиынтық сомасы жүз пайызға тең болуға тиіс.

Көрсеткіштер барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

19. 1.19-жолда кредиттік тарих субъектісінде валюталық түсім және (немесе) хеджирл

(Жалғасы. Басы 18-бетте)

Егер қарыз (шартты міндеттеме) кепілмен, кепілдікпен немесе кепілдемемен не анықтамалықпен көзделген қамтамасыз етудің өзге түрлерімен қамтамасыз етілмеген болса, онда «Кепілсіз» мәні көрсетіледі, Нысанның өзге көрсеткіштері бойынша мәліметтер көрсетілмейді.

Бір қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша кепіл туралы бірнеше шарт көрсетуге рұқсат етіледі.

Белгілі бір көрсеткіш бойынша деректер өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат өзгеріс болған есепті кезеңде өзектендіруге жатады.

7. 2-жолда мәні анықтамалықтан таңдалады.

8. 1-жол кредиттік тарих субъектісі (борышкер болып табылатын) кепілмен қамтамасыз етілген қарыз (шартты міндеттеме) бойынша міндеттемесін орындамаған жағдайда кредитордың (кепіл ұстаушының) соның негізінде кепіл мүлкінің құнынан қанағаттандыру алуға, шартқа сәйкес кепілгерге немесе кепілдік берушіге не өзге тұлғаға орындалмаған міндеттеме бойынша талап қоюға құқығы болатын кепіл, кепілдік және кепілдеме туралы шарттың нөмірін және күнін көрсетуге арналған.

Осы көрсеткіш бойынша мәліметтер шартқа сәйкес толтырылуға тиіс және кепіл, кепілдік, кепілдеме не сақтандыру туралы шарттың нөмірімен бірдей болуға тиіс.

Көрсеткіш қамтамасыз етуді сәйкестендіргіш болады, қамтамасыз ету туралы мәліметтер ұсынған кредитор үшін бірегей болуға және шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін болуға тиіс.

Егер бір кепіл туралы шарт шеңберінде қамтамасыз етудің бірнеше түрі көзделген болса, қамтамасыз етудің осы түрлерінің әрқайсысы осы шарттың нөмірімен көрсетіледі.

Бірегейлікті қамтамасыз ету мақсатында егер кредитордың ішкі құжаттарында кепіл шартына автоматтандырылған жүйелерде өзге сәйкестендіру нөмірін беру көзделген болса, онда кепіл шартының нөмірі ретінде шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін осы сәйкестендіру нөмірін беруге болады.

9. 2-жол шартта көзделген қамтамасыз етуді «Қамтамасыз ету түрі» анықтамалығына сәйкес түрлері бойынша жіктеуге арналған.

Көрсеткіш бойынша «Кепілсіз» мәні бір реттен артық көрсетілмейді. Бір қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша көрсетілген мәнді қамтамасыз етудің өзге мәндерімен бірмезгілде пайдалануға рұқсат етілмейді.

10. 3-жол есепті күндегі соңғы бағалау (қайта бағалау) ескеріле отырып кепілдің және басқа да қамтамасыз етудің құнын айқындау бойынша ішкі құжаттарға сәйкес қамтамасыз етудің кепіл құнын көрсетуге арналған.

«Кепілсіз» мәнін қоспағанда, қамтамасыз етудің барлық түрлері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

11. 4-жолда тиісті кепіл туралы шарт қамтамасыз ету болатын қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күні көрсетіледі.

Нысандағы қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күні қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есепте көрсетілген шарттың нөмірі мен күніне сәйкес келуге тиіс.

12. 5-жол қамтамасыз ету туралы мәліметтер ескерілген жағдай бойынша күнді көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №313 қаулысына 7-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Қамтамасыз ету туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы «___»_____ жағдай бойынша

Индекс: КР_ОО1
Ұсыну кезеңділігі:
қамтамасыз ету туралы деректердің өзгеруіне немесе алынуына қарай
Ұсынатындар: екінші деңгейдегі банктер, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, ипотекалық ұйымдар, уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары (бұдан әрі – кредитор)
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі:
2020 жылғы 1 қаңтарға дейін: қамтамасыз ету туралы деректер өзгертілген немесе алынған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей;
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап: қамтамасыз ету туралы деректер өзгертілген немесе алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Қамтамасыз ету туралы есеп көрсеткіштерінің тізбесі

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	Кепіл туралы шарттың нөмірі	
2	Кепіл туралы шарттың күні	
3	Кепіл туралы шартты тоқтату:	
3.1	кепіл туралы шартты нақты тоқтату күні	
3.2	кепіл туралы шартты нақты тоқтату негізі	
4	Кепіл беруші (кепілгер, кепілдік беруші, сақтандырушы):	
4.1	субъект түрі (заңды немесе жеке тұлға)	
4.2	атауы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	
4.3	кепіл берушінің (кепілгердің, кепілдік берушінің, сақтандырушының) құжаттары:	
4.3.1	сәйкестендіру құжаттарының түрі	
4.3.2	құжаттың нөмірі	
5	Қамтамасыз ету түрі	
6	Шарт бойынша валюта түрі	
7	Кепіл құны (теңгемен)	
8	Нарықтық құны (шарт валютасымен)	
9	Қабылданған қамтамасыз етуді есепке алу шотының нөмірі	
10	Резервтерді (провизияларды) есептеу кезінде енгізілетін қамтамасыз ету құны (теңгемен)	
11	Кепіл мүлкінің орналасқан (тіркелген) жері	
12	Кепіл мүлкі объектісінің жеке нөмірі	
13	Қамтамасыз етуді соңғы бағалау (қайта бағалау) күні	
14	Бағалаушы не қамтамасыз ету құнын айқындаған тұлға туралы мәліметтер:	
14.1	атауы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	
14.2	бағалаушының не қамтамасыз ету құнын айқындаған тұлғаның құжаттары:	
14.2.1	сәйкестендіру құжаттарының түрі	
14.2.2	құжаттың нөмірі	
15	Қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
15.1	шарттың нөмірі	
15.2	шарттың күні	
16	Есепке алу күні	

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

_____ _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Есепке қол қойылған күн 20 ___ жылғы «_____» _____

Ескерту: әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Қамтамасыз ету туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Қамтамасыз ету туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қамтамасыз ету туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар қол қояды.

4. Егер өзгесі белгіленбеген болса, Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі бүтін сандармен белгіленеді, теңгемен көрсетіледі. Бүтін сандарға дейін дөңгелектеген жағдайда 0,5 кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал 0,5 тең және одан жоғары сома бірге дейін дөңгелектенеді.

Коэффициенттер және пайыздар үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

Күндер мынадай форматта көрсетіледі: «ЖЖЖЖ-АА-КК», «КК.АА.ЖЖЖЖ», мұнда «ЖЖЖЖ» - жылы, «АА» - айы, «КК» - күні.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын кодтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған және Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде пайдаланылатын анықтамалықтардың кодтарына сәйкес көрсетіледі.

Егер тиісті көрсеткішке Түсіндірмеде өзгеше көрсетілмеген болса, барлық көрсеткіштер толтырылуы міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйедегі Нысан мақсаты үшін мынадай анықтамалықтар пайдаланылады:
Елі;
Сәйкестендіру құжаттарының түрі;
Қамтамасыз ету түрі;
Валюта түрі;
Шот нөмірі;
Кепілді тоқтату негізі.

6. Нысанда кредитор кепіл, кепілдік және кепілдеме, сақтандыру шарты негізінде қарыздар (шартты міндеттемелер) бойынша қабылдаған қамтамасыз ету не мүлік түріндегі, оның ішінде болашақта түсетін ақша түріндегі қамтамасыз етуді қосқанда, өзге қамтамасыз ету туралы мәліметтер беріледі.

Егер қарыз бойынша кепіл туралы жеке шарт жасалмаған, бұл ретте қарыз шартында кредиттік тарих субъектісі (борышкер болып табылатын) орындамаған жағдайда кепіл мүлкін өндіріп алу құқығы көзделген болса, онда кепіл туралы шарт ретінде тиісті қарыз шарты көрсетіледі.

Қаржы лизингі бойынша лизинг мәні қамтамасыз ету ретінде көрсетіледі.

Кепіл туралы шарт тиісті кепіл мүлкі (кепілдік немесе кепілдеме не өзге мүлік) қамтамасыз ету болатын барлық қарыз (шартты міндеттеме) шарттарына тәуелді болады.

Егер қарыз (шартты міндеттеме) кепілмен, кепілдікпен немесе кепілдемемен не анықтамалықпен көзделген қамтамасыз етудің өзге түрлерімен қамтамасыз етілмеген болса, онда «Кепілсіз» мәні көрсетіледі, Нысанның өзге көрсеткіштері бойынша мәліметтер көрсетілмейді.

Бір қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша кепіл туралы бірнеше шарт көрсетуге рұқсат етіледі.

Белгілі бір көрсеткіш бойынша деректер өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат өзгеріс болған есепті кезеңде өзектендіруге жатады.

7. 3.2, 4.3.1, 5, 6, 11, 14.2.1-жолдарда мәндер анықтамалықтардан таңдалады.

8. 1, 2-жолдар кредиттік тарих субъектісі (борышкер болып табылатын) кепілмен қамтамасыз етілген қарыз (шартты міндеттеме) бойынша міндеттемесін орындамаған жағдайда кредитордың (кепіл ұстаушының) соның негізінде кепіл мүлкінің құнынан қанағаттандыру алуға, шартқа сәйкес кепілгерге немесе кепілдік берушіге не өзге тұлғаға орындалмаған міндеттеме бойынша талап қоюға құқығы болатын кепіл, кепілдік және кепілдеме туралы шарттың нөмірін және күнін көрсетуге арналған.

Осы көрсеткіштер бойынша мәліметтер шартқа сәйкес толтырылуға тиіс және кепіл, кепілдік, кепілдеме не сақтандыру туралы шарттың нөмірімен және күнімен бірдей болуға тиіс.

Көрсеткіштер қамтамасыз етуді сәйкестендіргіш болады, қамтамасыз ету туралы мәліметтер ұсынған кредитор үшін бірегей болуға және шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін болуға тиіс.

Егер бір кепіл туралы шарт шеңберінде қамтамасыз етудің бірнеше түрі көзделген болса, қамтамасыз етудің осы түрлерінің әрқайсысы осы шарттың нөмірімен және күнімен көрсетіледі.

Бірегейлікті қамтамасыз ету мақсатында егер кредитордың ішкі құжаттарында кепіл шартына автоматтандырылған жүйелерде өзге сәйкестендіру нөмірін беру көзделген болса, онда кепіл шартының нөмірі ретінде шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін осы сәйкестендіру нөмірін беруге болады.

9. 3-жолда кепіл туралы шарттың қолданылу мерзімінің нақты аяқталу күнін және кепілді тоқтату негізін көрсету қажет.

Кепіл туралы шартты нақты тоқтату күні кепіл туралы шарттың күнінен ерте және есепті күннен кеш болмауға тиіс.

10. 5-жол шартта көзделген қамтамасыз етуді «Қамтамасыз ету түрі» анықтамалығына сәйкес түрлері бойынша жіктеуге арналған.

Көрсеткіш бойынша «Кепілсіз» мәні бір реттен артық көрсетілмейді. Бір қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша көрсетілген мәнді қамтамасыз етудің өзге түрлерімен бірмезгілде пайдалануға рұқсат етілмейді.

11. 7-жол кредитордың кепіл саясатына сәйкес есептелген қамтамасыз ету құнын көрсетуге арналған.

8, 10-жолдар есепті күндегі соңғы бағалауды (қайта бағалауды) және кепілдің және басқа да қамтамасыз етудің құнын айқындау бойынша ішкі құжаттарға сәйкес есептелген резервтер (провизиялар) есебіне енгізілетін қамтамасыз ету құнын көрсетуге арналған.

9-жол қамтамасыз ету құны ескерілетін шот нөмірін көрсетуге арналған.

Кепілдік және нарықтық құны кепіл туралы шарт шеңберінде әрбір қамтамасыз ету бойынша жеке-жеке көрсетіледі.

«Кепілсіз» мәнін қоспағанда, қамтамасыз етудің барлық түрлері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

12. 11-жол кепіл туралы шартқа сәйкес қамтамасыз етуге қабылданған жылжымалы мүліктің тіркелген жерінің және жылжымайтын мүліктің орналасқан жерінің елін көрсетуге арналған және жылжымалы және жылжымайтын мүлік болып табылатын қамтамасыз етудің барлық түрлері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

13. 12-жолда жылжымайтын мүлік объектісі үшін кадастр нөмірі көрсетіледі.

14. 14-жолда егер соңғы бағалауды (қайта бағалауды) кредитор дербес жүргізген болса, онда кредитор бағалаушы ретінде өзін көрсетеді.

Көрсеткіш бағалау (қайта бағалау) 2019 жылғы 1 шілдеден кейін жүргізілген барлық қамтамасыз ету үшін толтыруға міндетті болып табылады.

15. 15-жолда тиісті кепіл туралы шарт қамтамасыз ету болатын қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күні көрсетіледі.

Нысандағы қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күні қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есепте көрсетілген шарттың нөмірі мен күніне сәйкес келуге тиіс.

16. 16-жол қамтамасыз ету туралы мәліметтер ескерілген жағдай бойынша күнді көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №313 қаулысына 8-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы 1 «_____» жағдай бойынша

Индекс: КР_ОО3УО1
Ұсыну кезеңділігі:
ай сайын – екінші деңгейдегі банктер, ипотекалық ұйымдар, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы;
тоқсан сайын – уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары
Ұсынатындар: екінші деңгейдегі банктер, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, ипотекалық ұйымдар, уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары (бұдан әрі – кредитор)
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі:
1) бес жүз мыңнан аспайтын қарыз және шартты міндеттемелер шарттарын қамтитын есептілікті:
ай сайын:
есепті кезеңнің соңында филиалдары жоқ не бестен аспайтын филиалы бар екінші деңгейдегі банктер – есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырмасына дейін (қоса алғанда);
есепті кезеңнің соңында алты (қоса алғанда) – он (қоса алғанда) аралығында филиалы бар екінші деңгейдегі банктер, ипотекалық ұйымдар, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы – есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда);
есепті кезеңнің соңында он бір (қоса алғанда) – жиырма (қоса алғанда) филиалы бар екінші деңгейдегі банктер – есепті кезеңнен кейінгі айдың отызына дейін (қоса алғанда);
есепті кезеңнің соңында жиырмадан астам филиалы бар екінші деңгейдегі банктер – есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың бесіне дейін (қоса алғанда);
уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары – тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда);
2) бес жүз мыңнан асатын қарыз және шартты міндеттемелер шарттарын қамтитын есептілікті – ай сайын (тоқсан сайын) есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың бесіне дейін (қоса алғанда)

Нысан

Кесте. Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп көрсеткіштерінің тізбесі

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	Қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.1	шарттың нөмірі	
1.2	шарттың күні	
2	Ағымдағы талаптар және есепті кезеңде қаражат қозғалысы туралы ақпарат:	
2.1	Есепті кезеңде есептелген (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.1.1	сыйақы	
2.2	Есепті кезеңде берілген (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.3	Есепті кезеңде нақты беру күні	
2.4	Негізгі борыш қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.4.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.4.2	мерзімі өткен берешек	
2.4.3	баланстан есептен шығарылған берешек	
2.5	Негізгі борыш бойынша шот нөмірі:	
2.5.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.5.2	мерзімі өткен берешек	
2.6	Есептелген сыйақы қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.6.1	өтелмеген	
2.6.2	мерзімі өткен	
2.6.3	баланстан есептен шығарылған	
2.7	Сыйақы бойынша шот нөмірі:	
2.7.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.7.2	мерзімі өткен берешек	
2.8	Шартты міндеттеме қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.9	Шартты міндеттеме шотының нөмірі	
2.10	Оң (теріс) түзету (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.11	Оң (теріс) түзету бойынша шот нөмірі	
2.12	Дисконт (сыйлықақы) (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.13	Дисконт (сыйлықақы) бойынша шот нөмірі	
2.14	Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні:	
2.14.1	негізгі борыш бойынша	
2.14.2	сыйақы бойынша	
2.15	Мерзімі өткен берешекті өтеу күні:	
2.15.1	негізгі борыш бойынша	
2.15.2	сыйақы бойынша	
2.16	Баланстан есептен шығарылған күн:	
2.16.1	негізгі борыш бойынша	
2.16.2	сыйақы бойынша	
2.17	Біртекті емес кредиттер бойынша резервтердің (провизиялардың) нақты қалыптастырылған сомасы:	
2.17.1	халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша	
2.18	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша біртекті емес кредиттер бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар) бойынша шот нөмірі	
2.19	Біртекті емес кредиттер бойынша болашақ ақша ағынының дисконтталған құны (алу күтілетін құны)	
3	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша портфельдік негізде қалыптастырылған резервтер (провизиялар) туралы ақпарат:	
3.1	халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша портфельдің атауы:	
3.1.1	біртекті активтердің	
3.1.2	құнсыздану белгілерінсіз жеке активтердің	
3.2	Дисконт (сыйлықақы) (теңгемен, шарт валютасымен)	
3.3	Дисконт (сыйлықақы) бойынша шот нөмірі	
3.4	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша портфельдік негізде резервтердің (провизиялардың) нақты қалыптастырылған сомасы	
3.5	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша портфельдік негізде қалыптастырылған резервтер (провизиялар) бойынша шот нөмірі	
4	Есепке алу күні	

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

_____ _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Есепке қол қойылған күн 20 ___ жылғы «_____» _____

Ескерту: әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар қол қояды.

4. Егер өзгесі белгіленбеген болса, Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі үтірден кейін екі таңбалы сандармен белгіленеді, теңгемен көрсетіледі.

Коэффициенттер және пайыздар үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

Күндер мынадай форматта көрсетіледі: «ЖЖЖЖ-АА-КК», «КК.АА.ЖЖЖЖ», мұнда «ЖЖЖЖ» - жылы, «АА» - айы, «КК» - күні. Уақытсыз күнін көрсету көзделген жағдайларда уақыты көрсетілген күннің 0 сағаты 00 минуты 00 секунды ретінде қабылданады.

Шетел валютасымен берілген қарыздар (шартты міндеттемелер) бойынша беру, есептеу сомалары, есепті күндегі берешек қалдығы шетел валютасымен және ұлттық валютадағы баламасымен көрсетіледі.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын кодтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған және Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде пайдаланылатын анықтамалықтардың кодтарына сәйкес көрсетіледі.

Егер тиісті көрсеткішке Түсіндірмеде өзгеше көрсетілмеген болса, барлық көрсеткіштер толтырылуы міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйедегі Нысан мақсаты үшін мынадай анықтамалықтар пайдаланылады:
Шот нөмірі;
Портфельдер.

6. Нысанда есепті кезеңдегі қаражат қозғалысы туралы, қарыздар мен шартты міндеттемелер шарттары бойынша міндеттемелердің өзгерістері және ағымдағы жай-күйі, шарттар және біртекті кредиттер портфельдері, құнсыздану белгілерінсіз жеке активтер портфельдері бөлігінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар) туралы мәліметтер беріледі.

Нысанның көрсеткіштері бойынша мәліметтер тиісті қарыз (шартты міндеттеме) шарттарына тәуелді болады және әрбір есепті күні өзектендіруге жатады.

7. 2.5, 2.7, 2.9, 2.11, 2.13, 2.18, 3.1, 3.3, 3.5-жолдарда мәндер анықтамалықтардан таңдалады.

8. 2.2, 2.3-жолдар есепті кезеңде берілген қарыз немесе шартты міндеттеме бойынша пайдаланылған лимит сомасын және оны беру (пайдалану) күнін көрсетуге арналған.

Нақты беру күні есепті кезең басталған күннен ерте және міндеттемені нақты тоқтату күнінен немесе есепті кезең аяқталған күннен кеш болмауға тиіс.

Кредит карталары бойынша 2.3-жол толтырылмайды.

9. 2.4, 2.6, 2.8-жолдарда теріс мәнді көрсетуге рұқсат етілмейді.

Көрсеткіштер барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

10. 2.14-жолда негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күндері «Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні: негізгі борыш бойынша» және «Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні: сыйақы бойынша» жолдарында жеке-жеке көрсетіледі.

Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні ретінде шартта белгіленген негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша кезекті өтелмеген төлемді өтеу мерзімі бұзылатын күн көрсетіледі.

Негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек қалдығы болмаған жағдайда, негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні көрсетілмейді.

Көрсеткіш есепті күнге негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек қалдығы бар барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

11. 2.15-жолда негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша есепті кезең ішінде жүргізілген мерзімі өткен берешекті толығымен не ішінара өтеу күні көрсетіледі.

12. 2.17, 2.18-жолдар есепті күні жағдай бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша қалыптастырылған құнсыздану (шартты міндеттеме) белгілері анықталған жеке деп жіктелген қарыз бойынша резервтер (провизиялар) сомасын және сома ескерілетін шот нөмірін, сондай-ақ уәкілетті органның талаптары бойынша резервтер (провизиялар) сомасын көрсетуге арналған.

Кредит карталары бойынша кредит картасы лимитінің игерілген және игерілмеген бөліктері бойынша резервтер (провизиялар) сомаларын көрсету үшін жеке жолдар көзделген.

Көрсеткіштер резервтер (провизиялар) жеке негізде қалыптастырылатын барлық қарыздар (шартты міндеттемелер) үшін толтыруға міндетті болып табылады.

13. 2.19-жол халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларына сәйкес есептелген болашақ ақша ағынының дисконтталған құнын көрсетуге арналған.

Көрсеткіш құнсыздану белгілері анықталған жеке деп жіктелген барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

14. 3-жол біртекті активтердің және құнсыздану белгілерінсіз жеке активтердің портфельдері туралы, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша дисконт (сыйлықақы), портфельдік негізде қалыптастырылған резервтер (провизиялар) сомалары және сомалар ескерілетін шоттар нөмірлері туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

Портфель кредитордың есеп саясатына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Белгілі бір портфельге кіретін әрбір қарыз (шартты міндеттеме) шарты тиісті портфельге тәуелді болуға тиіс.

Портфельдер анықтамалығын кредиторлар жүргізеді, анықтамалықтағы тиісті ақпаратты кредиторлар қажеттілігіне қарай дербес жаңартады.

Анықтамалыққа енгізілген әрбір мән бойынша тарихы сақталады.

Дисконт (сыйлықақы), халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша портфельдік негізде қалыптастырылған резервтер (провизиялар) сомасы сомалар ескерілетін шот нөмірімен бірге көрсетіледі.

15. 4-жол қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы мәліметтер ескерілген күнді көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №313 қаулысына 9-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы «___»_____ жағдай бойынша

Индекс: КР_ОО3УО1
Ұсыну кезеңділігі:
ай сайын – екінші деңгейдегі банктер, ипотекалық ұйымдар, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы;
тоқсан сайын – уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары
Ұсынатындар: екінші деңгейдегі банктер, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, ипотекалық ұйымдар, уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары (бұдан әрі – кредитор)
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі:
2020 жылғы 1 қаңтарға дейін: есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда);
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап: есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы жұмыс күніне дейін (қоса алғанда)

Нысан

Кесте. Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп көрсеткіштерінің тізбесі

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	Қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.1	шарттың нөмірі	
1.2	шарттың күні	
2	Ағымдағы талаптар және есепті кезеңде қаражат қозғалысы туралы ақпарат:	
2.1	Есепті кезеңде есептелген (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.1.1	сыйақы	
2.1.2	айыппұлдар және өсімпұлдар	
2.2	Есепті кезеңде берілген (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.3	Есепті кезеңде нақты беру күні	
2.4	Есепті кезеңде нақты түскен төлемдер сомасы (теңгемен)	
2.5	Негізгі борыш қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.5.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.5.2	мерзімі өткен берешек	
2.5.3	баланстан есептен шығарылған берешек	
2.5.4	кешірілген берешек	
2.6	Негізгі борыш бойынша шот нөмірі:	
2.6.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.6.2	мерзімі өткен берешек	
2.7	Есептелген сыйақы қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.7.1	өтелмеген	
2.7.2	мерзімі өткен	
2.7.3	баланстан есептен шығарылған	
2.7.4	кешірілген	
2.8	Сыйақы бойынша шот нөмірі:	
2.8.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.8.2	мерзімі өткен берешек	
2.9	Шартты міндеттеме қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.10	Шартты міндеттеме шотының нөмірі	
2.11	Есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) қалдығы:	
2.11.1	өтелмеген	
2.11.2	баланстан есептен шығарылған	
2.11.3	кешірілген	
2.12	Оң (теріс) түзету (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.13	Оң (теріс) түзету бойынша шот нөмірі	
2.14	Дисконт (сыйлықақы) (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.15	Дисконт (сыйлықақы) бойынша шот нөмірі	
2.16	Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні:	
2.16.1	негізгі борыш бойынша	
2.16.2	сыйақы бойынша	
2.17	Мерзімі өткен берешекті өтеу күні:	
2.17.1	негізгі борыш бойынша	
2.17.2	сыйақы бойынша	
2.18	Баланстан есептен шығарылған күн:	
2.18.1	негізгі борыш бойынша	
2.18.2	сыйақы бойынша	
2.19	Біртекті емес кредиттер бойынша резервтердің (провизиялардың) нақты қалыптастырылған сомасы:	
2.19.1	халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша	
2.19.2	уәкілетті органның талаптары бойынша	
2.20	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша біртекті емес кредиттер бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар) бойынша шот нөмірі	
2.21	Резервтеу мөлшерлемесі	
2.22	Біртекті емес кредиттер бойынша бол

(Соңы. Басы 18-19-беттерде)

12. 2.9, 2.10-жолдар есепті күнгі жағдай бойынша шартты міндеттеме сомасын және сомалар есепке алынатын шот нөмірін көрсетуге арналған.

Екі шотта қалдық болған жағдайда, екінші қалдық шотының тиісті нөмірімен қосымша жолдарда көрсетіледі.

Шартты міндеттеме қалдығы бойынша теріс мән көрсетуге рұқсат етілмейді.

Көрсеткіштер барлық шартты міндеттемелер үшін толтыруға міндетті болып табылады.

13. 2.11-жол өтелмеген қалдық сомасын, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қарыз бойынша есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) есептен шығарылған не кешірілген қалдықтарының сомаларын көрсетуге арналған.

«Есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) қалдығы» көрсеткіші бойынша теріс мән көрсетуге рұқсат етілмейді.

Көрсеткіштер барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

14. 2.12, 2.13, 2.14, 2.15-жолдар оң (теріс) түзету, есепті күнгі жағдай бойынша қарыз (шартты міндеттеме) бойынша дисконт (сыйлықақы) сомаларын және сомалар есепке алынатын шот нөмірін көрсетуге арналған.

Екі әр түрлі шот нөмірлерінде бір қарыз (шартты міндеттеме) бойынша дисконт (сыйлықақы) сомалары болған жағдайда, екінші қалдық шотының тиісті нөмірімен қосымша жолдарда көрсетіледі.

15. 2.16-жолда негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күндері «Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні: негізгі борыш бойынша» және «Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні: сыйақы бойынша» жолдарында жеке-жеке көрсетіледі.

Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні ретінде шартта белгіленген негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша кезекті өтелмеген төлемді өтеу мерзімі бұзылатын күн көрсетіледі.

Негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек қалдығы болмаған жағдайда, негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні көрсетілмейді.

Көрсеткіш есепті күнге негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек қалдығы бар барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

16. 2.17-жолда негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша есепті кезең ішінде жүргізілген мерзімі өткен берешекті толығымен не ішінара өтеу күні көрсетіледі.

17. 2.19, 2.20-жолдар есепті күнгі жағдай бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша қалыптастырылған құнсыздану (шартты міндеттеме) белгілері анықталған жеке деп жіктелген қарыз бойынша резервтер (провизиялар) сомасын және сомаескірілетін шот нөмірін, сондай-ақ уәкілетті органның талаптары бойынша резервтер (провизиялар) сомасын көрсетуге арналған.

Кредит карталары бойынша кредит картасы лимитінің игерілген және игерілмеген бөліктері бойынша резервтер (провизиялар) сомаларын көрсету үшін жеке жолдар көзделген.

Көрсеткіштер резервтер (провизиялар) жеке негізде қалыптастырылатын барлық қарыздар (шартты міндеттемелер) үшін толтыруға міндетті болып табылады.

18. 2.22-жол халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларына сәйкес есептелген болашақ ақша ағынының дисконтталған құнын көрсетуге арналған.

Көрсеткіш құнсыздану белгілері анықталған жеке деп жіктелген барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

19. 2.23-жол жүргізілген күнін көрсете отырып, 2019 жылғы 1 шілдеден кейін қайта құрылымдау жүргізілген қарыздарды сәйкестендіруге арналған.

Қайта құрылымдау халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларында айқындалады.

Егер қарыз жаңа қарыз шартын жасау жолымен қайта құрылымдалған болса, қайта құрылымдау туралы мәліметтерді жаңа шартта көрсету қажет.

Егер есепті кезеңде қайта құрылымдау жүргізілген болса, онда 2.23.1-жолда «1» мәні көрсетіледі, олай болмаған жағдайда «0» көрсетіледі не көрсеткіш берілмейді.

Көрсеткіш 2019 жылғы 1 шілдеден кейін қайта құрылымдау жүргізілген барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

20. 2.24-жол халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларында айқындалған құнсыздану белгілері бар қарыздарды сәйкестендіруге арналған.

Егер есепті кезеңде құнсыздану белгілері болса, онда 2.24-жолда «1» мәні көрсетіледі, олай болмаған жағдайда «0» көрсетіледі не көрсеткіш берілмейді.

Көрсеткіш 2019 жылғы 1 шілдеден кейін бағалау жүргізілген барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

21. 3-жол біртекті активтердің және құнсыздану белгілерінсіз жеке активтердің портфельдері туралы, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша дисконт (сыйлықақы), портфельдік негізде қалыптастырылған резервтер (провизиялар) сомалары және сомаларескірілетін шоттар нөмірлері туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

Портфель кредитордың есеп саясатына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Белгілі бір портфельге кіретін әрбір қарыз (шартты міндеттеме) шарты тиісті портфельге тәуелді болуға тиіс.

Портфельдер анықтамалығын кредиторлар жүргізеді, анықтамалықтағы тиісті ақпаратты кредиторлар қажеттілігіне қарай дербес жаңартады.

Анықтамалыққа енгізілген әрбір мән бойынша тарихы сақталады.

Дисконт (сыйлықақы), халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша резервтердің (провизиялардың) нақты қалыптастырылған сомасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есептеледі.

Дисконт (сыйлықақы), халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша портфельдік негізде қалыптастырылған резервтер (провизиялар) сомасы сомаларескірілетін шот нөмірімен бірге көрсетіледі.

22. 4-жол қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы мәліметтерескерілген күнді көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 28 желтоқсандағы №313 қаулысына 10-қосымша

Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті ұсыну қағидалары

Осы Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банктер), «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) есептілік беру тәртібін айқындайды.

1. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпаратты өзектендіру – есеп беретін ұйым есепті кезеңде есепті кезеңнің соңына өзекті көрсетілген өзгерістер фактісін анықтаған кезден бастап өзгертілген мәліметтерді және өзге де ақпаратты ұсыну қажеттілігі;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым –ипотекалық ұйымдар және уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясы бар агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары;

3) «Бірыңғай көрсеткіштер жинау жүйесі» ААЖ (бұдан әрі – Жүйе) – уәкілетті органның көрсеткіштер түріндегі есептілікті жинауға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

4) есеп беретін ұйым, есеп беруші ұйым – Қағидалармен есептілікті ұсыну тәртібі белгіленген ұйым;

5) есептілік – қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілік;

6) кредиттік тіркелім – есеп беретін ұйымдардың кредиттік қызметіне байланысты тәуекелдердің мониторингі мақсатында, сондай-ақ ақша-кредиттік статистиканы және сыртқы сектордың статистикасын қалыптастыру мақсатында қалыптастырылатын, есеп беретін ұйымдар уәкілетті органға ұсынатын ақпаратты қамтитын электрондық деректер базасы;

7) шартты міндеттеме – болашақта белгісіз бір немесе бірнеше оқиға басталған (басталмаған) кезде ғана танылуы мүмкін, банк, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым клиент үшін үшінші тұлғалардың пайдасына қабылдаған міндеттеме.

2. Есептілік уәкілетті органға электрондық түрде Жүйеге барлық қарыз және шартты міндеттемелер шарттары туралы, сондай-ақ кредиттік тарих субъектілері туралы, олар бойынша қамтамасыз ету туралы, оларға қызмет көрсету туралы ақпаратты жүктеу арқылы ұсынылады.

Ақпаратты жүктеу кезінде Жүйеде нысандар ішіндегі бақылау жүзеге асырылады. Нысандар ішіндегі бақылауда қателер анықталған жағдайда Жүйе ақпаратты қабылдамайды.

2019 жылғы 1 шілдеге дейін есеп беруші ұйымның тиісті есепті кезең үшін есептілікті ұсынуды аяқтау күні есеп беруші ұйымның Жүйеде есептілікті бекіту күні, 2019 жылғы 1 шілдеден бастап – Жүйеде нысандар ішіндегі бақылаудан өткен, тиісті есепті кезең үшін ақпаратты Жүйеге соңғы нақты жүктеу күні болып табылады.

3. Есептіліктің дәйектілігі және толықтығы есептілікке есеп беруші ұйымның бірінші басшысының және бас бухгалтерінің немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалардың электрондық-цифрлық қолтаңбаларымен қол қоюмен расталады.

Жүйеде есептілікке бірінші басшының және бас бухгалтердің немесе оған қол қоюға уәкілетті тұлғалардың электрондық-цифрлық қолтаңбаларымен қол қою функциясы болмаған жағдайда, есеп беруші ұйым ай сайынғы (тоқсан сайынғы) есептілікті ұсыну аяқталған күннен бастап үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей хаттың сканирленген көшірмесін Жүйеге қоса тіркей отырып, уәкілетті органға бірінші басшы және бас бухгалтер немесе хатқа қол қоюға уәкілетті тұлғалар қол қойған қағаз тасымалдағыштағы ұсынылатын есептілік туралы мәліметтер бар хатты ұсынады.

Ұсынылатын есептілік туралы мәліметтер бар хатта есепті күн, есептілікті ұсыну аяқталған күн, ондағы қарыз (шартты міндеттеме) шарттарының саны, оның дәйектілігін және толықтығын растау қамтылады.

4. Кредиттік тарих субъектілері, қарыз (шартты міндеттеме) шарттары бойынша мәліметтер алдыңғы есепті кезеңде ұсынылған есептіліктегі ақпараттан қалыптастырылады және кредиттік тіркелімде жиналады. Ақпаратты өзектендіру кезінде бұрын ұсынылған ақпарат кредиттік тіркелім тарихында сақталады.

5. Қаржы саласында қызметті толығымен не ішінара тоқтата тұрған не тоқтатқан жағдайда банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым тиісті банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қарыз алушыға талап ету құқығы тоқтатылғанға дейін есептілік ұсынуды жалғастыра береді.

6. Ақпарат болмаған жағдайда, банк, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым есептілікті ұсыну үшін белгіленген мерзімде уәкілетті органға еркін нысанда жасалған қағаз тасымалдағыштағы тиісті хатты ұсынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына 11-қосымша

Күші жойылған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер бойынша есептілікті беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 174 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7739 болып тіркелген, 2012 жылғы 25 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 551-556 (27629) жарияланған).

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер бойынша есептілікті беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 174 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 29 қазандағы № 318 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8221 болып тіркелген, 2013 жылғы 23 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде № 43-47 жарияланған).

3. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер бойынша есептілікті беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 174 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 108 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8536 болып тіркелген, 2013 жылғы 8 тамызда «Заң газеті» газетінде № 117 (2318) жарияланған).

4. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер бойынша есептілікті беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 174 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 66 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11335 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18220 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 28 желтоқсан №317 Алматы қаласы

Банктің және банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және Банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін мынадай факторлар белгіленсін:

1) өтімділік коэффициенттерінің төмендеуі;

2) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде, олардың ұлғаюы;

3) таза жіктелген қарыздардың меншікті капиталға арақатынасының ұлғаюы;

4) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 61 (алпыс бір) күннен 90 (тоқсан) күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде, олардың ұлғаюы;

5) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде, олардың банктің несие портфелінің жалпы көлемі бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде оған қатынасының асып кетуі;

6) жіктелген дебиторлық берешек бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегендегі оның жиынтық дебиторлық берешектегі үлесінің ұлғаюы;

7) активтер рентабельділігі коэффициентінің төмендеуі;

8) ұлттық валютамен бос активтердің ұлттық валютамен талап етуге дейінгі міндеттемелерге қатынасының орташа мәнінің төмендеуі;

9) меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттері (k1, k1-2, k2) мәндерінің меншікті капиталдың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерінде, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерінде немесе Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысымен бекітілген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінде белгіленген буферлерін және көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесінің 3-тармағы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес есептелетін пайыздық үстемеақының есептегенде меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің (k1, k1-2, k2) ең төменгі мәндерінің сомасынан төмендеуі.

Осы тармақтың мақсаттары үшін:

қалыптастырылған резервтер деп халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес қалыптастырылған резервтер түсініледі;

қарыздар есебіне негізгі борыш сомасы кіреді;

таза жіктелген қарыздар деп бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан жоғары деңгейде резервтер қалыптастырылған қарыздардың баланстық құны (дисконттар (сыйлықақылар), оң (теріс) түзетулер, есептелген сыйақы және олар бойынша құрылған резервтер есептелген негізгі борыш) түсініледі.

2. Банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін мынадай факторлар белгіленсін:

1) банк конгломераты меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерінің төмендеуі;

2) банк конгломератының бір қарыз алушысына келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері коэффициенттерінің ұлғаюы;

3) банк конгломератына қатысушылар арасындағы топ ішіндегі мәмілелер бойынша (банк конгломератына қатысушылардың басқа қатысушылардың капиталына инвестицияларын, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйыммен жасалған мәмілелерді, есепті күні жабылған мәмілелерді қоспағанда) банк конгломератына қатысушылардың бір-біріне талаптары сомасының ұлғаюы.

3. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі бекітілсін.

4. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 6-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 317 қаулысына 1-қосымша

Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары

1. Осы Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауын банк қызметімен (банк конгломератының қызметімен) байланысты тәуекелдердің ұлғаюын болдырмау жөніндегі ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) мақұлдау тәртібін белгілейді.

2. Банк және (немесе) оның акционерлері, банк холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары іс-шаралар жоспарын әзірлейді және мақұлдау үшін уәкілетті органға ұсынады.

Іс-шаралар жоспары төмендегілермен шектелместен, мынадай ақпаратты қамтиды:

банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторды толық талдау;

банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактордың болжамы, осы болжамның негіздемесі және фактордың банктің (банк конгломератының) қызметіне тигізетін теріс әсері;

банктің (банк конгломератының) қызметі үшін қауіп төндірмейтін және қосымша тәуекелдер туындатпайтын деңгейге дейін жеткізу көзделетін банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторды жақсарту шаралары;

осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор анықталғанда әрбір есепті кезеңде, оның ішінде жеке және заңды тұлғалар бөлігінде жүргізу жоспарланатын іс-шаралар;

оның әрбір тармағы бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу мерзімдері;

іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты басшы қызметкерлер тізбесі (іс-шаралар жоспарының әрбір тармағы бойынша орындалуына жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып).

3. Уәкілетті орган банктің және (немесе) оның акционерлерінің, банк холдингінің және (немесе) оның ірі қатысушыларының ұсынған іс-шаралар жоспарын қарайды.

Уәкілетті орган банктің және (немесе) оның акционерлерінің, банк холдингінің және (немесе) оның ірі қатысушыларының қарауға ұсынған іс-шаралар жоспарымен келіспеген жағдайда, уәкілетті орган банкке және (немесе) оның акционерлеріне, банк холдингіне және (немесе) оның ірі қатысушыларына іс-шаралар жоспары бойынша жазбаша ескертулер жібереді және (немесе) іс-шаралар жоспарын пысықтау мақсатында бірлескен талқылаулар жүргізеді.

Банк және (немесе) оның акционерлері, банк холдинги және (немесе) оның ірі қатысушылары уәкілетті органның хатында көрсетілген мерзімде уәкілетті органның ескертулерін жою үшін іс-шаралар жоспарын түзетеді немесе мұндай ескертулермен келіспеген жағдайда уәкілетті органға жазбаша нысанда өзінің негіздемелерін ұсынады.

4. Уәкілетті орган Қағидалардың 2-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес іс-шаралар жоспары ұсынылған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде банктің және (немесе) оның акционерлерінің, банк холдингінің және (немесе) оның ірі қатысушыларының ұсынған іс-шаралар жоспарын жазбаша нысанда мақұлдайды немесе мақұлдамайды.

5. Банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды өз бетінше анықтаған жағдайда, банк және (немесе) оның акционерлері, банк холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары оларды анықтаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Қағидалардың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген іс-шаралар жоспарын ұсынады;

6. Іс-шаралар жоспары:

1) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) және (немесе) 4) тармақшаларында көзделген факторлар бойынша:

Қағидалардың 8-тармағына сәйкес есептелетін банктің несие портфелінің сапасына теріс әсері болмаған кезде және осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген фактор болмаған кезде, немесе;

осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген фактор анықталған кезде;

2) уәкілетті органның стрестік сценарийлері бойынша жыл сайын жүргізілетін стресс-тестілеу нәтижелері бойынша осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 7) және 9) тармақшаларында көзделген факторлар анықталған кезде;

3) тиісінше өтімділік коэффициенттерін және меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерін бұзуға байланысты қолданылған қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) банктің тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шаралар шеңберінде уәкілетті органның қойған талаптарын банктің орындау, барлық банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру кезеңінде осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 9) тармақшаларында көзделген факторлар анықталған кезде, сондай-ақ уәкілетті органға банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат алуға өтінішхат берілген жағдайда ұсынылмайды.

7. Іс-шаралар жоспарында көзделген факторды жақсарту шаралары мыналарға бағытталған:

1) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген фактор бойынша:

өтімділік коэффициенттерін:

ағымдағы өтімділік коэффициенті k4-ті кемінде 0,4 (ислам банкі үшін кемінде 1,1);

мерзімді өтімділік коэффициенті k4-1-ді кемінде 1,1;

мерзімді өтімділік коэффициенті k4-2-ні кемінде 1;

мерзімді өтімділік коэффициенті k4-3-ті кемінде 0,9;

мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті k4-4-ті кемінде 1,1;

мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті k4-5-ті кемінде 1;

мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті k4-6-ны кемінде 0,9 деңгейіне дейін жеткізу;

2) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген фактор бойынша - меншікті капиталдағы таза жіктелген қарыздардың үлесін 80 (сексен) пайыздан аспайтын деңгейге дейін жеткізу;

3) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген фактор болмаған кезде осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көзделген факторлар бойынша - банктің несие портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың үлесін банктің несие портфелінің 10 (он) пайызынан аспайтын деңгейге дейін жеткізу;

4) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген фактор бойынша - негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың банктің несие портфелінің жалпы көлеміне қатынасын несие портфелінің 10 (он) пайызынан аз деңгейге дейін төмендету;

5) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген фактор бойынша - жиынтық дебиторлық берешектегі жіктелген дебиторлық берешек үлесін 50 (елу) пайыздан аспайтын деңгейге дейін жеткізу;

6) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көзделген фактор бойынша - активтер рентабельділігі коэффициентін кемінде 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайыз деңгейіне дейін жеткізу;

7) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көзделген фактор бойынша - ұлттық валютамен өтеу коэффициентін кемінде 0,4 (нөл бүтін оннан төрт) деңгейіне дейін жеткізу;

8) осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 9) тармақшасында көзделген фактор бойынша - меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің (k1, k1-2, k2) мәндерін меншікті капиталдың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерінде, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерінде немесе Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысымен бекітілген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінде белгіленген буферлерін және көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесінің 3-тармағы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес есептелетін пайыздық үстемеақының есептегенде меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің (k1, k1-2, k2) ең төменгі мәндерінің сомасын кемінде 0,1-ге (нөл бүтін оннан бір) асатын деңгейге дейін немесе одан төмен деңгейге 2 (екі) және одан көп рет төмендеуі;

2) олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың қатарынан 6 (алты) ай ішінде қарыздардың ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$МК_6^{90} > МК_5^{90} > МК_4^{90} > МК_3^{90} > МК_2^{90} > МК_1^{90} > МК_0^{90},$$

мұнда,

$МК^{90}$ (ай) – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңында олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және «кері РЕПО» операциялары).

Қаралатын кезеңде жүйелі өсуі болмаған кезде осы тармақшада көрсетілген көрсеткіштің есепті кезеңде 5 (бес) және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{МК_6^{90} - МК_0^{90}}{МК_0^{90}} \geq 5\%;$$

3) есепті кезеңнің соңына қарай таза жіктелген қарыздар меншікті капиталдың 80 (сексен) пайызынан астам болған жағдайда және ол бойынша қалыптастырылған резервт

(Соңы. Басы 20-бетте)

$$ROA_n = \frac{БТК\ (ОТШ)_n}{Аорт_n} * К_т,$$ мұнда:

БТК (ОТШ) $_{(n)}$ – табыс салығы төленгеннен кейін ағымдағы кірістердің (шығыстардың) ағымдағы шығыстардан (кірістерден) асуы;

Аорт $_{(n)}$ – белгілі бір қаралатын кезеңдегі активтердің орташа шамасы;

$К_т$ – мынадай формула бойынша есептелетін түзету коэффициенті:

$$Т_к = \frac{12}{А},$$ мұнда:

А – тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны.

Активтердің орташа шамасы тиісті жылдың өткен айларындағы активтер мөлшері сомасының тиісті жылдың өткен айларының санына қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Аорт_n = \frac{А_0 - А_1 + \cdots + А_n}{n+1},$$ мұнда:

Аорт $_{(n)}$ – белгілі бір қаралатын кезеңдегі активтердің орташа шамасы;

А $_{(0,1...n)}$ - белгілі бір айдың соңына қарай активтердің мөлшері;

n – тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны;

8) қатарынан 6 (алты) ай ішінде ұлттық валютадағы бос активтердің ұлттық валютадағы талап еткенге дейінгі міндеттемелерге қатынасының орташа мәні 0,4 төмен 2 (екі) және одан көп төмендеуі.

Ұлттық валютадағы бос активтерге:

қолма-қол ақша;

корреспонденттік шоттардағы қаражат;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

шетел валютасында номинирленгендерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының ауыртпалық салынбаған мемлекеттік бағалы қағаздары;

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы шығарған ауыртпалық салынбаған бағалы қағаздар;

банктердегі овернайт - салымдары;

кері репо - овернайт;

2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жасалған валюталық своп операциялары бойынша ұлттық валютадағы талаптар кіреді.

Ұлттық валютадағы талап еткенге дейінгі міндеттемелерге:

жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары және талап еткенге дейінгі шоттары;

заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары және талап еткенге дейінгі шоттары;

басқа банктердің корреспонденттік шоттары және талап еткенге дейінгі шоттары;

басқа банктердің овернайт - салымдары;

2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жасалған валюталық своп операциялары бойынша ұлттық валютадағы міндеттемелер кіреді.

Осы факторды есептеу мақсаттары үшін ұлттық валютадағы бос активтердің ұлттық валютадағы талап еткенге дейінгі міндеттемелерге қатынасынын орташа мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$\left(\sum_{1}^{n} \frac{Ұлттық\ валютадағы\ бос\ активтер}{Ұлттық\ валютадағы\ талап\ етке нге\ дейінгі\ міндеттемелер}\right)/n,$$

мұнда:

n - бір айдағы күнтізбелік күндердің саны.

Есепті күні аяқталатын кезең қаралатын кезең болып табылады. Осы тармақшада көрсетілген факторды есептеу кезінде өзгерістер үтірден кейін үш таңбамен беріледі;

9) № 170 нормативтерде немесе № 144 нормативтерде белгіленген меншікті капиталдың буферін және пайыздық үстемені ескере отырып, меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері (k1, k1-2, k2) меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің ең төменгі мәндерінің сомасынан төмен түсуі.

Пайыздық үстеме № 170 нормативтердің 7-тармағында және № 144 нормативтердің 6-тармағында белгіленген оң айырманың:

2017 жылғы 25 қыркүйектен бастап 95 (тоқсан бес) пайызға;

2017 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 83,33 (сексен үш бүтін жүзден отыз үш) пайызға;

2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап 66,67 (алпыс алты бүтін жүзден алпыс жеті) пайызға;

2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 50,01 (елу бүтін жүзден бір) пайызға;

2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап 33,33 (отыз үш бүтін жүзден отыз үш) пайызға;

2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап – 16,67 (он алты бүтін жүзден алпыс жеті) пайызға көбейтілген;

k1, k1-2 и k2 коэффициенттерді есептеуде қолданылатын, тәуекел дәрежесі бойынша алынған активтердің, шарттық және ықтимал міндеттемелердің сомасына қатынасы ретінде есептеледі.

2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап капитал буферлерін ескере отырып меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің ең төменгі мәндеріне пайыздық үстеме енгізілмейді.

Осы тармақтың 7) тармақшасының талаптары негізгі капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k1) негізгі капитал жеткіліктілігінің 0,10 коэффициентіне тең немесе төмен болатын немесе № 170 нормативтерде немесе № 144 нормативтерде белгіленген меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k2) меншікті капитал жеткіліктілігінің 0,13 коэффициентіне тең немесе төмен болатын банкке қолданылады.

4. Осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 7) және 9) тармақшаларында көзделген факторлардың есебіне енгізілген көрсеткіштер уәкілетті орган жыл сайын 1 ақпанға дейін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10210 болып тіркелген «Қаржы ұйымдарын жүйе құраушылар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 257 қаулысына сәйкес жүйе құраушылар қатарына жатқызылған қаржы ұйымдарының тізіміне, жүйе құраушылар болып танылуы мүмкін әлеуетті банктер тізіміне енгізілген банктерге есепті жылдың 1 сәуірінен кеш емес мерзімде стресс-тестілеу жүргізу және оның нәтижелерін уәкілетті органға ұсыну үшін беретін уәкілетті органның сценарийлерімен толықтырылады.

5. Банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау мынадай әдістеме бойынша жүзеге асырылады:

1) банк конгломераты меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерінің есепті тоқсанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14790 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен белгілі бір күнге банк конгломераты капиталының мөлшері лимиттерінің нормативтік мәндері және есептеу әдістемесімен (бұдан әрі – № 309 нормативтер) көзделген банк конгломератының меншікті капиталы жеткіліктілігінің ең төменгі мәндерінен 0,02-ге (қоса алғанда) асатын деңгейге дейін немесе одан төмен азайту;

2) банк конгломератының бір қарыз алушысына келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері коэффициенттерінің есепті тоқсанда № 309 нормативтерде белгіленген банк конгломератының бір қарыз алушысына шаққандағы тәуекелдің ең жоғары мөлшері коэффициенттерінің ең мәндерінен 0,01-ден (қоса алғанда) төмен деңгейге дейін ұлғайту;

3) есепті тоқсанда банк конгломератына қатысушылар арасындағы топ ішіндегі мәмілелер бойынша (банк конгломератына қатысушылардың басқа қатысушылардың капиталына инвестицияларын, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйыммен жасалған мәмілелерді, есепті күні жабылған мәмілелерді қоспағанда) банк конгломератына қатысушылардың бір-біріне талаптары сомасының банк конгломератының меншікті капиталынан 0,3 (нөл бүтін оннан үш) деңгейіне дейін ұлғайту.

6. Банк конгломераты қатысушыларының топ ішіндегі мәмілелер бойынша бір біріне талаптарының сомасы деп банк конгломераты қатысушыларының топ ішіндегі мәмілелер бойынша бір біріне талаптары қалдықтарының сомасы түсініледі, ондай мәмілелер бойынша ақпарат № 309 нормативтерге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк конгломератының есепті кезең ішінде жасасқан, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған топішілік мәмілелері бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есепте көзделеді.

Банк конгломераты қатысушыларының топ ішіндегі банк конгломераты қатысушыларының арасындағы мәмілелер бойынша бір біріне талаптарының сомасын есептеу кезінде туынды қаржы құралдары көрсетілген қаржы құралдарының номиналды құнының № 170 нормативтерге 7-қосымшаға сәйкес Туынды қаржы құралдарына арналған кредиттік тәуекел коэффициенттерінің кестесінде көрсетілген туынды қаржы құралдарына арналған кредиттік тәуекел коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есепке алынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №317 қаулысына 3-қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. «Банктің және банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидаларын және банк пен банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 69 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13606 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 192 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14294 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 169 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15875 болып тіркелген, 2017 жылғы 23 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының банк қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2-тармағы.

4. «Банктің және банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидаларын және банк пен банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 69 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 259 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16232 болып тіркелген, 2018 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 14 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18186 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 28 желтоқсан №318 Алматы қаласы

Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Сәлімбаев Д.Н.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №318 қаулысымен бекітілді

Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін белгілейді.

2. Орталық депозитарийдің директорлар кеңесі орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің Қағидаларға сәйкес келуін қамтамасыз етеді және орталық депозитарийдің органдарының, бөлімшелерінің және қызметкерлерінің оларға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауды жүзеге асыру саласындағы міндеттерін орындау үшін жағдай жасайды.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баға тәуекелі - қаржы нарықтарындағы орталық депозитарийдің меншікті активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарының нарықтық құнына әсер ететін жағдайлар өзгерген жағдайда туындайтын, қаржы құралдары құнының өзгеруі салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі;

2) бедел тәуекелі - жағымсыз қоғамдық пікір немесе орталық депозитарийге деген сенімнің төмендеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

3) бэк-тестинг - орталық депозитарий бойынша тарихи деректерді пайдалана және есептелген нәтижелерді көрсетілген операцияларды жасаудың ағымдағы (нақты) нәтижелерімен салыстыра отырып тәуекелдерді өлшеу рәсімдерінің тиімділігін тексеру әдістері;

4) валюталық тәуекел - орталық депозитарий қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының жағымсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі;

5) клирингтік операциялар - есептерді жинау, салыстырып тексеру, сұрыптау және растау, сондай-ақ өзара есепке алуды жүргізу мен клирингке қатысушылардың таза позицияларын анықтау бойынша операциялар;

6) коммуникациялық жүйе - орталық депозитарийдің органдары мен бөлімшелері арасында эмитенттердің, депоненттердің және орталық депозитарийдің, сондай-ақ орталық депозитарийдің өзге жүйелерінің ақпарат беру процестерін басқаруға арналған орталық депозитарийдің бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуі;

7) корпоративтік басқару - акционерлердің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі, басқарма арасындағы өзара қарым-қатынастар кешенін білдіретін, орталық депозитарийдің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған және акционерлерге орталық депозитарийдің қызметіне тиімді бақылау мен мониторинг жасау мүмкіндігін беретін орталық депозитарийді стратегиялық және тактикалық басқару жүйесі;

8) кредиттік тәуекел - эмитенттің немесе контрагенттің шығарылған қаржы құралдары немесе жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерін келісілген талаптарға сәйкес орындамауы, сондай-ақ орталық депозитарийдің қызметі үшін ақшы клиенттердің төлемеуі немесе уақтылы төлемеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

9) құқықтық тәуекел - орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы, оның ішінде орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмеуі, орталық депозитарийдің қызмет практикасының оның ішкі құжаттарына сәйкес келмеуі, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қатысты - басқа мемлекеттердің заңнамасының талаптарын бұзу салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

10) меншікті активтерді инвестициялау саясаты - инвестициялау объектілерінің тізбесін, орталық депозитарийдің меншікті активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсатын, стратегияларын, талаптарын және шектеулерін, меншікті активтерді хеджирлеу және әртараптандыру талаптарын белгілейтін құжат;

11) нарықтық тәуекел - нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының нарықтық құнының тиімсіз өзгеруіне байланысты қаржылық шығындар туындау тәуекелі;

12) операциялық тәуекел - ішкі процестерді жүзеге асыру барысында қызметкерлер тарапынан, ақпараттық технологиялар мен жүйелердің жұмыс істеуі барысында жол берілген кемшіліктердің немесе қателіктердің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі, оған:

жауапкершілікті бөлуді, есеп берушілік және басқару құрылымын қоса алғанда, орталық депозитарийдің анық емес және тиімсіз ұйымдық құрылымына;

ақпараттық технологиялар саласындағы тиімсіз стратегияларға, саясатқа және (немесе) стандарттарға, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы кемшіліктерге;

толық емес немесе шындыққа сай келмейтін ақпаратқа не ақпаратты тиісінше пайдаланбауға;

қызметкерлерді тиімді басқармауға және (немесе) орталық депозитарийдің білікті емес штатына;

орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру процесінің құрылу тиімділігі жеткіліксіз не ішкі қағидаларды сақтауды бақылаудың нашар болуына;

орталық депозитарийдің қызметіне сыртқы ықпал етудің күтпеген немесе бақыланбайтын факторларына;

орталық депозитарийдің қызметін реттейтін ішкі құжаттарында кемшіліктердің немесе қателердің болуына;

орталық депозитарий басшылығының және қызметкерлерінің клиенттік базасының тарылуына, клиенттердің және (немесе) қарсы әріптестердің орталық депозитарийге деген сенімсіздігіне немесе теріс қабылдауына әкелген кәсіби емес іс-қимылдарына байланысты тәуекелдер кіреді;

13) орын алған және әлеуетті мүдделер қайшылығын басқару - орталық депозитарийдің лауазымды адамының немесе қызметкерінің мүдделері олардың шешімдер қабылдауының және міндеттерді атқаруының әділдігіне және тәуелсіздігіне әсер ететін, сондай-ақ олардың орталық депозитарий клиенттерінің және (немесе) акционерлерінің мүдделерінде іс-әрекет жасау міндеттемесіне қайшы келетін жағдайларға жол бермеу тетіктерін құру;

14) өтімділікті жоғалту тәуекелі - орталық депозитарийдің өз міндеттемелерін ықтимал орындамауына не уақтылы орындамауына байланысты тәуекел. Бағалы қағаздардың активтер ретінде өтімділігін жоғалту тәуекелі олардың төмен шығасыларымен және қолайлы бағалар бойынша тез сатылу мүмкіндігімен айқындалады;

15) стресс-тестинг - орталық депозитарийдің қаржылық жай-күйіне орталық депозитарийдің қызметіне әсер етуі мүмкін болатын ерекше, бірақ ықтимал оқиғалардың нақты әсер етуін өлшеу әдістері;

16) стресстік жағдайлар - орталық депозитарий жүйесінің жұмысындағы шамадан артық жұмыс істеу, іркілістер, қателердің және (немесе) өзге ақаулардың пайда болуына байланысты күтпеген жағдайлар;

17) тәуекелдерді басқару жүйесі - өзара байланысты элементтердің жиынтығы: акционер үшін қолайлы тәуекел деңгейі шеңберіндегі іске асырылған және әлеуетті тәуекелдерді басқару бойынша бірыңғай үдеріске біріккен және тәуекелдерді басқару жөніндегі мақсаттар мен міндеттерге жетуге бағытталған рәсімдер, әдістемелер, ақпараттық жүйелер. Орталық депозитарийдің іске асырылған және әлеуетті тәуекелдерін анықтау және басқару процесіне бекітілген құзырет және жауапкершілік шегінде директорлар кеңесі, басқарма, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері қатысады;

18) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

19) ішкі аудит қызметі - орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес құрылған бөлімшесі;

20) ішкі бақылау жүйесі - орталық депозитарийдің ұзақ мерзімді мақсаттарын іске асыруын және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын, орталық депозитарийдің ережелер жинағын, орталық депозитарийдің саясатын, ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтауға, шығындар тәуекелін немесе орталық депозитарийдің бедел тәуекелін төмендетуге ықпал ететін қаржылық және басқару есептілігінің сенімді жүйесін қолдауды қамтамасыз ететін ішкі бақылау саясатының процестерінің және рәсімдерін жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару жүйесінің бөлігі;

21) ішкі құжаттар - орталық депозитарий, оның органдары, бөлімшелері мен қызметкерлері қызметінің талаптары мен тәртібін реттейтін құжаттар;

22) «stop-loss» лимиттері - орталық депозитарийдің меншікті активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарымен операциялар бойынша залалдың шекті түрде жол берілетін деңгейі;

23) «take-profit» лимиттері - орталық депозитарийдің меншікті активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарымен операциялар бойынша кірістердің рұқсат етілген шекті деңгейі бойынша лимиттерді белгілеу саясаты.

4. Орталық депозитарий жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей уәкілетті органға Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау жөніндегі есепті ұсынады.

5. Орталық депозитарий тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тәуекелдерді басқару жөніндегі қызмет туралы ақпаратты ұсынады.

6. Орталық депозитарий тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тәуекелдер бойынша стресс-тестингті ұсынады.

7. Орталық депозитарий жүйелі түрде, бірақ жылына кемінде бір рет тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің қағидалардың ережелеріне сәйкес келуін дербес бағалайды.

2-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

8. Орталық депозитарийде тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру орталық депозитарий қызметінің корпоративтік басқару, ақпараттық жүйелердің және басқару ақпарат жүйесінің жұмыс істеуі, қызметтің лицензияланған түрі шеңберінде операциялар жүргізу, активтер мен міндеттемелерді басқару, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің, туынды қаржы құралдарымен ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер тізілімдерінің жүйесінің (бұдан әрі – есепке алу және тізілімдер жүйелері) және орталық депозитарийдің өзге ақпараттық және коммуникациялық жүйелерінің жұмыс істеуі жөніндегі талаптарға сәйкес келуі мақсатында жүзеге асырылады.

9. Тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру міндеттері:

1) тәуекелдерді және қауіптерді уақтылы анықтау;

2) тәуекелдер көрсеткіштерінің рұқсат етілетін ең жоғары мәндерін бағалаудың сапасын арттыру;

3) тәуекелдерді бақылаудың балама тетіктерін дамыту;

4) тәуекелдерді барынша азайту және басқару бойынша уақтылы шараларды қабылдауды қамтамасыз ету;

5) тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшені қоса алғанда, орталық депозитарийдің жекелеген құрылымдық бөлімшелерін тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бағалау процесіне тарту, сондай-ақ орталық депозитарий қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару саласындағы жауапкершілігін арттыру болып табылады.

10. Орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқару жүйесінде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Тәуекелді сәйкестендіруге, өлшеуге, бағалауға, бақылауға және мониторингіне қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылатын тәуекелді сәйкестендіру, өлшеу, бағалау, бақылау және мониторингі қамтылады.

11. Орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқару жүйесінде оның қызметінің мынадай бағыттарын қамтылады:

1) қаржылық құралдармен және ақшамен есеп айырысу процесін жүргізу мен басқару;

2) орталық депозитарийдің эмитенттері, депоненттері және клиенттері ұсынатын ақпаратты жинау, енгізу, сақтау және тарату;

3) номиналды ұстаушылар үшін номиналды ұстауды жүзеге асыру процесі қызметінің үздіксіз, үзіліссіз болуын, эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге қаржы құралдары бойынша құқықтарды есепке алуды, қаржы құралдарымен және (немесе) ақшамен есеп айырысуларды жүзеге асыру, сондай-ақ есепке алу және тізілімдер жүйелеріндегі мәліметтерді көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында есепке алу және тізілімдерді жүргізу жүйелеріне, өзге ақпараттық және коммуникациялық жүйелерге тұрақты мониторинг жүргізу;

4) орталық депозитарий өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді қоса алғанда, орталық депозитарийдің бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуінің жыл сайынғы аудиті;

5) орталық депозитарийдің қызметін есепке алу және тізілімдер жүйелерінің, ақпараттық, коммуникациялық жүйелердің жұмыс істеуі, номиналды ұстаушылар үшін номиналды ұстауды жүзеге асыру процесі, эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге қаржы құралдары бойынша құқықтарды есепке алу, қаржы құралдарымен есеп айырысулар, есепке алу және тізілімдер жүйелерінде қамтылған мәліметтерді көрсету, орталық депозитарийде жүргізілетін жекелеген операцияларды автоматандыру, сондай-ақ ақпаратты жинау, енгізу, есепке алу, сақтау және орталық депозитарий қызметінің өзге бағыттары бөлігіндегі қызметін одан әрі қарай дамытуға және жетілдіруге бағытталған жобаларды әзірлеу және іске асыру;

6) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарына қойылатын талаптарға сәйкес ішкі құжаттарды әзірлеу және бекіту;

7) Қағидаларға 6-қосымша сәйкес Орталық депозитарийдің меншікті активтерінің есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес орталық депозитарийдің меншікті активтерін қаржы құралдарына инвестициялау;

8) орталық депозитарийді басқарудың ұйымдық-функционалдық құрылымын құру және жетілдіру;

9) орталық депозитарийдің мүдделі органдарына шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты беру және орталық депозитарийдің органдары мен бөлімшелері арасында ақпарат алмасу;

10) орталық депозитарийдің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасындағы банктік заңнамасында және орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі саясатында белгіленген талаптардың сақталу мониторингі;

11) депоненттермен және олардың клиенттерімен жұмысты ұйымдастыру тәртібін анықтау, оның ішінде дауларды қарау және шешу бойынша рәсімдерді анықтау;

12) бағалы қағаздарды ұстаушылар және жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысушылары тізілімдерінің жүйесін, мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін, туынды қаржы құралдарымен ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау;

13) есепке алу және тізілімдер жүйелерін және өзге ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру процесінің үздіксіз, үзіліссіз болуын қамтамасыз ету мақсатында осы жүйелердің мониторингін жүргізу;

14) эмитенттермен және бағалы қағаздарды ұстаушылармен жұмысты ұйымдастыру тәртібін анықтауды, оның ішінде дауларды қарауды және шешуді, сондай-ақ эмитенттердің және бағалы қағаздарды ұстаушылардың өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда тиісті шаралар қолдану бойынша рәсімдерін анықтау.

12. Орталық депозитарийдің ұйымдық құрылымында орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқару жүйесін құру және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жекелеген тәуекелдерді басқару бөлімшесі қалыптастырылады.

Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің қызметкерлеріне орталық депозитарийдің басқа бөлімшелерінің функциялары мен міндеттері жүктелмейді.

13. Тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығын және тиімділігін бағалауды орталық депозитарийдің ішкі аудит қызметі ішкі аудиттің жылдық жоспарына сәйкес жүргізеді.

3-тарау. Ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібі

14. Орталық депозитарийде ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру орталық депозитарийдің қызметінің операциялық және қаржылық тиімділігін, қажылық және басқару ақпаратының сенімділігін, толық болуын және уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасындағы банктік заңнамасының және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

15. Орталық депозитарийдің ішкі бақылау жүйесі мынадай өзара байланысты элементтерден тұрады:

1) басқарушылық бақылау;

2) тәуекелді сәйкестендіру және бағалау;

3) бақылауды жүзеге асыру және өкілеттіктерді бөлу;

4) ақпарат және өзара іс-әрекет жасау;

5) мониторинг жүргізу және кемшіліктерді түзету.

16. Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі мынадай кезеңдердің үздіксіз кезекпен өту қағидаты бойынша жүреді:

1) орталық депозитарийдің ішкі регламенттеріне рәсімдерді қосу арқылы ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру (тиімділікті бағалау нәтижелерін ескере отырып);

2) орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру барысында ішкі құжаттардың талаптарына орындау;

3) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізу.

17. Ішкі бақылау жүйесі мынадай:

1) қызметтің жоспарлы көрсеткіштерімен қоса орталық депозитарий қызметінің операциялық (ағымдағы) нәтижелері туралы есептерді директорлар кеңесіне беру арқылы орталық депозитарийдің алға қойылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу процесін тоқсан сайын тексеру;

2) бөлімше қызметінің нәтижелері туралы стандартты нақты есептерді бөлімше басшыларының ай сайынғы негізде тексеруі;

3) коммерциялық және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге құпияға жататын ақпаратқа (бұдан әрі – конфиденциалды ақпарат) бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге қол жеткізуге шектеу қою үшін бақылау жасау мақсатында тексеру;

4) тәуекелдің белгіленген лимиттерінің сақталуын тексеру және анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

5) орталық депозитарий директорлар кеңесінің міндетті авторландыруды талап ететін операциялардың тізбес

(Жалғасы. Басы 21-бетте)

Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Тәуекелдерді басқару жөніндегі қызмет туралы ақпарат

_____

(орталық депозитарийдің атауы)

Есепті кезең: 20__жылғы «___»_____ «___»_____ аралығында

Нысанның индексі: RISK_TISR1
Кезеңділігі: тоқсан сайын
Ұсынады: орталық депозитарий
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейін айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

№	Тәуекел оқиғасының паттамасы	Тәуекел түрі (түрлері)	Тәуекел оқиғасының пайда болуы				Тәуекелдердің пайда болу себептерін сипаттау	Тәуекелдердің пайда болу нәтижесінде салдардың (залалдардың) нысаны мен мөлшері	Есепті кезеңде пайда болған тәуекелдерді төмендету мақсатында қабылданған шаралар туралы ақпарат	
			Еселігі	Жағдайлар саны					Шаралар	оларды іске асыру мерзімдері
				1 ай	2 ай	3 ай				
1	2	3	4	5			6	7	8	9
1.										
2.										
3.										

Ұйымның бірінші басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілеттілік берілген адам

_____ _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы)

Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы

_____ _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы)
Ішкі аудит қызметінің басшысы

_____ _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы)

Есепке қол қойылған күні 20 __ жылғы «____» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі қызмет туралы ақпарат нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Тәуекелдерді басқару қызметі туралы ақпарат

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Тәуекелдерді басқару қызметі туралы ақпарат» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды орталық депозитарий тоқсан сайын жасайды және есепті тоқсан үшін толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы қол немесе есепке қол қоюға уәкілеттілік берілген адам, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы, ішкі аудит қызметінің басшысы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда орталық депозитарийдің қызметінде есепті кезең ішінде пайда болған тәуекел оқиғалары сипатталады.

6. 3-бағанда оған Нысанның 2-бағанында көрсетілген тәуекел оқиғасына жататын тәуекел түрі (түрлері) көрсетіледі.

7. 4-бағанда Нысанның 2-бағанында көрсетілген тәуекел оқиғасының орталық депозитарий қызметінің басынан бастап кезең ішіндегі еселігі (бірінші, қайталану) көрсетіледі.

8. 5-бағанда Нысанның 2-бағанында көрсетілген кезең ішіндегі тәуекел оқиғасының пайда болу жағдайларының саны ай сайын көрсетіледі.

9. 6-бағанда орталық депозитарий қызметінде есепті кезең ішінде Нысанның 2-бағанында көрсетілген тәуекел оқиғасының пайда болу себептері көрсетіледі.

10. 7-бағанда Нысанның 2-бағанында көрсетілген тәуекел оқиғасының пайда болу нәтижесінде салдардың (залалдардың) нысаны мен мөлшері көрсетіледі.

11. 8-бағанда орталық депозитарий қызметінде есепті кезең ішінде пайда болған тәуекелдерді төмендету бойынша орталық депозитарий қабылдаған шаралар туралы ақпарат көрсетіледі.

12. 9-бағанда Нысанның 8-бағанында көрсетілген шараларды іске асыру мерзімдері туралы ақпарат көрсетіледі.

Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына 3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Тәуекелдер бойынша стресс-тестинг

Есепті кезең: 20__жылғы «___»_____ «___»_____ аралығында

Нысанның индексі: 1-STRESS-TEST
Кезеңділігі: тоқсан сайын
Ұсынады: орталық депозитарий
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейін айдың (5) бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

1-кесте

Баға тәуекелі бойынша стресс-тестинг

Қаржы құралдарының санаты	Қаржы құралының ағымдағы құны (теңгемен)	Қаржы құралының ағымдағы құнын төмендету сценарийі					Таңдалған сценарий бойынша зиян (теңгемен)
		0% - 5%	5% - 10%	10% - 20%	20% - 30%	30%-дан көп	
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиынтығы зиян							

Таңдалған сценарийдің қысқаша негіздемесі _____
_____

Ескертпе:

1-бағанда олар бойынша нарықтық бағасы бар экономиканың түрлері және секторлары бойынша топтастырылған қаржы құралдары көрсетіледі.

Ұйымның бірінші басшысы немесе қол қоюға уәкілеттілік берілген адам _____ _____
(қолы) (күні)

Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы _____ _____
(қолы) (күні)

2-кесте

Пайыздық тәуекел бойынша стресс-тестинг

Борыштық бағалы қағазбен өтеуге дейінгі мерзім	Қаржы құралының ағымдағы құны (теңгемен)	Купондық сыйақының пайыздық мөлшерлемесін төмендету сценарийі				Таңдалған сценарий бойынша залал (теңгемен)
		0%-2%	2% - 4%	4% - 6%	6%-дан көп	
1	2	3	4	5	6	7
6 айдан кем						
6-12 ай						
12-18 ай						
18-24 ай						
24 айдан көп						
Жиынтығы зиян						

Таңдалған сценарийдің қысқаша негіздемесі _____
_____

Орталық депозитарийдің бірінші басшысы немесе қол қоюға уәкілеттілік берілген адам _____ _____
(қолы) (күні)

Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы _____ _____
(қолы) (күні)

3-кесте

Валюталық тәуекел бойынша стресс-тестинг

Шетел валютасының атауы	Осы шетел валютасына номинирленген қаржы құралдарының ағымдағы құны (теңгемен)	Теңгенің шетел валютасына қатысты нығаю сценарийі						Таңдалған сценарий бойынша зиян (теңгемен)
		кемінде -20%	-20 %-(-10 %)	- 10 % -0 %	0 % - 10 %	10 %- 20 %	20%-дан көп	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Зиянның жиынтығы								

Таңдалған сценарийдің қысқаша негіздемесі
_____
_____

Орталық депозитарийдің бірінші басшысы немесе қол қоюға уәкілетті адам _____ _____
(қолы) (күні)

Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы _____ _____
(қолы) (күні)

4-кесте

Операциялық тәуекел бойынша стресс-тестинг

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесін, жеке шоттардың бірыңғай жүйесін және өзге ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді тестілеу кезіндегі стресстік жағдай	Жүйелер элементтерінің жұмыс істеуіне қойылатын өлшемдер			Тестілеу нәтижелері (оқиғалар мен салдар басталған жағдайда олардың басталу ықтималдылығын бағалау)
	өлшем	өлшем	өлшем	
1	2	3	4	5

Орталық депозитарийдің бірінші басшысы немесе қол қоюға уәкілетті адам _____ _____
(қолы) (күні)

Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы _____ _____
(қолы) (күні)

Ескертпе: Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Тәуекелдер бойынша стресс-тестинг нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Тәуекелдер бойынша стресс-тестинг

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Тәуекелдер бойынша стресс-тестинг» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанда орталық депозитарий есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тоқсан сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі теңгемен және пайызбен (үтірден кейін екінші белгіге дейін) белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам, сондай-ақ тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1, 2 және 3-кестелерде сценарийді таңдау кезінде әрбір бағанда көрсетілген аралықтарда бір көрсеткішті таңдау қажет.

7. Жүргізілген стресс-тестілеу қорытындылары бойынша таңдалған сценарийдің қысқаша негіздемесі беріледі.

Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына 4-қосымша

Тәуекелді сәйкестендіруге, өлшеуге, бағалауға, бақылауға және мониторингіне қойылатын талаптар

1. Орталық депозитарий өз қызметінде тәуекелдердің мынадай түрлерін сәйкестендіреді:
1) операциялық тәуекелдер;
2) құқықтық тәуекелдер;
3) бедел тәуекелдері;
4) нарықтық (баға, валюталық және пайыздық) тәуекелдер;
5) кредиттік тәуекелдер;
6) өтімділікті жоғалту тәуекелі;
7) орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес айқындалатын тәуекелдер.

2. Операциялық тәуекелдерге:
1) жауапкершілікті бөлуді, есеп беру мен басқарудың құрылымын қоса алғанда, орталық депозитарийдің айқындалмаған және тиімсіз ұйымдық құрылымына;
2) ақпараттық технологиялар саласындағы тиімсіз стратегияларға, саясатқа және (немесе) стандарттарға, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы кемшіліктерге;
3) орталық депозитарий қызметкерлерін тиімсіз басқаруға және (немесе) оның білікті емес штатына;
4) есепке алу мен тізілімдердің жүйелерін рұқсатсыз пайдалануға;
5) орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру процестерін тиімді құру жеткіліксіздігіне не ішкі ережелерді сақтауға нашар бақылау жасауға байланысты тәуекелдерді;
6) орталық депозитарийдің қызметіне күтілмеген немесе бақыланбаған сыртқы ықпал ету факторларының әсеріне;
7) орталық депозитарийдің қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарда кемшіліктер мен қателердің болуына;
8) эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдары бойынша құқықтарды есепке алу процесін, қаржы құралдарындағы мәмілелерді, есеп айрысуларды тіркеу, орталық депозитарийде жасалатын жекелеген операцияларды автоматтандыруды және есепке алу және тізілімдер жүйелерінде қамтылған мәліметтерді көрсету және көрсетілген жүйелерде операциялар жүргізу процесін бұзуға;
9) орталық депозитарий депоненттері және олардың клиенттері, бағалы қағаздардың эмитенттері және (немесе) ұстаушылары, қор биржасы ұсынатын конфиденциалды ақпаратты заңсыз пайдалануға;
10) орталық депозитарий органдары және олардың бөлімшелері арасында мүдделер қақтығысының туындауына;
11) ақпаратты жинауға, енгізуге, сақтауға және таратуға байланысты қателердің болуына;
12) есепке алу және тізілімдер жүйесін, сондай-ақ пайдаланылатын ақпараттық және коммуникациялық жүйелер мен технологияны қоса алғанда, орталық депозитарийдің бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету жұмысындағы қателер мен іркілістердің туындау ықтималдылығына;
13) орталық депозитарий қызметі процесінде, оның ішінде эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге қаржы құралдары бойынша құқықтарды есепке алу процесін ұйымдастыруды, қаржы құралдарындағы есеп айырысуларды, бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесіндегі мәліметтердің көрсетілуін қоса алғанда, жетілдірілмеген технологияларды пайдалану, жүйелік басқару функцияларын орындау салдарынан зиянның туындау ықтималдығына;
14) есепке алу мен тізілімдердің жүйелеріне деректерді енгізу мен өзгерту кезінде қателердің туындауына;
15) орталық депозитарий әлеуетті тәуекелдер ретінде сәйкестендіретін өзге жағдайларға байланысты тәуекелдер кіреді.

3. Операциялық тәуекелдерді өлшеу, бағалау, бақылау және мониторингтеу кезінде орталық депозитарий мынадай әдістерді қолданады:
1) тәуекелдің негізгі индикаторларын пайдалану;
2) тәуекелдердің матрицаларын қалыптастыру;
3) зиян бойынша ішкі деректерді жинау мен талдауды жүзеге асыру (зиян бойынша дерекқор жүргізу);
4) бизнес-процестердің сипаттамасы (регламентациялау);
5) аудиторлық тексерулердің нәтижелерін пайдалану.

Тәуекелдің негізгі индикаторлары – орталық депозитарийдің тәуекелге ұшырау дәрежесін сипаттайтын сандық көрсеткіштер және олардың негізінде орталық депозитарийдің тәуекелдің күрделі деңгейіне жақындау деңгейі анықталады және тәуекелді барынша азайту бойынша шаралар қабылданады.

Тәуекелдің негізгі индикаторлары кадрлардың тұрақтамашылығы, қате операциялардың жиілігі мен қауіптілігі, ақпараттық-технологиялық жүйелердің тұрақ қалуларының ұзақтығы және басқа индикаторлар болып табылады.

Тәуекелдер матрицасы – әлсіз жақтарын анықтау үшін орталық депозитарийдің түрлі бизнес-процестеріне және (немесе) құрылымдық бөлімшелеріне тән тәуекелдердің түрлері мен деңгейінің сипаты және тәуекелдерді басқару бойынша кейінгі іс-әрекеттердің басымдылығы бойынша ранжирлеу.

Зиян бойынша ішкі деректерді жинау мен талдауды жүзеге асыру (зиян бойынша дерекқор жүргізу) – операциялық зиян туралы ақпарат негізінде операциялық тәуекелге ұшырайтындығын және ішкі бақылаудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін процесс. Зиянның туындау жағдайларын талдау ірі зиянның себептері және ақпарат бақылау жүйесіндегі эпизодтық және жүйелік іркілістер туралы ұсыныс береді.

Бизнес-процестердің сипаттамасы (регламентациялау) – процесс, оның шеңберінде орталық депозитарийдің құрылымдық бөлімшелері бизнес-процестердің негізгі кезеңдерін, қызметтің түрлерін, ұйымдық функцияларды анықтайды. Бизнес-процестердің сипаттамасы (регламентациялау) жекелеген тәуекелдерді, тәуекелдердің арасындағы өзара қарым-қатынастарды, тәуекелдерді бақылау мен басқару кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Аудиторлық тексерулердің нәтижелері операциялық тәуекелдерді өлшеу, бағалау, бақылау және мониторингтеу кезінде қосымша ақпарат көзі ретінде пайдаланылады.

4. Құқықтық қамтамасыз ету бөлімшесі (заң бөлімшесі) тәуекелдерді басқару бөлімшесімен бірлесіп орталық депозитарийдің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орталық депозитарийдің бұзуы салдарынан туындайтын құқықтық тәуекелдерді бақылауды және мониторингін:
1) орталық депозитарий қызметінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына, орталық депозитарийдің ішкі қағидаларына және шарттық қатынастар талаптарына сәйкес келуіне бақылауды жүзеге асыру;
2) орталық депозитарий қызметкерлерін тұрақты негізде орталық депозитарийдің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасымен таныстыру;
3) орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген талаптарды орындамау тәуекелдерінің туындауын бағалауды жүргізу арқылы қамтамасыз етеді.

5. Жұртшылықпен байланыс бөлімшесі тәуекелдерді басқару бөлімшесімен бірлесіп:
1) мемлекеттік органдар өкілдерінің, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің, қаржы нарығын талдаушылардың орталық депозитарийдің қызметіне және (немесе) оның ағымдағы жай-күйіне қатысты қарама-қайшы және (немесе) теріс мәлімдемелері;
2) ресми емес дереккөздерден алынған ақпараттың рөлін күшейту, орталық депозитарий қызметкерлерінің, сол сияқты үшінші тұлғалардың шындыққа сәйкес келмейтін теріс ақпаратты таратуы;
3) орталық депозитарий туралы теріс ақпаратқа бұқаралық ақпарат құралдарының қызығушылығының өсуі;
4) орталық депозитарийдің беделіне теріс әсер ететін факторлар салдарынан туындайтын бедел тәуекелдерін бақылауды, мониторингін, сол сияқты барынша азайтуды қамтамасыз етеді.

6. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі мүдделі бөлімшелермен бірлесіп мерзімдік негізде, бірақ тоқсанына кемінде бір рет стрестік жағдайлардың іске асырылуы салдарынан операциялық, нарықтық (баға, валюталық және пайыздық), кредиттік тәуекелдердің және өтімділікті жоғалту тәуекелінің және ықтимал күтілетін шығындарды бағалау әлеуетті қауіпінің көздерін анықтау үшін стресс-тестинг жүргізеді.

Операциялық, нарықтық (баға, валюталық және пайыздық), кредиттік тәуекелдер және өтімділікті жоғалту тәуекелі бойынша стресс-тестинг сценарийлерін орталық депозитарийдің басқармасы бекітеді.

Стресс-тестинг сценарийлерін әзірлеген кезде пайдаланылатын жорамалдарды орталық депозитарий дербес, оның ішінде тарихи оқиғалар мен деректерді, жалпы экономикалық, нарықтық конъюнктураны, орталық депозитарийдің ағымдағы тәуекел бейінін және болашақ даму жоспарларын талдау негізінде анықтайды.

Стресс-тестинг мынадай әдістердің біреуін немесе бірнешеуін пайдалану арқылы жүргізіледі:
сценарийлік талдау;
сезімталдықты талдау;
орталық депозитарийдің ішкі құжаттарымен айқындалған әдістер.

Стресс-тестинг әдісін немесе әдістерін таңдауды тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуекел деңгейін, кіріспе деректердің және басқа өлшемшарттардың болуын ескере отырып жүзеге асырады.

Сценарийлік талдау ерекше, бірақ ықтимал оқиға басталған жағдайда, орталық депозитарийдің қызметіне бірқатар тәуекел факторларының әлеуетті бір уақытта әсер етуін бағалауға мүмкіндік береді.

Сезімталдықты талдау орталық депозитарийдің қаржылық жай-күйіне және қызметінің жекелеген бағыттарына тәуекелдің белгіленген факторы өзгерістерінің тікелей әсерін бағалайды.

Сценарийлік талдау әдісін пайдаланған кезде стресс-тестингтің уақыт шамасы сезімталдықты талдауды пайдалану кезінде кемінде бір жылды және бір жылға дейінгі мерзімді құрайды.

Стресс-тестингті жүзеге асырған кезде зиянның рұқсат етілген ең жоғары мөлшерін анықтау мақсатында орталық депозитарий қызметінің барлық бағыттарына стресс-сценарийлердің әсерін бағалау қамтамасыз етіледі.

Басқарма тұрақты негізде, жылына кемінде бір рет стресс-тестинг сценарийлерін, оның ішінде жалпы экономикалық және нарықтық конъюнктураның, орталық депозитарийдің тәуекел бейінінің өзгеруіне байланысты қайта қарауды жүзеге асырады.

7. Мыналар орталық депозитарийде тәуекелді бақылаудың және мониторинг жүргізудің мақсаты болып табылады:
1) сәйкес келтірілмеген тәуекелдер мен қауіпті уақтылы анықтау;
2) тәуекелдер көрсеткішінің рұқсат етілген ең жоғары мәндерін бағалау сапасын арттыру;
3) тәуекелдерді басқарудың баламалы тетіктерін дамыту;
4) тәуекелдерді барынша азайту және басқару бойынша уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету;
5) тәуекелдерді басқару бөлімшесін қоса алғанда, орталық депозитарийдің жеке бөлімшелерін тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесіне тарту, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласында орталық депозитарий қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру.

8. Тәуекелдер мынадай сипаттары:
1) тәуекелдер басталуының жиілігі;
2) тәуекелдер ықпалының ауқымы бойынша талданады.

9. Тәуекел талдау нәтижелері негізінде жол берілген ретінде айқындалған тәуекелдер көрсеткішінің мәніне қатысты қабылданатын және қабылданбайтын тәуекелдер ретінде реттеледі.

10. Тәуекелдерді бағалау мен бақылау нәтижелері орталық депозитарийдің жалпы (интегралды мәні), сол сияқты әрбір жеке қызмет түрі үшін тәуекел көрсеткішінің сандық мәнін айқындау үшін қолданылады.

11. Тәуекелдер көрсеткіштерінің сандық мәні тәуекелдер көрсеткіштерінің рұқсат етілген ең жоғары мәндерін, тәуекелдердің белгіленген рұқсат етілген көрсеткіштерге сәйкестігін, сондай-ақ белгіленген рұқсат етілген көрсеткіштерге сәйкес келмейтін тәуекелдерді барынша азайту және басқару үшін тиісті шешімдерді қабылдау қажеттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

12. Орталық депозитарий қызметінің әрбір жекелеген қызметіне тән тәуекелдер көрсеткіштерінің сандық мәнін қызметтің осы түрін жүзеге асыратын бөлімше тәуекелдерді басқару бөлімшесімен бірге есептейді.

13. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі директорлар кеңесі мен басқармаға есепке алу жүйесін және тізілімдерді жүргізу, басқа номиналды ұстаушылар үшін номиналды ұстау процестерінің, қаржы құралдарындағы есеп айырысулардың және осындай техникалық іркілістер мен өзге жағдайлар туындаған күні есепке алу жүйесіндегі және тізілімдердегі мәліметтерді көрсету процестерінің бұзылуына әкелген техникалық іркілістер мен жағдайлар туралы мәліметтер ұсынады.

14. Орталық депозитарийдің басқармасы осы қосымшаның 13-тармағында көрсетілген техникалық іркілістер мен жағдайлар туралы мәліметтерді осы жағдай басталған күннен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға беруді қамтамасыз етеді.

15. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тоқсан сайын орталық депозитарийдің директорлар кеңесі мен басқармасына Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуекелдерді басқару жөніндегі қызмет туралы ақпарат береді.

16. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуекелдер көрсеткіштерінің сандық мәндерін бағалау бойынша әзірлеген қорытынды негізінде орталық депозитарийдің басқармасы орталық депозитарийдің директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер көрсеткіштерінің рұқсат етілген ең жоғары мәндерін айқындайды.

17. Жаңа тәуекелдер туындаған жағдайда және (немесе) тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелді сәйкестендірген және (немесе) осы сәйкессіздікті анықтаған бөлімшенің тәуекелдер көрсеткіштерінің рұқсат етілген ең жоғары мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда, орталық депозитарийдің директорлар кеңесін және басқармасын хабардар етеді.

18. Тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде оларды барынша азайтуға бағытталған ықтимал шаралар айқындалады.

19. Тәуекелдерді барынша азайту тәуекелдердің мәні тәуекелдер көрсеткіштерінің рұқсат етілген мәндерінің шегіне жақындаған не шегінен асқан жағдайларда қажет болады. Тәуекелдерді барынша азайту мына іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады, бірақ олармен шектелмейді:
1) ішкі бақылау жүйесін енгізу, тәуекелдерге мұқият мониторинг жүргізуді және қадағалауды жүзеге асыру, тәуекелдерді басқару саласында қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
2) орталық депозитарийдің қызметі процесінде орталық депозитарийдің органдары қабылдайтын осындай немесе өзге шешімдерге тән тәуекелдер туындаған жағдайда, сәйкестендіру және зиянды барынша азайту мүмкіндігі бойынша рәсімдерді жетілдіру;
3) ішкі аудит қызметінің орталық депозитарийдің жұмыс істеуін және (немесе) оның бөлімшелерінің жұмысын жоспардан тыс тексерулерді жүргізуі;
4) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің және тізілімдерінің, өзге ақпараттық және коммуникациялық жүйелерінің аудитін 2 (екі) жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізу;
5) орталық депозитарий басшы қызметкерлерінің тарапынан тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған іс-шараларға бақылауды арттыру;
6) орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда қосымша арнайы (кепілдік және (немесе) резервтік) қорларды қалыптастыру.

20. Орталық депозитарийдің директорлар кеңесі тәуекелдер басталуының болған жағдайлары бойынша есептілікті беру тәртібін бекітеді, оның міндеті:
1) тәуекелдердің басталуы салдарынан болған келтірілген зиян және теріс оқиғалар туралы ақпараттық базаны қалыптастыру;
2) тәуекелдердің басталуы нәтижесінде келтірілген нақты зиян туралы ақпаратты талдау арқылы операциялық тәуекелдерді басқару және барынша азайту жөніндегі процестерді жетілдіру;
3) тәуекелдердің басталуы нәтижесінде туындаған зиянның құнын кезеңдік бағалауды жүргізу;
4) тәуекелдер басталуының елеулі жағдайларына уақтылы және тиісінше ден қоюды қамтамасыз ету;
5) деректерді жинау және енгізу, сондай-ақ ақпаратты қайталау және (немесе) жіберіп алу бойынша қателерді болдырмау жөніндегі рәсімдерді толық үйлестіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына 5-қосымша

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарына қойылатын талаптар

1. Орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқару жүйесі мына ішкі құжаттары болуын көздейді, бірақ олармен шектелмейді:
1) орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты;
2) орталық депозитарийдің меншікті активтерін инвестициялау тәртібі;
3) ішкі бақылау мен ішкі аудитті жүзеге асыру рәсімдері;
4) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимылға бағытталған рәсімдерді;
5) орталық депозитарийде орын алған және әлеуетті мүдде қайшылықтарын басқару рәсімі;
6) орталық депозитарийдің, оның қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың өздерінің мүдделері үшін конфиденциалды ақпаратты пайдалануын болдырмауға бағытталған, конфиденциалды ақпаратты құрайтын мәліметтерді сақтауды қамтамасыз ету рәсімдері;
7) қаржылық құралдарымен мәмілелер бойынша клирингті жүзеге асыру рәсімдері;
8) эмитенттер мен бағалы қағаздарды ұстаушылардың бағалы қағаздары шығару, орналастыру және айналысы жөніндегі қызметтерінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына олардың сәйкес келуі нысанына мониторинг жүргізу және бақылау рәсімі;
9) орталық депозитарийдің ақпараттық саясаты;
10) қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық;
11) ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық;
12) клиенттердің, эмитенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтарын уақтылы орындамауды және (немесе) орындамауды, сондай-ақ деректерді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді тізілім жүйесіне қате енгізуді болдырмауға бағытталған рәсімдер;
13) орталық депозитарийдің операциялық процестерін қолданыстағы бақылаудың тиімділігін оңтайландыру бойынша рәсімдер;
14) орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру процесінде ақпаратты жасау және жария ету рәсімдері;
15) резервтік техникалық орталыққа талаптар;
16) орталық депозитарийдің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін құрайтын архивтік құжаттарын сақтауға арналған үй-жайға қойылатын талаптар;
17) басқарушылық ақпарат жүйесінің жұмыс істеу тәртібі;
18) орталық депозитарийдің директорлар кеңесі белгілеген өзге құжаттар.

2. Орталық депозитарийдің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатында:
1) директорлар кеңесінің, басқарманың, тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің және басқа бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару саласындағы өкілеттері мен функционалдық міндеттері, сондай-ақ аталған бөлімшелер арасында ақпаратпен алмасу тәртібі;
2) орталық депозитарийдің қызметімен және оның есепке алу және тізілім жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдер көрсеткіштерінің сандық мәнін анықтау тәртібін қоса алғанда, тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалау бойынша рәсімдер, сондай-ақ ішкі құжаттарға сәйкес тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәндерін анықтау бойынша рәсімдер;
3) орталық депозитарий қызметінің және оның есепке алу және тізілім жүйелерінің жұмыс істеп тұруы процесінде туындайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар;
4) стрес-тестинг әдіснамасын қоса алғанда, кредиттік тәуекелге, операциялық тәуекелге, нарықтық тәуекелге және өтімділікті жоғалту тәуекеліне стрес-тестинг жүргізу тәртібі;
5) осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген рәсімдердің тиімділігі мониторингінің, тәуекелдер көрсеткіштерінің мәні мен тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды бағалаудың барабарлығы тетігі;
6) осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген рәсімдерге және осы тармақтың 3) тармақшасында белгіленген іс-шаралар сәйкес келмеген жағдайда қабылданатын іс-шаралардың тиімділігі мониторингінің тетігі;
7) сәйкестендірілген (анықталған) тәуекелдердің мониторингі, оларды бағалау және бақылау бойынша рәсімдер, оның ішінде:
тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше орталық депозитарийдің басқа бөлімшелерімен бірлесе отырып тәуекелдердің мониторингі мен сәйкестендірілуі бойынша қабылдайтын іс-шаралары;
тәуекелдер туындау жиілігін бағалауды, осы тәуекелдер әкелген ықпалды бұдан кейін бөлуді және тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәнін белгілеуді қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше жүзеге асыратын тәуекелдерді бағалау;
тәуекелдер көрсеткіштерінің мәні мен тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәні өзгеруіне мониторингті қамтитын, тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше жүргізетін тәуекелдер, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәні тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәніне сәйкес келмеген жағдайда, тәуекелдерді барынша төмендету мақсатында қолданылатын шаралардың мониторингі;
тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің зиян әкелуіне және (немесе) орталық депозитарийдің бедел және құқықтық тәуекеліне әсер етуіне ықпал ететін кез келген маңызды жағдайлар туралы есептілікті директорлар кеңесіне дереу беру тетігі айқындалады.

3. Орталық депозитарийдің меншікті активтерін инвестициялау тәртібінде меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі, меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде қолданылатын құжаттардың үлгі нысандары белгіленеді және мыналар:
1) орталық депозитарийдің меншікті активтерін инвестициялау саясатын әзірлеу;
2) орталық депозитарийдің меншікті активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін мыналарды көздейтін ұсынымдар дайындау:
ұсынымдар беруге уәкілетті тұлғалар лауазымдарының тізбесін;
инвестициялық портфельдің жай-күйін талдау тәртібін;
инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдары болуын, айналымы мен кірістілігінің талаптарын талдау тәртібін;
инвестициялау жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдерді талдау тәртібін;
ұсынымдарды беруге елеулі факторларды талдау тәртібін;
3) инвестициялаудың мына лимиттерін айқындау:
қаржы құралдарының түрлері бойынша;
қызметінің негізгі түрі экономиканың белгілі секторымен байланысты эмитентің қаржы құралдарына инвестициялау лимиттері;
қаржы құралдары үшін «stop-loss» лимиттері;
қаржы құралдары үшін «take-profit» лимиттері;
4) инвестициялық комитет жұмысының сипаттамасын, отырыстар өткізу мен нәтижелерін рәсімдеу кезеңділігін қамтитын орталық депозитарийдің меншікті активтеріне қат

(Соңы. Басы 21-22-беттерде)

3) клиринг операцияларын жүзеге асыру процесінде қателіктер туындаған кезде депоненттер мен орталық депозитарий арасындағы мәселелерді шешу тәртібі.

13. Эмитенттердің және бағалы қағаздарды ұстаушылардың бағалы қағаздарды шығару, орналастыру және айналысқа шығару бойынша тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келу мәніне мониторинг пен бақылау рәсімдері мыналарды айқындайды:

1) эмитенттерге уәкілетті органға эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың қорытындылары туралы есептерді ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жіберу тәртібі мен талаптары;

2) эмитенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың ұсынатын бұйрықтарын Бағалы қағаздардың нарығы туралы заңның 80-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті органның бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларда оларды орындаудан бас тарту үшін негіздемелердің болуына тексеру жүргізу тәртібі;

3) бағалы қағаздардың қайталама нарығында айналыста тұрған бағалы қағаздардың саны уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздардың санына сәйкес келуін бақылауды жүзеге асыру тәртібі.

14. Орталық депозитарийдің ақпараттық саясаты мыналарды айқындайды:

1) орталық депозитарийдің қор биржасымен, эмитенттермен, бағалы қағаздарды ұстаушылармен, депоненттермен, депоненттердің клиенттерімен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен ақпараттық өзара қарым-қатынас жасау тәртібі;

2) орталық депозитарийдің беделіне әсер етуі ықтимал ақпаратқа тұрақты мониторинг бойынша талаптар;

3) орталық депозитарийдің беделіне зиян әкелетін ақпарат пайда болған және таратылған жағдайда қажетті шараларды уақтылы қабылдау бойынша талаптар.

15. Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықта айқындалады:

1) өрт қауіпсіздігі бойынша негізгі талаптар;

2) форс-мажорлық және (немесе) күтпеген жағдайлар туындаса орталық депозитарий қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің сипаты бар, төтенше және (немесе) күтпеген жағдайлар туындау жағдайындағы іс-әрекеттер жоспары;

3) орталық депозитарий қызметкерлерінің бағдарламалық-техникалық кешендерін және өзге жабдықты пайдалану тәртібі;

4) орталық депозитарийдің үй-жайлары жабылу алдында қараудың жүйелілігі.

16. Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықта айқындалады:

1) ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптар;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдастыру шаралары;

3) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бағдарламалық-техникалық шаралары;

4) ақпарат жинақтауға бөлінген ресурстарға (дискі кеңістігі, директория, желілік ресурстар, деректер базасы және басқалары) рұқсат алу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінен ақпаратты алу тәртібі және көлемі, ақпаратты сақтау, мұрағаттау не басқаша өңдеу;

5) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесін құрайтын, оның ішінде резервтік техникалық орталықта тұрған электрондық деректердің сақталуына бағытталған шаралар;

6) жазбаны оқитын құрылғыларға және компакт дискілерге құрылғыны ажырату немесе алып қою арқылы қол жеткізуге тыйым салу;

7) орталық депозитарийдің ақпараттық жүйелеріне қызметкерлердің рұқсат алу деңгейлерін анықтау тәртібі;

8) серверлік бөлмелерге осы бөлмелерге рұқсаты бар орталық депозитарийдің түрлі қызметкерлердегі екі кілтті пайдалану арқылы рұқсат алу тәртібі.

17. Клиенттердің, эмитенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтарының уақтылы орындалмауының және (немесе) орындалмауының, сондай-ақ орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне деректер қате енгізілуінің алдын алуына бағытталған рәсімдер мыналарды айқындайды:

1) орталық депозитарий депоненттерінің, эмитенттерінің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтарының уақтылы орындалмауын және (немесе) орындалмауын болдырмауға бағытталған шаралар;

2) есепке алу және тізілімдер жүйелеріне деректер, оның ішінде түрлі қызметкерлердің бір бұйрықтың деректерін екі рет енгізу арқылы қате енгізудің алдын алу жөніндегі шаралар;

3) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі мәліметтердің өзгеруі бойынша өкілеттіктерге ие пайдаланушылар үшін орталық депозитарийдің ақпараттық жүйелерін пайдаланушыларға құқықтар беру тәртібі;

4) бұйрықтарды және оларды орындауды, сондай-ақ клиенттердің, эмитенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың шағымдарын және оларды қанағаттандыру бойынша шараларды есепке алу электрондық журналының нысаны;

5) бастапқы құжаттармен өңделген бұйрықтарды салыстырып тексеруді жүзеге асыру тәртібі;

6) операцияларды жасауға берілген бұйрықтың мәртебесі туралы клиенттерді, эмитенттерді және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушыларды хабардар ету тәртібі.

18. Орталық депозитарийдің операциялық процестерін қолданыстағы бақылаудың тиімділігін оңтайландыру бойынша рәсімдер мыналарды айқындайды:

1) бастапқы құжаттар негізінде іс-әрекеттерді жүзеге асыруға байланысты тәуекелдер:

уәкілетті емес тұлғаның бастапқы құжаттарды ұсынуы;

бастапқы құжаттардың ұрлануы, айырбасталуы немесе жоғалуы;

қолданыста жоқ бұйрықты ақпараттық жүйеге, есепке алу және тізілімдер жүйелеріне енгізу;

бір бұйрықтың деректерін түрлі қызметкерлердің ақпараттық жүйеге, есепке алу және тізілімдер жүйелеріне екі рет енгізуі;

бұйрық деректерінің ақпараттық жүйеге, есепке алу және тізілімдер жүйелеріне дұрыс енгізілмеуі;

бұйрықты ақпараттық жүйеге, есепке алу және тізілімдер жүйелеріне енгізуді орындамау;

бұйрықты ақпараттық жүйеге, есепке алу және тізілімдер жүйелеріне уақтылы енгізбеу;

бұйрықтың ақпараттық жүйедегі, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі дұрыс емес мәртебесін таңдау;

бұйрықтың ақпараттық жүйедегі, есепке алу және тізілімдер жүйелеріндегі мәртебесіне өзгеріс енгізбеу;

бұйрықтың ақпараттық жүйеде, есепке алу және тізілімдер жүйелеріндегі өзгертуге жатпайтын мәртебесін өзгерту;

ақпараттық жүйедегі, есепке алу және тізілімдер жүйелеріндегі өзгертуге жатпайтын анықтамалықтар деректерін өзгерту;

ақпараттық жүйеде, есепке алу және тізілімдер жүйелеріндегі анықтамалықтар деректерінің дұрыс өзгертілмеуі;

ақпараттық жүйедегі, есепке алу және тізілімдер жүйелеріндегі анықтамалықтар деректеріне өзгерістер енгізбеу;

тиісті құжатсыз ақпараттық жүйеде, есепке алу және тізілімдер жүйелерінде анықтамалықтар деректерін өзгерту;

ақпараттық жүйеде, есепке алу және тізілімдер жүйелерінде анықтамалықтар деректерін уақтылы өзгертпеу;

2) бастапқы құжаттар негізінде есептік және өзге құжаттарды беруге байланысты тәуекелдер:

есептік құжатты қалыптастыруды орындамау;

есептік құжатты уақтылы қалыптастырмау;

есептік құжаттағы дұрыс емес деректер;

бұйрықтың қате мәртебесін көрсете отырып орындау туралы есепті қалыптастыру;

есептік құжатты уәкілетті емес тұлғаға беру;

есептік құжаттарды ұрлау, айырбастау және жоғалту;

3) ақпараттық жүйелерді пайдалануға байланысты тәуекелдер:

операциялық күнді ашу (жабу) рәсімдерін орындамау;

қор биржасының терминалын қосуды орындамау;

кіріс файлының дұрыс емес форматы;

кіріс файлының дұрыс емес мазмұны;

түрлі қызметкерлердің дерекқорда жазбаны қалыптастыру үшін деректерді екі рет енгізуі;

дерекқорда жазбаны қалыптастыруды орындамау;

дерекқорда жазбаны дұрыс емес қалыптастыру;

ақпараттық жүйеде жөнелтушіден келген құжаттардың қайталануы (операциялық күн ішінде);

есептеулерді кейінге қалдыру күнімен бұйрықты кезекке қою;

ақпараттық жүйеде транзакцияларды жүргізу кезіндегі қателер;

бұйрықты қарсы бұйрықсыз орындау (екі қарсы бұйрықтар негізінде тіркелетін мәмілелер бойынша);

айналыста болмаған бағалы қағаздар бойынша бұйрықты орындау;

регламентке кірмейтін уақытта бұйрықты орындау;

регламентке кірмейтін уақытта бұйрықты қабылдау;

ашылмаған операциялық күн кезінде бұйрықты орындау;

бағалы қағаздармен операцияларды тоқтата тұру кезінде бұйрықты орындау;

рұқсат етілмеген операциялар бойынша бұйрықты орындау;

4) ақпараттық жүйелерді пайдалануға байланысты тәуекелдер:

компьютерлік вирустардың енуі;

лицензиялық емес бағдарламаларды пайдалану;

ақпараттық жүйелерге авторизацияланбаған рұқсат;

серверлік жабдыққа техникалық қызмет көрсету кезіндегі қателер;

электрлік қоректендіру жүйесіндегі іркілістер;

серверлерді кондиционирлеу жүйелерінің іркілістері;

серверлік жабдықтың техникалық іркілісі;

желілік жабдықтың техникалық іркілісі;

деректерді тасымалдағыштарды (қатты дискілерді және өзге тасымалдаушыларды) ұрлау, әдейі бүлдіру;

деректерді тасымалдағыштарға (қатты дискілердегі және өзге тасымалдаушылар) авторизацияланбаған рұқсат;

табиғи сипаттағы төтенше жағдай;

серверлік бөлмедегі өрт;

серверлік бөлмені судың басып қалуы;

ақпараттық жүйедегі бағдарламалық іркіліс;

тапсырыс берушінің бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу бойынша қалыпқа келтірілген талаптарының болмауы;

бағдарламалық қамтамасыз етудің кодын белгілеушілер үшін техникалық тапсырманы дұрыс жасамау;

бағдарламалық қамтамасыз ету кодын жасау кезіндегі қателер;

әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу кезіндегі қателер.

19. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру барысында жасау және ақпаратты жариялау рәсімі мыналарды:

1) бағалы қағаздарды ұстаушыларға эмитент акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеуі туралы, сондай-ақ эмитенттің бағалы қағаздарының шығарылымы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда жасау және жариялау тәртібін;

2) депоненттердің, депоненттер клиенттерінің, эмитенттердің және өзге де жеке және заңды тұлғалардың сұратулары негізінде оларға есепке алу және тізілімдер жүйесін құрайтын ақпаратты ұсыну рәсімін;

3) Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес орталық депозитарийді есепке алу жүйесін және жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының тізілімдері жүйесін құрайтын мәліметтерді алу құқығына ие мемлекеттік органдарға ақпарат ұсыну рәсімін айқындайды.

20. Орталық депозитарийдің резервтік техникалық орталығы бар және жедел іске қосу үшін оның тұрақты дайындығын қамтамасыз етеді. Резервтік техникалық орталық мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) есепке алу және тізілімдер жүйесін құрайтын, есепке алудың және тізілімдердің негізгі жүйелеріне ұқсас электрондық деректердің көшірмесі бар;

2) орталық депозитарийдің негізгі жүйелерінің орналасқан орны бойынша тұрған резервтік жүйелерге ұқсас резервтік жүйелердің өзекті көшірмесі бар;

3) олардың жұмысындағы іркілістер негізгі қызметтің тоқтауына және клиенттерге қызмет көрсетудің мүмкін болмауына әкеп соғатын барлық дереккөздер мен ақпараттық жүйелердің өзекті көшірмелері бар;

4) техникалық резервтік орталықтың қауіпсіздігі мен үзіліссіз жұмысына әсер ететін техногендік және табиғи сипаттарды ескере отырып орталық депозитарийдің негізгі жүйелерінің орналасқан жерінен қауіпсіз арақашықтықта орналасқан;

5) орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті барлық коммуникациялармен қамтамасыз етіледі;

6) орталық депозитарийдің есепке алу және тізілімдер жүйесінің орналасқан орны бойынша штаттан тыс жағдай туындаған кезде келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

21. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін құрайтын орталық депозитарийдің архив құжаттарын сақтау үшін пайдаланылатын үй-жайлар мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) архив құжаттарын сақтауға бейімделген жеке үй-жай;

2) құжаттарды сақтауға арналған архив сақтау орнында құжаттарды сақтаудың талаптары мен параметрлерін: сақтаудың температуралық-ылғалдылық, жарық, санитарлық-гигиеналық, күзет режимдерінің жасалуы және сақталуы қамтамасыз етіледі;

3) архив қызметкерлерінің жұмыс бөлмелері, сондай-ақ орталық депозитарий және (немесе) орталық депозитарийдің архив құжаттарын сақтау қызметін көрсететін ұйым қызметкерлерінің үй-жайлары архив сақтау орнынан оқшауланған;

4) архив сақтау орны химиялық заттарды, тағам өнімдерін сақтауға және қолдануға байланысты зертханалық, өндірістік және қойма үй-жайларынан алшақ орналасады және олармен ортақ желдеткіш арналары болмайды;

5) архив сақтау орны өрт шығу қауіпсіздігімен қамтамасыз етіледі, өрт сөндіру дабылымен жабдықталады және су баспауына кепілдік беріледі. Жалпы және әр қабаттағы ажыратқыштар архив сақтау орнынан тыс орналастырылады. Архив сақтау орнында газ, су жүргізетін, канализациялық және өзге де магистралды құбырлар орналастырылмайды;

6) архив сақтау орны күзет дабылымен жабдықталады;

7) архив сақтау орны стационарлық немесе жылжымалы металл стеллаждармен жабдықталады.

22. Басқару ақпарат жүйесінің жұмыс істеу тәртібі директорлар кеңесінің міндеттерін тиімді орындау мақсатында орталық депозитарий қызметінің барлық бағыттары бойынша толық, дәйекті және уақтылы ақпаратты директорлар кеңесіне тұрақты негізде беруін қамтамасыз етеді.

Басқару ақпарат жүйесінің жұмыс істеу тәртібі ақпаратты уақытылы және толық көлемде дайындауға және орталық депозитарийдің директорлар кеңесіне беруге жауапты орталық депозитарийдің тұлғаларын, құрылымдық бөлімшелерін, органдарын көрсете отырып, орталық депозитарийдің директорлар кеңесіне орталық депозитарийдің қызметі туралы басқару ақпаратын қалыптастыру критерийінен, құрамынан, жиілігінен және беру нысанынан тұрады.

Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына 6-қосымша

Орталық депозитарийдің меншікті активтерінің есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

1. Орталық депозитарийдің меншікті активтерін тиімді инвестициялауды қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару бөлімшесі кемінде бір тоқсанда 1 (бір) рет мыналарды жүргізеді:

1) эмитенттің қаржылық ахуалын талдауды қоса алғанда, эмитенттерді және олар шығарған (берген) қаржы құралдарына, оның активтері құнының одан әрі өсу әлеуетіне, қабылданған міндеттемелер бойынша жауап беру қабілетіне, осы эмитенттің қаржы құралдарына инвестициялауға және осы тәуекелдердің орталық депозитарийдің қаржылық жағдайына әсер етуіне байланысты тәуекелдерге талдау;

2) инвестициялау жүргізу болжанған қаржы құралдары айналымының және кірістілігінің талаптарын талдау;

3) портфельдің құрылымы, кірістіліктің өзгеру серпіні туралы мәліметтер, портфельдің құрылымын оңтайландыру жөніндегі шығынды позициялар мен ұсынымдарды талдау қамтылатын, меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар портфеліне талдау.

2. Осы қосымшаның 1-тармағында көрсетілген талдамалық зерттеулер негізінде аталған ұсынымдарды беруге негіздеме болған факторлардың толық тізбесі қамтылған ұсынымдар әзірленеді.

3. Ұсынымдар:

1) меншікті активтерді инвестициялау саясатын әзірлеу, сондай-ақ көрсетілген құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында;

2) инвестициялау лимиттерін анықтау мен қайта қарау барысында;

3) орталық депозитарийдің меншікті активтері есебінен мәмілелерді жасау туралы инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде беріледі.

4. Ұсынымда мынадай мәліметтер:

1) ұсынымның берілген күні және нөмірі;

2) орталық депозитарийдің ұсынымды дайындаған жауапты бөлімшесі немесе қызметкері туралы мәліметтер;

3) ұсыным беру үшін пайдаланылған ақпарат көздерінің тізбесі (сипаттамасы);

4) ұсыным беру үшін пайдаланылған ақпаратты талдау нәтижелері, мына ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей:

жасалатын мәміленің меншікті активтер бойынша кірістердің болжанатын өзгерісіне әсері туралы;

осы қаржы құралын сатып алумен байланысты тәуекелдер туралы;

5) инвестициялық шешімнің ұсынылатын нұсқалары;

6) қаржы құралының түрін, көлемін, бағалар диапазонын, осы құралдың кірістілік деңгейін және басқа сипаттамаларын (талаптарын) көрсететін сипаттамасы;

7) орталық депозитарийдің инвестициялау саясатына сәйкес мәміле жасауға ұсынылатын қорытындының мақсаты;

8) ұсыным берген тұлғалардың атқаратын лауазымдарын көрсете отырып, олардың қойған қолдары;

9) орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де ақпарат қамтылады.

5. Ұсынымдар оларды дайындауға негіздеме болған барлық құжаттармен бірге сақталады.

6. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі:

1) қаржы құралдарымен операциялар бойынша, оның ішінде қаржы құралдары нарығында («stop-loss» лимиттері) бағалардың күрт ауытқуымен байланысты шамадан тыс шығыстарды болдырмау жөніндегі шұғыл рәсімдерді, сондай-ақ қаржы құралдары бойынша тиісті кірістілік бағаларының шекті деңгейлерін белгілейді, ол деңгейлерге жеткеннен кейін қаржы құралының нарықтық құнының («take-profit» лимиттері) төмендеу ықтималдығы артады. Белсенді нарық орын алған қаржы құралдары үшін, сондай-ақ тізбесін инвестициялық комитет анықтайтын өзге де қаржы құралдары үшін «stop-loss» және «take-profit» лимиттері белгіленеді;

2) қаржы құралдары нарығының ауқымы мен серпініне және қаржы құралының өтімділігіне сәйкес лимиттерді қайта қарауға бастамашы болады;

3) меншікті активтер бойынша өтімділікті жоғалту тәуекелдеріне ұшырайтындығы туралы қорытынды дайындайды және осы қорытындыны директорлар кеңесіне береді;

4) меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру барысында алынатын ақпарат негізінде инвестициялық портфельдің кредиттік, пайыздық, валюталық және баға тәуекелдеріне ұшырағыштығы туралы қорытынды дайындайды және осы қорытындыны инвестициялық комитетке ұсынады;

5) тәуекелді бағалау моделі және ағымдағы бағаларды нарықтық бағаға келтіру негізінде қаржы құралдарының құнын бағалайды, оның ішінде Қағидаларға 3-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес нысан бойынша баға тәуекелі жөнінде стресс-тестинг жүзеге асырады;

6) бэк-тестинг жүргізеді, атап айтқанда орталық депозитарий жөніндегі тарихи деректерді пайдалана отырып және стресс-тестинг жүргізу нәтижесінде есептелген нәтижелерді қаржы құралдарымен операциялар жасасудың ағымдағы (нақты) нәтижелерімен салыстырып, тәуекелдерді өлшеу рәсімдерінің тиімділігін тексеруді жүзеге асырады;

7) стресс-тестингтің және бэк-тестингтің нәтижелерін директорлар кеңесіне және тәуекелдерді бағалау мен жүйелі түрдегі стресс-тестингтердің нәтижелерін қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде пайдаланатын инвестициялық комитетке береді.

7. Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің осы қосымшаның 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес дайындаған қорытындысында мыналармен шектелмей, төмендегі:

1) инвестициялық комитет белгілеген лимиттердің сақталуына жасалатын мәміленің әсері туралы;

2) осы қаржы құралын сатып алумен байланысты тәуекелдер туралы мәліметтер қамтылады.

8. Ұсынымдар мен қорытындылар негізінде директорлар кеңесі инвестициялаудың басым бағыттарын айқындайды, ал инвестициялық комитет инвестициялық шешімдерді қабылдайды, бір жылда кем дегенде 1 (бір) рет мынадай инвестициялау лимиттерін:

1) қаржы құралдарының түрлері бойынша инвестициялау лимиттерін;

2) негізгі қызмет түрі экономиканың белгілі бір секторымен байланысты эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялау лимиттерін;

3) қаржы құралдарына арналған «stop-loss» лимиттерін;

4) қаржы құралдарына арналған «take-profit» лимиттерін белгілейді және қайта қарайды.

9. Инвестициялық комитет отырысын өткізу қорытындысы бойынша міндетті түрде мыналарды:

1) отырыста қаралатын мәселелер тізбесін;

2) инвестициялық шешімді қабылдау үшін инвестициялық комитетке ұсынылған құжаттар тізбесін;

3) қаржы құралдарының атауын, сондай-ақ олармен мәмілелер жасау талаптарын көрсете отырып, осы отырыста қабылданған инвестициялық шешімдердің параметрлерін;

4) отырыста қаралатын әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындыларын;

5) инвестициялық комитет мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген және ерекше пікірі болған жағдайда, олардың негіздемелері мен күтілетін тиімділігі бар пікірлерін көрсете отырып, хаттама жасалады.

10. Хаттамаға инвестициялық комитеттің отырысқа қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды және ол инвестициялық комитет қабылдаған инвестициялық шешімдермен бірге сақталады.

11. Инвестициялық шешім қаржы құралдарымен жасалатын бір, сол сияқты бірнеше мәмілелерге қатысты қабылданады.

12. Инвестициялық комитет отырысының қорытындысы бойынша қабылданған қаржы құралдарымен мәміле жасау үшін инвестициялық шешімде:

1) инвестициялық шешімді қабылдау күні мен нөмірі;

2) инвестициялық шешім қабылдауға негіз болған ұсынымды беру күні және нөмірі;

3) жасалуы тиіс мәміле түрі;

4) мәміле жасалатын қаржы құралын сәйкестендіргіш;

5) жасалуы тиіс мәміленің көлемі, бағасы және сомасы (көлемінің, бағасының және сомасының ауқымы);

6) мәміле жасау мерзімдері;

7) мәміле жасау болжанып отырған нарықтың түріне сілтеме (алғашқы немесе қайталама, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған, халықаралық нарықтар);

8) мәміле жасау болжанатын делдалдың (брокердің) (мұндай бар болса) атауы;

9) инвестициялық комитет мүшелерінің біреуінде инвестициялық шешімді қабылдауға (қабылдамауға) қатысты ерекше пікірінің болуына нұсқау;

10) инвестициялық шешімді қабылдаған адамдардың атқаратын лауазымдарын көрсете отырып қойған қолдары қамтылады.

13. Хеджирлеу құралдарымен мәміле жасау үшін инвестициялық шешім осы қосымшаның 12-тармағының 1), 2), 3), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәліметтермен басқа мыналарды:

1) хеджирлеу құралының түрін, оны жасасу мерзімін, көлемін, құнын (сыйлықақысын) көрсете отырып, хеджирлеу операциясының жасалуы жоспарланатын нарықты және осы құралдың басқа сипаттамаларын (талаптарын) жан-жақты сипаттауды;

2) осы хеджирлеу құралын қолданудан күтілетін нәтижелерді;

3) хеджирлеу объектісі (базистік актив) тәуекелінің түрін (пайыздық, баға, валюталық және басқа да), сондай-ақ оны бағалау әдісін көрсете отырып бағалауды;

4) қажетті деректемелері (ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды), саны, құны, көлемі, валютасы) көрсетілген хеджирлеу объектісін;

5) осы операцияны жасау хеджирлеу объектісі бойынша ықтимал шығындардың (алынбаған кіріс) мөлшерін төмендетуге әкеп соғатынын растайтын есеп айырысуды қамтиды.

14. Инвестициялық комитет отырысының қорытындысы бойынша қабылданған инвестициялық шешім қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу үшін орындауға беріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 318 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы жөніндегі талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 276 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7993 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 27 желтоқсандағы 852-856 (27927) жарияланған) 1-қосымша.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 168 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9796 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 12 қарашада жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 15-тармағы.

3. «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы жөніндегі талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 276 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 55 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11749 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 6 тамызда жарияланған).

4. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 224 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12970 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 1 наурызда жарияланған) 1-тармағы.

5. «Орталық депозитарийде тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы бойынша талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 253 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12996 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 16 наурызда жарияланған).

6. «Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12957 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 30 наурызда жарияланған) қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 6-тармағы.

7. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 183 қаулысымен («Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 19 қыркүйекте жарияланған) бекітілген Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтері тізбесінің 23-тармағы.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 259 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14525 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 желтоқсанда жарияланған) бекітілген Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы.

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 14 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18180 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 28 желтоқсан №319 Алматы қаласы

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, сараптама комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы

«Бағалы қағаздар рынкы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, сараптама комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидалары, сондай-ақ оның сандық құрамы бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б.Құрмановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 319 қаулысымен бекітілген

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, сараптама комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидалары, сондай-ақ оның сандық құрамы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, сараптама комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидалары, сондай-ақ оның сандық құрамы (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рынкы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заң

(Соңы. Басы 23-бетте)

3-тарау. Сараптама комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы

15. Сараптама комитеті уәкілетті органның жанында кемінде жеті мүше: уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің бес өкілі және кемінде екі тәуелсіз сарапшы құрамында құрылады.

Тәуелсіз сарапшылар уәкілетті органмен келісілгеннен кейін Қазақстанның қаржы секторының мүдделерін шоғырландырып білдіретін заңды тұлғалар бірлестігінің ұсынысы негізінде сараптама комитетінің құрамына енгізіледі.

16. Сараптама комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Қаралып жатқан күдікті мәміленің тараптары қалауы бойынша аталған мәмілелерді орындау мән-жайларын түсіндіру мақсатында сараптама комитетінің мәжілісіне қатыса алады. Егер сараптама комитетінің отырысына қатыса алмаса, қаралып жатқан күдікті мәміленің тараптары сараптама комитетіне осы мәмілелердің мән-жайлары туралы жазбаша түсініктеме бере алады.

Сараптама комитетінің шешімі отырысқа уәкілетті органның өкілін қоса алғанда, оның мүшелерінің кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда, отырысқа қатысып отырған оның мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады және сараптама комитетінің қорытындысы түрінде ресімделеді.

17. Сараптама комитетінің қорытындысы оның күдікті мәмілелер бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп жорамалдауына қажетті және жеткілікті негіздердің болуына қатысты пікірінің көрінісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 319 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. «Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, қор биржасының сараптама комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 13 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13333 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар рыногы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 106 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13668 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 50 қаулысымен бекітілген Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15274 болып тіркелген, 2017 жылғы 12 шілдеде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

4. «Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 14-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген, 2017 жылғы 14 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 11 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18123 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 28 желтоқсан №320 Алматы қаласы

«Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листинг комиссиясының құрамына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 249 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листинг комиссиясының құрамына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 249 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12998 болып тіркелген, 2016 жылғы 1 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листинг комиссиясының құрамына қойылатын талаптарда:

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Листинг комиссиясының құрамына қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) өкілі кіреді.»;

21-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Қор биржасы болып табылатын сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына негізгі функциялары мыналар:»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің мониторингі мен талдауын жүзеге асыру;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) күмәнді мәмілелер туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу;»;

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қадағалау бөлімшесінің қызметкерлері «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және (немесе) қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін күмәнді мәмілелерді анықтаған кезде күмәнді мәміле туралы есеп дайындайды, онда мыналар қамтылады:»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) оның негізінде бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәміле күмәнді мәмілелер санына жатқызылған өлшемшарттың сипаттамасы;».

2. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жарияланууға тиіс.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 15 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18190 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 28 желтоқсан №322 Алматы қаласы

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығаруды мемлекеттік тіркеу, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті бекіту қағидаларын, Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу қағидаларын, сондай-ақ Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті сақтауға тиісті талаптарды бекіту туралы

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығаруды мемлекеттік тіркеу, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті бекіту қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу қағидаларын;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті сақтауға тиісті талаптар бекітілсін.

2. Осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер – эмитент эмитенттің атауы мен оның орналасқан жерінің өзгергенін растайтын құжаттарды алған күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;

2) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 9-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшасында көрсетілген мәліметтер – эмитенттің тиісті органдары шешім қабылдаған күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде оларды тіркеу үшін уәкілетті органға қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ұсынады.

9. Эмитент қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымы проспектісінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін құрылымдық бірліктерін көрсете отырып, еркін нысанда жасалған өтініш;

2) қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар;

3) *pdf форматында электрондық көшірме түрінде қазақ және орыс тілдерінде 1 (бір) данада өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісі;

4) қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге негіз болған эмитент шешімінің (хаттаманың) көшірмесі.

10. Эмитент қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығаруды мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсыну талаптары мен тәртібін бұзған және құжаттарды қарау барысында олардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында және Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкессіздігі анықталған жағдайда уәкілетті орган бас тарту себептерін көрсете отырып, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығаруды мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

3-тарау. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті бекіту тәртібі

11. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар эмитенті қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды толық орналастыруға дейін қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастырудың әрбір есепті кезеңінің қорытындылары бойынша қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есептерді қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастырудың есепті кезеңі аяқталған күннен кейін немесе оларды толық орналастырған күннен кейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде ұсынады.

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастырудың есепті кезеңі – қатарынан он екі күнтізбелік ай.

Эмитенттің қазақстандық депозитарийлік қолхаттарын орналастырудың алғашқы есепті кезеңінің басталу күні – қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығаруды мемлекеттік тіркеу күні.

Эмитенттің қазақстандық депозитарийлік қолхаттарын орналастырудың келесі есепті кезеңінің басталу күні – алдыңғы он екі айлық есепті кезең аяқталған күннен кейінгі күн.

Эмитенттің қазақстандық депозитарийлік қолхаттарын толық орналастыру күні – эмитенттің қазақстандық депозитарийлік қолхаттарын эмитенттің жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шотынан бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына есептен шығару бойынша соңғы операция күні, ол жүргізілгеннен кейін эмитенттің осы жеке шотында эмитенттің қазақстандық депозитарийлік қолхаттары қалмайды.

12. Егер есепті кезең ішінде қазақстандық депозитарийлік қолхаттар орналастырылмаған жағдайда, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша эмитенттің қазақстандық депозитарийлік қолхаттарын орналастыру қорытындылары туралы есеп уәкілетті органға ұсынылмайды.

13. Эмитент қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есепті уәкілетті органға өтеу мерзімі аяқталған соң бір ай ішінде ұсынылады.

14. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту үшін уәкілетті органға қағаз тасымалдағышта мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) осы қаулымен бекітілген Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есептің құрылымына сәйкес жасалған және ресімделген қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есеп;

3) орналастыру аяқталған күннен кейінгі күнге эмитенттің жеке шоты бойынша орналастырылған және орналастырылмаған қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың саны туралы орталық депозитарий берген анықтаманың көшірмесі.

15. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есепті бекіту үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) осы қаулымен бекітілген Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есептің құрылымына сәйкес жасалған және ресімделген қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есеп;

3) есепті күнге өтелген қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың саны туралы орталық депозитарий берген анықтаманың көшірмесі.

16. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау үшін уәкілетті органға ұсынған құжаттарды уәкілетті орган оны алған күннен кейін 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қарайды.

17. Берілген құжаттар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келсе, уәкілетті орган эмитентке қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есептің немесе қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есептің бір данасын жібереді.

18. Егер құжаттарды қарау барысында олардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеу фактілері анықталатын болса, уәкілетті орган қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есепті немесе қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартады.

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есепті немесе қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартылған жағдайда, эмитент бас тарту алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға пысықталған есепті қайталап ұсынады.

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығаруды мемлекеттік тіркеу, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті бекіту қағидаларына қосымша

Нысан

(Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бланкісінде басып шығарылады)

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

20__ жылғы «___» _____ Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
_____ тіркелген
(тіркеуші органның атауы және эмитенттің мемлекеттік тіркеу күні)
_____
(базалық актив эмитентінің атауы мен орналасқан жері),
_____ бағалы қағаздарға
(базалық актив эмитентінің бағалы қағаздарының түрін көрсету)
_____ тіркелген
(эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
_____
(эмитенттің толық атауы мен орналасқан жері)
қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алды.

Шығарылым _____ халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген _____
(санмен және жазумен)
қазақстандық депозитарийлік қолхаттарға бөлінген.

Бір қазақстандық депозитарийлік қолхатқа _____ дана
(санмен және жазумен)
_____
(базалық актив болып табылатын бағалы қағаздардың түрін көрсету, халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды).

Төрағаның орынбасары _____ _____
(қолы) (тегі, аты-жөні)

Мөр орны

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 322 қаулысына 2-қосымша

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу тәртібін белгілейді.

2-тарау. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жасау және ресімдеу тәртібі

3. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісі Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымы проспектісінің құрылымына сай жасалады және ресімделеді.

4. Қаржылық есептілікке сәйкес көрсетілетін эмитенттің қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты қоспағанда, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіндегі мәліметтер құжаттарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынған күннің алдындағы айдың соңғы жұмыс күніне келтіріледі.

5. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымы проспектісінің титул парағында:

1) құжаттың атауы: «Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісі»;

2) эмитенттің толық және қысқаша атауы;

3) базалық актив болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың түрін және санатын көрсету, заңды тұлғаның тіркелгенін растайтын құжатқа сәйкес базалық актив эмитентінің толық атауы;

4) «Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымын мемлекеттік тіркеу инвесторларға проспектіде жазылған қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың шынайылығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.» деген жазба болуы керек.

6. Эмитент уәкілетті органға ұсынатын қағаз тасымалдағыштағы қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне эмитенттің атқарушы органының басшысы не қол қоюға уәкілетті тұлға қол қояды (растаушы құжаттың көшірмесін ұсына отырып).

7. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісі нөмірленіп, тігіліп, тігілген парақ санын көрсете отырып тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген соңғы парақтың артқы жағында эмитенттің атқарушы органының басшысы не қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолымен расталған (растаушы құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қағаз тасымалдағышта (қазақ және орыс тілдерінде) ұсынылады.

8. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың титул парағында:

1) құжаттың атауы: «Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар»;

2) эмитенттің толық және қысқаша атауы;

3) «Эмитенттің лауазымды тұлғалары қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерде және (немесе) толықтыруларда берілген барлық ақпараттың шынайылығын және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.» деген жазба болуы керек.

9. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымы проспектісінің тиісті тармақтары жаңа редакцияда жазылады.

10. Эмитент уәкілетті органға ұсынатын қағаз тасымалдағыштағы қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға эмитенттің атқарушы органының басшысы не қол қоюға уәкілетті тұлға қол қояды (растаушы құжаттың көшірмесін ұсына отырып).

11. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар қазақ және орыс тілдерінде қағаз тасымалдағышта 2 (екі) данада жасалады. Өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріліп қазақ және орыс тілдерінде жасалған қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісі электрондық көшірме түрінде *pdf форматында ұсынылады;

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар нөмірленіп, тігіліп, тігілген парақ санын көрсете отырып тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген соңғы парақтың артқы жағында эмитенттің атқарушы органының басшысы не қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолымен расталған (растаушы құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қағаз тасымалдағышта қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

3-тарау. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу тәртібі

12. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есеп Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру қорытындылары туралы есептің құрылымына сай жасалады және ресімделеді.

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есеп Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есептің құрылымына сай жасалады және ресімделеді.

Эмитент уәкілетті органға ұсынатын қағаз тасымалдағыштағы қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру туралы есепке, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды өтеу қорытындылары туралы есепке эмитенттің атқарушы органының басшысы не қол қоюға уәкілетті тұлға қол қояды (растаушы құжаттың көшірмесін ұсына отырып).

13. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есеп қазақ және орыс тілдерінде қағаз тасымалдағышта 2 (екі) данада және қазақ және орыс тілдерінде *pdf форматында электрондық түрде 1 (бір) данада жасалады.

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есеп нөмірленіп, тігіліп, тігілген парақ санын көрсете отырып тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген соңғы парақтың артқы жағында эмитенттің атқарушы органының басшысы не қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолымен расталған (растаушы құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қағаз тасымалдағышта қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісін, қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу қағидаларына 1-қосымша

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымы проспектісінің құрылымы

1-тарау. Эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес қазақстандық депозитарийлік қолхаттар эмитенті туралы ақпарат:

1) эмитентті бастапқы мемлекеттік тіркеу күні;

2) эмитенті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні;

3) эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (болған жағдайда) тілдеріндегі толық және қысқаша атауы;

4) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олардың өзгерген күндері көрсетіледі;

5) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі;

6) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда олардың атаулары, заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес есептік тіркелген (қайта тіркелген) күндері, орналасқан жерлері мен пошта мекенжайлары көрсетіледі;

7) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

8) ISO 17442 халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды «Financial services – Legal Entity Identifier» (LEI) (бар болса).

2. Байланыс телефондарының, фактың нөмірлерін және электрондық поштасының мекенжайын, сондай-ақ егер эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің тұрғылықты мекенжайынан өзгеше болған жағдайда, нақты мекенжайын көрсете отырып заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің орналасқан жері.

2-тарау. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар туралы, оларды төлеу тәсілдері және олар бойынша кіріс алу әдісі туралы мәлімет

3. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар саны;

2) бір Қазақстандық депозитарийлік қолхатқа келетін бағалы қағаздар саны;

3) Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды төлеу тәсілі – бағалы қағаздармен (базалық активтер эмитентінің атауын, халықаралық сәйкестендіру нөмірін (ISIN коды) көрсету);

4) Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар бойынша дивидендтердің немесе сыйлықақылардың көлемін, есептеуін және төлемін айқындау тәртібі.

3-тарау. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру шарттары мен тәртібі

4. Қаз